NIC NBK

ҚАЗАҚСТАН
ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
ҰЛТТЫҚ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
КОРПОРАЦИЯСЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2025

БОЛАШАҚҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Мазмұны

Директорлар кеңесі Төрайымының сөзі 2
Басқарма Төрағасының сөзі 4
2025 жылдың негізгі көрсеткіштері 6
Баламалы құралдар портфелінің құрылымы 7

Корпорация туралы 8

Миссиясы, пайымы және құндылықтары 10
Инвестициялық модель 11
Даму тарихы және негізгі кезеңдері 12

Стратегиялық шолу 14

2030 жылға дейінгі даму стратегиясы 15
Іске асырудың негізгі бағыттары 15
Инвестициялық бағыт 16
Операциялық бағыт 18
Аналитикалық бағыт 19
2025 жылдың негізгі оқиғалары мен жетістіктері 20

Инвестициялық есеп және активтер құрылымы 22

Басқару қағидаттары және фидуциарлық жауапкершілік 23
Баламалы құралдар портфелін басқару 24
Өтімділікті басқару 26

Баламалы инвестицияларды басқарудағы халықаралық тәжірибе 28

Баламалы инвестициялар нарығына сараптамалық шолу 32

Жеке капитал 34
Жеке қарыз 35
Хедж-қорлар 36
Криптоактивтер 37
Жылжымайтын мүлік 38
Инфрақұрылым 40



Корпоративтік басқару 42

Корпоративтік басқару жүйесі 44
Жалғыз акционер 45
Директорлар кеңесі 45
2025 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы 46
Директорлар кеңесінің 2025 жылғы қызметі 50
Директорлар кеңесінің комитеттері 51
Атқарушы орган – Басқарма 53
Сыйақы саясаты 56
Корпоративтік хатшы 57
Комплаенс-бақылау 57
Іскерлік әдеп, мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат 58
Ішкі аудит 59

Операциялық тиімділік және тұрақты даму 60

Адам ресурстарын басқару 61
Тәуекелдерді басқару жүйесі 63
Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект 66
ESG қағидаттары және тұрақты даму 67

Қаржылық тұрақтылық 68

Қаржылық нәтижелерді талдау 69
Меншікті капитал және дивидендтер 71

Қосымшалар 72

Есеп туралы 73
Тәуелсіз аудитордың (PwC) аудиторлық қорытындысы 74
ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есептілік 82
Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп 100
Глоссарий 101
Байланыс ақпараты 103



ӘЛИЯ МОЛДАБЕКОВА

Директорлар кеңесінің Төрайымы

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

2025 жыл Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы үшін инвестициялық қызмет ауқымы кеңейіп, жаңа стратегиялық бағыттар қалыптасқан маңызды кезең болды. Есепті жылы жаһандық нарықтардағы өзгерістер мен мемлекеттік активтерді басқару тәсілдерінің эволюциясы Корпорацияның инвестициялық моделін одан әрі дамытуға және қызмет бағытын жүйелі түрде кеңейтуге негіз қалады.

Бүгінде әлемдік баламалы инвестициялар нарығының көлемі 33 трлн АҚШ долларынан асады. Соңғы онжылдықтардағы институционалдық инвесторлар портфельдерінің құрылымы баламалы инвестициялардың үлесі тұрақты түрде артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл үрдіс аталған активтердің портфельді тиімді әртараптандыруға мүмкіндік беруімен, ұзақ мерзімді кірістілік әлеуетінің жоғары болуымен және дәстүрлі қаржы құралдарымен салыстырғанда өзара тәуелділігінің төмендігімен түсіндіріледі.

Қазіргі нарықтық үрдістерді ескере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы баламалы активтер нарығындағы жетекші институционалдық инвестор ретінде өз орнын нығайтып келеді. Алғашқы кезеңде баламалы инвестицияларға алтын-валюта активтерінің бір бөлігі бағытталса, кейінгі жылдары бұл бағытқа Ұлттық қор активтері тартылды. Ал алдағы кезеңде зейнетақы активтерінің бір бөлігін орналастыру мәселесі қарастырылуда.

> Қазіргі нарықтық үрдістерді ескере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы баламалы активтер нарығындағы жетекші институционалдық инвестор ретінде өз орнын нығайтып келеді.

Халықаралық резервтер мен зейнетақы активтерін баламалы инвестицияларға орналастыру көлемінің ұлғаюы осы активтердің объективті артықшылықтарымен ғана емес, Корпорацияның қол жеткізген нәтижелерімен және жылдар бойы жинақталған сараптамалық тәжірибесімен де байланысты.

Өз қызметі барысында Корпорация жеке капитал, жылжымайтын мүлік, хедж-қорлар, инфрақұрылым және жеке қарыз нарықтарындағы жетекші халықаралық басқарушы компаниялармен берік серіктестік қатынастар қалыптастырды. Бұл ынтымақтастық жаңа инвестициялық мүмкіндіктерге қол жеткізуге және қызмет аясын перспективалы бағыттар бойынша кеңейтуге мүмкіндік беріп отыр. 2025 жылы Қазақстанның Ұлттық стратегиялық крипторезерві құрылып, оның инвестициялық басқаруы Корпорацияға жүктелді. Сонымен қатар инфрақұрылымдық қорларға инвестициялау бағдарламасы іске қосылды. Қазіргі уақытта халықаралық инвесторлар үшін Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ нарықтарына қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар Корпорация бірлескен инвестициялар бағытын белсенді түрде дамытып келеді. Бұл инвестициялық әлеуетті ұлғайтып қана қоймай, жасанды интеллектіні де қамтитын, қарқынды дамып келе жатқан технологиялық секторлардағы активтерді басқару бағытындағы кәсіби сараптаманы күшейтуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық мандаттың кеңеюі және портфель құрамына жаңа құралдардың енгізілуі инвестициялық процестерді тұрақты түрде жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты есепті жылы Директорлар кеңесі басқарушы компанияларды іріктеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған бірқатар шешімдер қабылдады.

Корпорация баламалы инвестициялар нарығының жаһандық қатысушыларымен белсенді қарым-қатынас жасай отырып, корпоративтік басқару жүйесін және іскерлік әдеп қағидаттарын дәйекті түрде жетілдіруді жалғастыруда. 2025 жылы осы бағытта корпоративтік басқару тиімділігін арттыруға арналған маңызды бастамалар жүзеге асырылды.

Қорытындылай келе, 2025 жылдың негізгі оқиғаларының бірі ретінде Директорлар кеңесінің Корпорацияның даму стратегиясын бекітуін атап өткен жөн. Құжат Корпорацияның ұзақ мерзімді даму басымдықтарын айқындап, қолданыстағы мандаттарды кеңейтуді, инфрақұрылымдық жобаларға инвестициялауды, Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасын іске асыруды және Ұлттық стратегиялық крипторезервті басқару тәсілдерін дамытуды көздейді. Крипторезервті басқарудың бастапқы кезеңінде қаражатты криптоактивтерге бағдарланған қаржы құралдары мен мамандандырылған хедж-қорларға орналастыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар Стратегия Корпорацияның институционалдық негіздерін одан әрі нығайтуға және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған негізгі міндеттерді бекітеді.

Стратегияда көзделген бастамаларды жүйелі түрде іске асыру Корпорацияның мемлекеттік активтердің ұзақ мерзімді кірістілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін институционалдық инвестициялық платформа ретінде одан әрі дамуына берік негіз қалайды.

Құрметпен,
Молдабекова Әлия Мейірбекқызы





СЕРІКЖАН РЫСБЕКОВ

Басқарма Төрағасы

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

2025 жылы Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы өз қызметінің 13 жылдық белесін еңсерді. Бұл – ұзақ мерзімді инвестор үшін де, өмір кезеңдеріне ерекше мән беретін ұлттық дүниетаным тұрғысынан да маңызды меже.

Осы жылдар ішінде жинақталған институционалдық тәжірибе өткен жолымызды объективті бағалауға мүмкіндік береді. Ал баламалы инвестициялар нарығының белсенді қатысушысы ретіндегі рөліміз қазіргі сын-қатерлерді жан-жақты саралап, жаңа мүмкіндіктерді уақтылы бағамдауды және ұзақ мерзімді даму бағдарларын айқындауды талап етеді. Осыған байланысты 2025 жылы Корпорацияның инвестициялық, операциялық және аналитикалық бағыттардағы дамуын айқындайтын жаңа Стратегия қабылданды.

Қызметінің әр кезеңінде Корпорация инвестициялық мандатын жүйелі түрде кеңейтіп келді. Алғашқыда алтын-валюта активтерінің бір бөлігін басқару сеніп тапсырылса, кейін бұл мандат Ұлттық қор активтерін басқарумен толықтырылды. Сонымен қатар жеке капиталдан бастап жеке қарыз және инфрақұрылым секторларына дейінгі балама инвестициялар есебінен портфель құрылымы едәуір әртараптандырылды. Бүгінде ұзақ мерзімді инвестициялау саласында жинақталған тәжірибені ескере отырып, зейнетақы активтерінің бір бөлігін Корпорацияның сенімгерлік басқаруына беру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Портфельді әртараптандыру және инвестициялық мандаттарды кеңейту жаһандық баламалы инвестициялар нарығындағы үрдістерді ескере отырып жүзеге асырылады. Қазіргі таңда жеке нарықтарда төмен пайыздық мөлшерлемелер кезеңінде жинақталған әрі толық өткізілмеген активтердің көлемі капитал тарту мүмкіндіктерін шектеп, мәмілелер белсенділігінің төмендеуіне әсер етуде. Соның салдарынан нарықтағы өтімділік тапшылығы күшейіп, табыстылыққа қысым артуда. Осындай жағдайда инвестициялық нәтижелер көбіне басқарушы компаниялардың кәсіби деңгейіне, активтердің операциялық тиімділігін арттыру қабілетіне және құбылмалы нарықтық ортада тұрақтылықты сақтай білуіне байланысты болады. Сондықтан Корпорация қорларға басымдық беретін дәстүрлі тәсілден басқарушылардың кәсіби құзыреті мен тәжірибесіне басымдық беретін модельге көшті. Біздің пайымдауымызша, бұл тәсіл нарықтағы құрылымдық өзгерістердің қазіргі сипатына анағұрлым сәйкес келеді.

Сонымен қатар бүгінгі қиындықтар жаңа мүмкіндіктердің де негізін қалыптастыруда. Жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы мен блокчейн шешімдерінің кеңінен таралуы қаржы нарығының келбетін біртіндеп өзгертуде. Егер жасанды интеллектке байланысты инвестициялық мүмкіндіктер нақты активтер мен жеке капитал сегменттерінде көрініс тапса, блокчейн

> "Бүгінде Корпорация жетекші халықаралық басқарушылармен кең ауқымды серіктестік желісін қалыптастырған Қазақстандағы санаулы институционалдық инвесторлардың бірі саналады. Мұндай ынтымақтастық халықаралық тәжірибе мен инвестициялық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы ұлттық экономиканың дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

> Біз Ұлттық қор активтері негізінде Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасын әзірлеуге бастамашылық жасадық. Әлемдік озық серіктестік тәжірибелеріне негізделген Бағдарлама халықаралық капитал тартуға, технологиялар трансферіне, сондай-ақ Қазақстанның, Орталық Азия мен Кавказ елдерінің экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған.

технологияларының әлеуеті Ұлттық стратегиялық крипторезерві арқылы іске асырылатын болады.

Ұлттық стратегиялық крипторезерв мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес алтын-валюта активтерінің есебінен құрылды. Алдағы уақытта оны Ұлттық қор қаражаты, мемлекет меншігіне қайтарылған цифрлық активтер және Қазақстан аумағында криптовалюта өндіруден түсетін салық түсімдері есебінен толықтыру көзделуде. Аталған қаражат көздерін Корпорацияның басқаруына шоғырландыру оларды кәсіби әрі орталықтандырылған негізде басқаруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде крипторезерв мемлекеттік активтер мен халықаралық резервтердің құрылымын әртараптандыруға ықпал етіп, ұлттық цифрлық экожүйенің дамуына қосымша серпін береді.

Бүгінде Корпорация жетекші халықаралық басқарушылармен кең ауқымды серіктестік желісін қалыптастырған Қазақстандағы санаулы институционалдық инвесторлардың бірі саналады. Мұндай ынтымақтастық халықаралық тәжірибе мен инвестициялық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы ұлттық экономиканың дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта біз Ұлттық қор активтері негізінде Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасын әзірлеуге бастамашылық жасадық. Әлемдік озық серіктестік тәжірибелеріне негізделген Бағдарлама халықаралық капитал тартуға, технологиялар трансферіне, сондай-ақ Қазақстанның, Орталық Азия мен Кавказ елдерінің экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған. Бағдарламаға жеке капитал, инфрақұрылым және жеке қарыз нарықтарының жетекші халықаралық басқарушылары қатысады. Бұл ретте біз Ұлттық қор активтерінің ұзақ мерзімді өсімін қамтамасыз етуге және тұрақты табыстылыққа қол жеткізуге бағытталған қаржылық инвестор ретіндегі негізгі ұстанымымызды сақтаймыз.

Жаңа бағдарламаларды іске асырумен қатар, қолданыстағы инвестициялық стратегияларды да жүйелі түрде дамытуды жалғастырып келеміз. Қазіргі таңда нарықтың бірқатар сегменттері тартымды инвестициялық мүмкіндіктер ұсынып отыр. Мәселен, пайыздық мөлшерлемелердің жоғары деңгейі жеке қарыз нарығының кірістілігін арттырып, оның инвестициялық тартымдылығын күшейтті. Ал орташа капитализациядағы компаниялармен байланысты жеке капитал нарығы сегментінің тартымдылығы инвестициялық мүмкіндіктер ауқымының кеңеюі мен нарықтағы өтімділіктің төмендеуі жағдайында мәмілелерден шығу әлеуетінің артуы есебінен өсті. Сондай-ақ жаңа технологиялардың қарқынды дамуы мен алдыңғы жылдардағы венчурлық капитал нарығындағы бағаның едәуір төмендеуі бұл сегментке деген қызығушылықты арттырды. Бұған қоса, жасанды интеллект технологияларының дамуы, баламалы энергетикаға көшу және көлік-логистикалық инфрақұрылымға сұраныстың өсуі инфрақұрылымдық инвестициялардың маңызын күшейтіп отыр. Осы үрдістерді ескере отырып, 2025 жылы Корпорация инфрақұрылымдық қорларға инвестициялау бағдарламасын бастады. Бұдан бөлек, халықаралық серіктестермен бірлескен инвестициялар бағытын белсенді түрде дамытудамыз. Бұл тәжірибе портфельдік компанияларды басқару саласындағы құзыреттерімізді нығайтып қана қоймай, инвестициялық шешімдердің сапасын одан әрі арттыруға мүмүкіндік береді.Корпорацияның барлық жетістіктері мен стратегиялық міндеттерінің табысты орындалуы, ең алдымен, командамыздың кәсібилігі мен еңбегінің нәтижесі. Сондықтан адами капиталды дамыту біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі болып қала береді. Алдағы кезеңде еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіруді, қызметкерлердің кәсіби өсуіне арналған жаңа мүмкіндіктер қалыптастыруды және халықаралық стратегиялық серіктестердің қатысуымен оқыту бағдарламаларын кеңейтуді жоспарлап отырмыз.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы алдағы уақытта да өз миссиясын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жаңа даму бағыттарын іздестіруді жалғастырып, алдына қойылған стратегиялық міндеттерді дәйекті түрде орындауға күш салады.

Құрметпен,
Рысбеков Серікжан Данасұлтанұлы



2025 жылдың негізгі көрсеткіштері

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ-ның 2025 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштері Корпорацияның қаржылық орнықтылығын, инвестициялық мандатының кеңеюін және баламалы инвестицияларды ұзақ мерзімді басқаруға қажетті ішкі құзыреттерінің нығаюын дәлелдейді.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР

64 млрд АҚШ доллары
ҚР Ұлттық қоры активтерінің көлемі

10%-ға дейін
Ұлттық қордың жинақтау портфеліндегі баламалы инвестициялар үлесі

65 млрд АҚШ доллары
Алтын-валюта активтерінің көлемі

15%-ға дейін
Ұлттық Банктің АВА-дағы баламалы инвестициялар үлесі

АДАМ КАПИТАЛЫ

51 қызметкер
Корпорацияның штат саны

Қызметкерлердің 35%-ы
CFA, FRM, CAIA және басқа да біліктіліктерді қоса алғанда, халықаралық кәсіби сертификаттары бар


ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Инвестициялық шешімдердің 100%-ы
Корпорацияның белгіленген тәсілдеріне сәйкес ESG-скринингтен өтті

Қызметкерлердің 100%-ы
медициналық сақтандырумен және әлеуметтік қолдау шараларымен қамтамасыз етілген

Баламалы құралдар портфелінің құрылымы

Портфельді әртараптандыру және инвестициялық мандаттарды кеңейту баламалы құралдар нарығындағы ағымдағы үрдістер ескеріле отырып жүзеге асырылады.



- Жеке капитал
- Хедж-қорлар
- Жылжымайтын мүлік
- Облигациялар
- Жеке қарыз

Гендерлік теңгерім



Әйелдер (45%) Ерлер (55%)

ESG және тұрақты даму

Инвестициялық шешімдердің

100%-ы

Корпорация белгілеген тәсілдерге сәйкес ESG-скринингтен өтті

NIC NBK


I

КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ

Миссиясы, пайымы және құндылықтары 10
Инвестициялық модель 11
Даму тарихы және негізгі кезеңдері 12

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ – еліміздің мемлекеттік активтерін тиімді басқару мақсатында 2012 жылы құрылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚР ҰБ) жүйесіндегі мамандандырылған институт. Корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін және өзге де активтерді қоса алғанда, баламалы инвестицияларды басқару саласындағы қызметті жүзеге асырады.

Корпорацияның жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Активтерді басқарудың институционалдық моделін дамыту барысында Корпорация өзінің инвестициялық мандатын жүйелі түрде кеңейтіп отырды. Бұл үдеріс алтын-валюта активтерінің бір бөлігін басқарудан басталып, Ұлттық қор активтерін басқаруға қатысуды және баламалы инвестициялар бөлігіндегі зейнетақы активтерінің бір бөлігін басқарудағы дайындықты қамтиды. Аталған өзгерістер Корпорацияның баламалы инвестициялар саласындағы жетекші институционалдық инвестор ретіндегі рөлін нығайтуда.



Миссиясы, пайымы және құндылықтары

МИССИЯСЫ

Басқаруындағы активтердің ұзақ мерзімді кірістілігін референстік портфель кірістілігінен жоғары, ал тәуекел деңгейі референс портфелімен тең немесе одан төмен деңгейде қамтамасыз ету.

Эталон ретінде 80%-ы жаһандық акциялар индексінен (MSCI ACWI Investable Market Index) және 20%-ы жаһандық облигациялар индексінен (Bloomberg Barclays Global Aggregate Bond Index) құралған портфель белгіленген. Кірістіліктің ең төменгі мақсатты деңгейі жылдық US CPI + 3% мөлшерінде айқындалған, ал басқару тиімділігі ұзақ мерзімде, яғни кемінде 15 жылдық кезеңмен бағаланады.

Баламалы құралдардың ерекшеліктерін ескере отырып, Корпорация қысқа мерзімді құбылмалылықты инвестициялық қызмет тиімділігін бағалаудың бірден-бір критерийі деп есептемейді. Нәтижелерді аралық бағалау 5 және 10 жылдық жылжымалы кезеңдер негізінде жүргізіледі, бұл баламалы активтердің инвестициялық циклын және іске асырылып жатқан стратегиялардың ұзақ мерзімді сипатын ескеруге мүмкіндік береді.

МАҚСАТЫ

Мемлекеттік активтерді тиімді басқаруды қамтамасыз ететін және корпоративтік басқарудың озық тәжірибелеріне сай келетін халықаралық деңгейдегі институт қалыптастыру.

НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІНЕ

Баламалы инвестициялар саласындағы инвестициялық стратегияны әзірлеу және оны іске асыру, халықаралық басқарушыларды іріктеу және олармен өзара тиімді қарым-қатынас орнату, инвестициялық сараптама жүргізу, сондай-ақ активтер кластары, стратегиялар мен өңірлер бойынша әртараптандырылған портфельді басқару кіреді.

ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ

Фидуциарлық жауапкершілікке, кәсібилікке, инвестициялаудағы тәртіпке, корпоративтік басқарудың ашықтығына және тәуекелдерге жауапкершілікпен қарауға негізделген. Корпорация инвестициялық қызмет барысында дәйекті тәуекелге бару, активтер кластары, стратегиялар, өңірлер мен тәуекел факторлары бойынша әртараптандыру, сондай-ақ инвестициялық мүмкіндіктерді іріктеу мен бақылаудың жүйелі қағидаттарын басшылыққа алады.

МЕМЛЕКЕТТІК КАПИТАЛ АРХИТЕКТУРАСЫ: МИССИЯСЫ ЖӘНЕ МАНДАТТАРЫ

Мақсатты кірістілік: референстік портфель кірістілігінен жоғары нәтиже және US CPI + 3% ең төменгі кірістілік деңгейі (бағалау кезеңі – 15 жыл)

АВА

ҚР ҰБ алтын-валюта активтері

Резервтердің баламалы бөлігін инвестициялау (2015 ж. іске қосылды)

ҚР ҰҚ

ҚР Ұлттық қоры

Жинақтау портфеліндегі баламалы құралдар портфелін басқару

БЖЗҚ

Зейнетақы активтері

Валюталық портфельдің 10%-ға дейінгі бөлігі баламалы құралдарға бағытталған (2025 ж. енгізілген өзгеріс)

Баламалы активтер саласында озық сараптамасы бар халықаралық деңгейдегі институционалдық инвестор

Инвестициялық модель

Корпорацияның инвестициялық моделі ұзақ мерзімді перспективаға, әртараптандыру қағидаттарына және активтерді басқарудағы фидуциарлық жауапкершілікке негізделген. Активтерді басқаруда қолданылатын тәсіл баламалы активтер кластарының елеулі үлесін және нарықтық көрсеткіштен жоғары ұзақ мерзімді кірістілікті көздейтін эндаумент-моделіне жақын.

Корпорация жеке капитал, хедж-қорлар, жылжымайтын мүлік, инфрақұрылымдық жобаларды, жеке қарыз құралдарын және өзге де баламалы инвестицияларды қамтитын әртараптандырылған инвестициялық портфель қалыптастыруды көздейді. Бұл портфель тәуекелдерді әртүрлі активтер кластары, инвестициялық стратегиялар, өңірлер мен басқарушылар арасында тиімді түрде бөлуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық процесте Core-Satellite тәсілі қолданылады. Негізгі портфель (core) әртүрлі стратегияларды ұстанатын жетекші халықаралық басқарушылардың қорларына инвестициялау арқылы қалыптастырылады. Қосымша портфель (satellite) инвестициялық мүмкіндіктер аясын кеңейтіп, портфельдің әртараптандырылуын күшейтуге бағытталған мамандандырылған қорларды, қайталама инвестициялар мен бірлескен инвестицияларды қамтиды.

Мұндай тәсіл Корпорацияға базалық портфельдің тұрақтылығын қосымша инвестициялық шешімдердің икемділігімен ұштастыруға, ішкі сараптамалық әлеуетті нығайтуға және баламалы активтерді басқару сапасын жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік береді.

Даму тарихы және негізгі кезеңдер

Өз қызметі барысында Корпорация баламалы инвестицияларды басқаруға маманданған ұйымнан мемлекеттік активтерді баламалы құралдарға инвестициялау жүйесінің негізгі институтына айналды.

I Институционалдық негізді қалыптастыру

2012 – 2014

2012
Корпорация Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 25 мамырдағы №180 қаулысымен құрылды

2013
Жеке капитал және хедж-қорлар бағдарламалары үшін стратегиялық серіктестерді айқындау

2014
IFSWF халықаралық кәсіби қоғамдастығына мүше болды

II Инвестициялық платформаны қалыптастыру

2015 – 2018

2015
Хедж-қорлар мен жеке капитал қорларын қамтитын алтын-валюта активтерінің алғашқы баламалы инвестициялар портфелі қалыптастырылды

2016
Жеке капитал және хедж-қорлар нарықтарында инвестициялау басталып, Корпорация қызметкерлерінің сараптамалық әлеуеті нығайтылды

2017
Хедж-қорларға дербес инвестициялау моделіне көшу жүзеге асырылды

2018
Жылжымайтын мүлікке инвестициялау бағдарламасы іске қосылды

Референстік портфель тәсіліне көшуді көздейтін жаңа Инвестициялық стратегия бекітілді

Алтын-валюта активтерінің баламалы құралдар портфелін кезең-кезеңімен толықтыру басталды

III Инвестициялық модельді трансформациялау

2019 – 2023

2019
Инвестициялық процесте референстік портфель тәсіліне толыққанды көшу

2020
Корпорация кеңсесі Астана қаласына көшірілді

2023
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының баламалы құралдар портфелін қалыптастыру арқылы Корпорация мандаты кеңейтілді

IV Стратегиялық мандатты кеңейту

2024 – 2025

2024
Жеке қарыз және инфрақұрылым бағыттары бойынша инвестициялық бағдарламаларды дамыту басталды

2025
БЖЗҚ зейнетақы активтерін қосу есебінен инвестициялық мандатты кеңейту

Ұлттық стратегиялық крипторезервті құру

Ашық инвестициялық әріптестік бағдарламасын іске қосу бастамасы

Инфрақұрылымдық қорларға алғашқы инвестицияларды жүзеге асыру

Жеке капитал портфелі шеңберінде алғашқы бірлескен инвестицияны жүзеге асыру

NIC NBK

II

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

2030 жылға дейінгі даму стратегиясы 15
Іске асырудың негізгі бағыттары 15
Инвестициялық бағыт 16
Операциялық бағыт 18
Аналитикалық бағыт 19
2025 жылдың негізгі оқиғалары мен жетістіктері 20

2030 жылға дейінгі даму стратегиясы

2025 жылы «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі Корпорацияның 2030 жылға дейінгі жаңа Даму стратегиясын бекітті. Құжат Корпорацияның ұзақ мерзімді даму бағытын айқындап, баламалы инвестицияларды басқару тиімділігін сапалы жаңа деңгейге көтеруге бағытталған негізгі басымдықтар мен міндеттерді белгілейді.

Жаңа стратегияның қабылдануы Корпорацияның институционалдық дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Осы уақыт ішінде алтын-валюта активтерінің құрамындағы баламалы инвестицияларды басқаруда елеулі тәжірибе жинақталып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару есебінен мандат кеңейтілді. Сонымен қатар зейнетақы активтері, цифрлық активтер, инфрақұрылым және бірлескен инвестициялар сияқты жаңа бағыттар бойынша жұмыс басталды.

Осылайша, 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы Корпорацияның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жүйесіндегі баламалы инвестициялар жөніндегі жетекші мамандандырылған институт ретіндегі рөлін одан әрі нығайтуға бағытталған даму бағдарын қалыптастырады.

Стратегиялық басымдықтар жекеменшік нарықтардағы өтімділіктің төмендеуі, сапалы инвестицияларға бәсекелестіктің күшеюі, тұрақты нәтижелерге ие басқарушылардың маңыздылығының артуы жағдайында қалыптастырылды. Осыған байланысты Корпорация инвестициялық басқарушыларды іріктеу тәсілдерін жетілдіруге, инвестициялық құралдар спектрін кеңейтуге және ішкі инвестициялық сараптаманы дамытуға басымдық берді.

Іске асырудың негізгі бағыттары

Жоғарыда аталған нарықтық факторларды ескере отырып, Корпорацияның 2030 жылға дейінгі стратегиясы дамудың инвестициялық, операциялық және аналитикалық бағыттары бойынша қалыптастырылды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ

АНАЛИТИКАЛЫҚ

Инвестициялық бағыт

Инвестициялық бағыттың басты мақсаты – баламалы инвестициялар нарығындағы үздік басқарушылар мен қорларды іріктеу тетіктерін жетілдіру, дербес басқарылатын инвестициялар үлесін кезең-кезеңімен ұлғайту және осы арқылы комиссиялық шығындарды оңтайландыру. Бұл бағыттағы негізгі басымдықтардың бірі – халықаралық серіктестік желісін кеңейту арқылы нарықтық сараптаманы тереңдету және инвестициялық мүмкіндіктерге қолжетімділікті арттыру. Себебі бүгінгі таңда сұранысы жоғары әрі тартымды қорларға қол жеткізу көбіне қор менеджерлерімен қалыптасқан ұзақ мерзімді және сенімді серіктестік қатынастарға байланысты. Мұндай байланыстар макроэкономикалық үрдістер мен тәуекелдерді уақтылы бағалауға, нарықтық циклдың ерте кезеңдерінде инвестициялық мүмкіндіктерді анықтауға және инвесторлар мен серіктестерден тұрақты кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Өз қызметі барысында Корпорация инвестициялаумен қатар жаһандық қор басқарушыларымен өзара тиімді ынтымақтастықтың кешенді моделін қалыптастырып, оны жүйелі түрде дамытып келеді. Бұл модель тұрақты стратегиялық кездесулер, стратегиялық бағыттар бойынша сегменттеу, өзара сенім мен іскерлік беделді нығайту және қорлардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады. Осы бағытты дамыту жетекші әрі сұранысқа ие қорларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, жабық мәмілелерге қатысуға, бірлескен инвестициялау мүмкіндігін пайдалануға және портфельдік компаниялардың негізін қалаушыларымен әрі басшылығымен тікелей іскерлік өзара қарым-қатынаста болуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның жаһандық капитал нарықтарындағы қатысу аясын кеңейтіп қана қоймай, жария нарықтарда қолжетімсіз инвестициялық жобалар мен мәмілелерге қатысуға жол ашады. Нәтижесінде Корпорацияның халықаралық инвестициялық қоғамдастықтағы орны нығайып, бірегей инвестициялық мүмкіндіктерге қол жеткізу әлеуеті арта түсуде.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақтау портфелі аясында баламалы инвестициялық құралдарды пайдалануға бағытталған маңызды шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, жинақтау портфелі активтерінің **баламалы құралдарға инвестицияланатын мақсатты үлесін** бұрынғы 5%-дан 10%-ға дейін **ұлғайту мақұлданды**[1]. Инвестициялық стратегияға сәйкес Ұлттық қор активтері баламалы құралдар портфеліне аударылған сәтте, баламалы инвестициялардың жалпы көлемі жинақтау портфелі активтерінің 10%-ынан аспауға тиіс. Бұл баламалы инвестициялар үлесін нарықтық жағдай мен тәуекел деңгейін ескере отырып, кезең-кезеңімен ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ҚР Ұлттық қорының жинақтау портфеліндегі БИ үлесі



2024 жылы Корпорация Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатын отандық экономиканың жекелеген секторларындағы тартымды инвестициялық жобаларды қаржыландыруға пайдалану мүмкіндігін қарастырды. Халықаралық және қазақстандық тәжірибені зерделеу, мемлекеттік инвестициялық қорлар мен халықаралық активтерді басқарушылармен жүргізілген консультациялар нәтижесінде Корпорация Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасының тұжырымдамасын әзірледі. 2025 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында аталған бағдарламаның негізгі қағидаттары мен бағыттарын жария етті. Ал 2026 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің шешімдері және Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлттық қор активтерін басқару тұжырымдамасына өзгерістер енгізу туралы Жарлығы негізінде **Ұлттық қор қаражаты есебінен Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасын іске асыру мақұлданды**[2]. Бағдарлама шеңберіндегі инвестициялардың жалпы көлемі 1 млрд АҚШ долларына дейінгі соманы құрайды. Инвестициялар жеке капиталға, инфрақұрылымға, жеке қарыз құралдарына, венчурлық капиталға және өзге де баламалы инвестициялық бағыттарға салынатын болады.

Бағдарламаның географиялық қамту аймағына Қазақстанмен қатар Орталық Азия және Кавказ өңірінің елдері кіреді. Сонымен бірге инвестициялардың жалпы көлемінің 70%-ға дейінгі бөлігін Қазақстандағы жобаларға бағыттау жоспарланып отыр. Бағдарлама цифрландыру және жасанды интеллект, көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы,

[1] Тиісті өзгерістер Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес 2026 жылғы 29 наурыздан бастап; Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару тұжырымдамасына өзгерістер енгізу туралы ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес 2026 жылғы 26 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді.

[2] ҚР ҰҚ басқару жөніндегі кеңестің 2026 жылғы 3 ақпандағы №26-01-13.2 отырысының хаттамасы.

цифрлық инфрақұрылым, қаржылық және бизнес-қызметтер, өңдеу өнеркәсібі және өзге де маңызды секторлардағы өсу әлеуеті жоғары жобаларды қаржыландыруға бағдарланған. Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасын іске асыру шеңберінде инвестициялық жобаларды талдау, іріктеу және басқару процестеріне халықаралық басқарушыларды тарту көзделеді. Сонымен қатар қазақстандық және шетелдік институционалдық инвесторлардың бағдарламаға бірлескен инвестор ретінде қатысуына мүмкіндік беріледі.

АШЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Баламалы құралдарына инвестициялар

1 млрд АҚШ долларына дейін

Қазақстан жобаларына инвестициялар

70 %-ҒА ДЕЙІН

Осы міндеттерді іске асыру аясында Корпорация жеке капитал портфелі құрамындағы венчурлық қорларға инвестицияларды қамтитын бірлескен инвестициялар портфелін кеңейтуді жалғастырады.

Нарықтағы тұрақсыздық пен экономикалық белгісіздік жағдайында әртараптандыру және тәуекел-профильді оңтайландыруда маңызы зор хедж-қорлар портфелінің жоғары табыстылығын сақтау Корпорация үшін маңызды басымдық болып қала береді. Хедж-қорлар бағытын дамытудың бастапқы кезеңінде стратегиялық серіктеспен ынтымақтастыққа ерекше назар аударылды. Бұл қысқа мерзім ішінде әртараптандырылған инвестициялық портфель қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар дербес басқаруға қажетті білім мен құзыреттерді жинақтауға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта Корпорация хедж-қорларға инвестициялау бойынша тәуелсіз бағдарламаны дамытуға қажетті инфрақұрылымды қалыптастырып, ішкі сараптамалық әлеуетті күшейту жұмыстарын жүргізуде. Дербес басқарылатын инвестициялар үлесінің ұлғаюы және ішкі құзыреттердің дамуы стратегиялық серіктестерге, сыртқы басқарушылар мен консультанттарға төленетін комиссиялық шығындарды кезең-кезеңімен қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Корпорация табыстылығы жоғары басқарушылардың стратегияларына тиімді шарттармен қол жеткізу мақсатында жаңадан құрылатын қорларға ерте кезеңде инвестициялау мүмкіндіктерін және басқарушы компаниялардың капиталына үлестік қатысу (seeding) тетіктерін қарастыруда. Жекелеген басқарушылармен жұмыс барысында инвестициялық қызметтің ашықтығы мен өтімділігін арттыру мақсатында жеке басқарылатын шоттарды (SMA) пайдалану және арнайы бейімделген инвестициялық мандаттарды енгізу мүмкіндігі де зерделенуде.

Инфляциялық қысымның күшеюі және басқа активтер кластарына қарағанда корреляция деңгейінің төмен болуы жағдайында **жылжымайтын мүлік** пен **инфрақұрылымдық активтерді** қамтитын нақты активтер портфелінің рөлі арта түсуде. Осы бағытта Корпорация дербес инвестициялау моделіне кезең-кезеңімен көшіп, қолданыстағы құрылымдарды жүйелі түрде оңтайландырып келеді. Бұл өз кезегінде шығыстарды азайтуға, мамандандырылған стратегиялардың үлесін арттыруға және жетекші басқарушы компаниялармен тікелей әріптестікті дамытуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде инвестициялық сараптама тереңдеп, портфельдерді басқару тиімділігін одан әрі арттыру үшін берік негіз қалыптасуда.

Соңғы жылдары цифрлық активтер нарығының қарқынды дамуы және оның институционалдық инвесторлар арасында кеңінен таралуы әртараптандыру мен макроэкономикалық тәуекелдерді басқарудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруда. Осы үрдісті ескере отырып, Корпорация **цифрлық активтер** портфелін қалыптастыруды жоспарлап отыр, сондай-ақ осы саладағы жетекші басқарушылар мен консультанттарды тарту арқылы ішкі құзыреттерді кезең-кезеңімен арттыруды көздейді.

ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕР

активтердің жаңа класына қатысты институционалдық тәсілді қалыптастыру

Операциялық бағыт

Корпорацияның портфельдерді неғұрлым дербес басқару моделіне кезең-кезеңімен көшуі **операциялық қызметке** қойылатын талаптарды айтарлықтай күшейтуде. Осыған байланысты біз арнайы мақсаттағы компанияларды құру, сүйемелдеу және басқару, әкімшілермен тікелей жұмыс жасау және инвестициялау бойынша құқықтық мәселелерді дербес шешу процестерін жетілдіру және құзыреттерді арттыру іс-шараларын жалғастырудамыз. Бұл шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

ДЕРБЕС БАСҚАРУ

ішкі процестерді жетілдіру, SPV құрылымдарын әкімшілендіру және құқықтық сүйемелдеу

Операциялық тиімділіктің маңызды аспектісі – Корпорация бюджетін қалыптастыру жүйесі. 2025 жылы бюджеттеу процесі Корпорацияның стратегиялық мақсаттарымен тығыз байланыстырылып, ресурстарды неғұрлым тиімді қолдануға, қаржылық тәртіпті күшейтуге және ұзақ мерзімді даму басымдықтарын іске асыруға бағдарланды.

Инвестициялық қызметтің ауқымы кеңейген сайын **портфельдерді басқару сапасына** қойылатын талаптар да арта түсуде. Осыған байланысты қорлар мен инвестициялық стратегияларды кешенді бағалау құралдарын енгізу жоспарлануда. Бұл бастама қызметтің ашықтығын арттыруға, талдамалық жұмыстың сапасын жақсартуға және инвестициялық портфельдерді басқару тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде инвестициялық шешімдер қабылдау процесі неғұрлым жедел, жүйелі әрі деректерге негізделген сипатқа ие болады.

Дербес басқарылатын инвестициялар үлесінің артуы және инвестициялық басқарушылармен тығыз қарым-қатынас орнату **адами капиталды** дамыту тәсілін де қайта қарауды талап етеді. Осыған байланысты Корпорация корпоративтік мәдениетті нығайтуды, қызметкерлердің жеке даму жоспарларын қалыптастыруды, халықаралық білім беру бағдарламалары мен тағылымдамаларды кеңейтуді, стратегиялық серіктестермен және өзге де мемлекеттік инвестициялық институттармен тәжірибе алмасуды дамытуды, сондай-ақ еңбекақы төлеудің ашық әрі әділ жүйесін жетілдіруді кадрлық саясаттың негізгі бағыттары ретінде айқындады. Бұл ретте кадрлық және талдамалық әлеуетті нығайтуға ерекше мән берілуде. Қазіргі уақытта қызметкерлердің 35%-ында CFA, FRM, CAIA, CIPM және өзге де халықаралық кәсіби біліктіліктер бар. Алдағы кезеңге арналған негізгі мақсатты көрсеткіштердің бірі – халықаралық кәсіби сертификаттарға ие қызметкерлердің үлесін 50%-ға дейін жеткізу.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬДІ ДАМЫТУ БАҒЫТЫ

ДЕРБЕС БАСҚАРУ

ІШКІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ПРОЦЕСТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ


Операциялық трансформацияда **цифрлық технологиялар да** маңызды рөл атқарады. 2025 жылы Корпорация ақпараттық технологияларды дамыту мен цифрлық шешімдерді енгізу бойынша жүйелі жұмысын жалғастырып, ішкі процестердің сенімділігіне, ашықтығына және тиімділігіне басымдық берді. Есепті кезеңде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және АТ-инфрақұрылымының орнықтылығын күшейтуге ерекше назар аударылды.

Атап айтқанда, деректерді резервтік көшіру жүйелері жетілдіріліп, оларды географиялық тұрғыдан тәуелсіз деректерді өңдеу орталықтарында сақтау тетіктері дамытылды. Бұл ақпараттық жүйелердің сенімділігін арттырып, операциялық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік берді.

Аналитикалық бағыт

Қызметінің он үш жылы ішінде Корпорация инвестициялық талдау саласында елеулі тәжірибе жинақтап, баламалы инвестициялар бойынша ішкі **сараптамалық әлеуетін** айтарлықтай күшейтті. Бүгінде ұйым макроэкономикалық және геосаяси үрдістерді, жаһандық қаржы нарықтарының даму динамикасын және баламалы инвестициялар индустриясындағы негізгі өзгерістерді тұрақты негізде талдап отырады. Алдағы кезеңде негізгі назар инвестициялық серіктестердің және нарықтың өзге де қатысушыларының сараптамалық ресурстарын тиімді пайдалануға аударылатын болады. Сонымен қатар талдамалық қызметке жасанды интеллект құралдарын кезең-кезеңімен енгізу жоспарланып отыр. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану өңделетін ақпарат көлемін ұлғайтуға, талдау жүргізу жылдамдығын арттыруға және инвестициялық шешімдердің сапасын одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Корпорацияның инвестициялық процестерінің тиімділігін арттырып, ішкі сараптамалық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Жалпы алғанда, аталған стратегиялық бағыттардың даму жоспары Корпорацияның баламалы инвестициялар портфелін басқарудың анағұрлым белсенді моделіне көшкенін көрсетеді және ол оның сараптама орталығы ретіндегі рөлін нығайтуға, инвестициялық процестің сапасын арттыруға әрі инвестициялардың ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.



2025 жылдың негізгі оқиғалары мен жетістіктері

Аталған стратегиялық басымдықтарды іске асыру 2025 жылғы негізгі бастамалар мен маңызды оқиғаларда өз көрінісін тапты. Есепті кезеңде негізгі күш инвестициялық мандатты кеңейтуге, баламалы құралдар портфелін одан әрі әртараптандыруға және ҚРҰБ-тың ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес жаңа инвестициялық бағыттарды дамытуға жұмсалды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде бірқатар стратегиялық бастамалар іске асырылып, инвестициялық қызметтің бірнеше маңызды бағыты бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Сонымен қатар Корпорацияның инвестициялық мандатын одан әрі кеңейтуге негіз болатын маңызды шешімдер қабылданды.

Инвестициялық мандатты кеңейту: БЖЗҚ зейнетақы активтері

Есепті жылдың маңызды оқиғаларының бірі баламалы инвестициялық құралдардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры активтері үшін рұқсат етілген құралдар тізбесіне енгізілуі болды. Инвестициялық декларацияға енгізілген өзгерістерге сәйкес БЖЗҚ валюталық портфелінің стратегиялық құрылымында баламалы инвестициялық құралдардың мақсатты үлесін 10%-ға дейін жеткізу мүмкіндігі қарастырылды.

Бұл шешім Корпорацияның ұзақ мерзімді активтерді басқару саласындағы рөлінің дәйекті түрде кеңейіп келе жатқанын көрсетеді, әрі баламалы инвестициялар бағытында жинақталған тәжірибе мен қалыптасқан құзыреттердің жоғары деңгейін растайды.





Ұлттық стратегиялық крипторезервті құру

2025 жылы цифрлық активтерді басқаруға қатысты жаңа стратегиялық бағыттың негізі қаланды. Мемлекет басшысының тапсырмаларын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін іске асыру аясында Ұлттық стратегиялық крипторезервті қалыптастырудың негізгі тәсілдерін әзірлеу жұмыстары басталды. Бұл жұмыс цифрлық активтер портфелін басқарудың мақсаттарын, міндеттерін және негізгі қағидаттарын айқындауды қамтиды.

Бастапқы кезеңде цифрлық активтерге инвестициялау Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерінің баламалы құралдар портфелі шеңберінде қарастырылады[3]. Кейіннен осы активтер классына инвестициялау Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының баламалы инвестициялар портфеліне кеңейту мүмкіндігі де бағаланатын болады[4].

Цифрлық активтер портфелін басқару Корпорация тарапынан дербес түрде де, сыртқы басқарушыларды тарта отырып та жүзеге асырылады. Крипторезерв мемлекеттік активтерді әртараптандырып, олардың ұзақ мерзімді кірістілік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл бастама Қазақстанның цифрлық қаржы экожүйесінің дамуына институционалдық деңгейде қатысу үшін негіз қалыптастырады.



Инфрақұрылымдық бағытты дамыту және алғашқы бірлескен инвестиция

Есепті жылы Корпорация инфрақұрылымдық қорларға, оның ішінде ашық инфрақұрылымдық қорларға алғашқы инвестицияларын жүзеге асырды. Инфрақұрылым активтер класы тұрақты кіріс әкелуге қабілетті және баламалы инвестициялар портфелін қосымша әртараптандыруға мүмкіндік беретін дербес қаржы құралы. Бұл Корпорация үшін жаңа инвестициялық бағыт болып табылады. Алдағы кезеңде инфрақұрылымдық активтердің баламалы инвестициялар портфеліндегі үлесін кезең-кезеңімен ұлғайта отырып, осы бағытты одан әрі дамыту жоспарлануда.

Сонымен қатар 2025 жылы Корпорация жеке капитал портфелі аясында алғашқы бірлескен инвестицияны жүзеге асырды. Бұл ішкі инвестициялық сараптаманы дамытудағы және қор басқарушыларымен бірлесіп мәмілелерге қатысу мүмкіндіктерін кеңейтудегі маңызды кезең болды. Аталған қадам комиссиялық шығындарды төмендетуге, инвестициялық портфельді қалыптастырудағы икемділікті арттыруға және инвестициялық шешімдердің тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

[3] *Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 76 «Крипторезервті қалыптастырудың және крипторезерв активтерін инвестициялаудың кейбір мәселелері туралы» қаулысы.*

[4] *Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару тұжырымдамасына сәйкес.*

NIC NBK

III

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

Басқару қағидаттары және фидуциарлық жауапкершілік 23
Баламалы құралдар портфелін басқару 24
Өтімділікті басқару 26

Корпорация сенімгерлердің мүддесі үшін баламалы құралдар портфельдерін басқарады, бұл ретте басқарушыларды іріктеуді, инвестицияларға мониторинг жүргізуді, қорлар бойынша міндеттемелерді сүйемелдеуді және портфельдердің өтімді бөлігін басқаруды қамтамасыз етеді. Инвестициялық қызмет ұзақ мерзімді инвестициялық көкжиекті, әртараптандыру талаптарын, өтімділік параметрлерін, сондай-ақ ішкі құжаттармен және уәкілетті органдардың шешімдерімен белгіленген шектеулерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Басқару қағидаттары және фидуциарлық жауапкершілік

Корпорация өз қызметін фидуциарлық жауапкершілік қағидаттарына негіздей отырып жүзеге асырады. Бұл инвестициялық шешімдердің ұзақ мерзімді мақсаттарды, белгіленген шектеулерді, тәуекелдің қолайлы деңгейін және кірістілік, өтімділік пен сенімділік арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігін ескере отырып қабылданатынын білдіреді.

Сенімгерлік басқару шеңберінде Корпорация инвестициялық басқарушы функциясын жүзеге асырады. Бұл ретте сенімгерлік немесе инвестициялық басқаруға берілген активтер Корпорацияның меншігі болып табылмайды және оның балансында есепке алынбайды. Корпорация активтерді басқарғаны үшін сыйақы алып, өзінің қаржылық нәтижелерін басқарудағы активтердің инвестициялық нәтижелерінен бөлек көрсетеді.

Портфельдерді басқарудың негізгі қағидаттары

Қағидат	Практикалық маңызы
Фидуциарлық жауапкершілік	Сенім білдірушілердің мүддесі үшін әрекет ету және белгіленген инвестициялық мандаттарды сақтау
Активтерді оқшаулау	Корпорацияның меншікті активтерін сенімгерлік басқарудағы активтерден бөлек есепке алу
Ұзақ мерзімді кезең	Баламалы инвестицияларды ұзақ мерзімді инвестициялық мақсаттар тұрғысынан бағалау
Әртараптандыру	Портфельдерді активтер кластары, стратегиялар, өңірлер және басқарушылар бойынша бөлу
Өтімділікті басқару	Портфельдік қорлар алдындағы міндеттемелерді уақтылы орындау үшін қажетті өтімділік деңгейін қамтамасыз ету
Тәуекелдерді басқару	Лимиттерді, инвестициялық параметрлерді және шешім қабылдау рәсімдерін сақтау
Мониторинг және бақылау	Басқарушылардың қызметін, портфельдердің жай-күйін және инвестициялық нәтижелерді тұрақты бағалау

Аталған қағидаттарды дәйекті түрде сақтау Корпорацияға инвестициялық қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге, тәуекелдерді тиімді басқаруға және баламалы инвестициялар портфельдерінің ұзақ мерзімді орнықтылығын қолдауға мүмкіндік береді.

Баламалы құралдар портфелін басқару

Баламалы инвестициялық құралдар портфелі өтімділігі шектеулі активтерге инвестициялауға тән қосымша кірістілік әлеуетін пайдалануға, кіріс көздерін әртараптандыруға және дәстүрлі жария нарықтарға тәуелділікті төмендетуге бағытталған активтердің ұзақ мерзімді бөлігі ретінде қалыптастырылады. Осы портфель шеңберінде Корпорация жеке капитал, жылжымайтын мүлік, хедж-қорлар, инфрақұрылым және жеке қарыз сияқты баламалы активтер кластарына инвестициялайды.

Портфельдерді басқару өзара байланысты бірнеше кезеңнен тұрады. Олар нарықтық ахуалды талдауды, активтерді үлестірудің мақсатты құрылымын қалыптастыруды, сыртқы басқарушылар мен инвестициялық қорларды іріктеуді, сондай-ақ дью-дилидженс рәсімдерін жүргізуді қамтиды. Сонымен қатар инвестициялық шешімдерді мақұлдау, capital calls және distribution процестерін сүйемелдеу, сондай-ақ портфельдердің негізгі көрсеткіштеріне тұрақты мониторинг жүргізу жүзеге асырылады. Инвестициялық бағдарламалар жүзеге асырылу барысында портфель құрылымы да біртіндеп өзгереді. Өйткені баламалы инвестициялық қорларға қаражат орналастыру нәтижесінде өтімді құралдардың үлесі қысқарып, баламалы активтер бөлігінде жаңа активтер кластары мен инвестициялық стратегиялардың үлесі артады.

2024 ж. активтер кластары бойынша баламалы құралдар портфелінің құрылымы



2025 ж. активтер кластары бойынша баламалы құралдар портфелінің құрылымы



2025 жылғы баламалы инвестициялық құралдар портфелінің құрылымы Корпорацияның инвестициялық моделінің ұзақ мерзімді сипатын және жеке нарықтарға бағытталған стратегиялық басымдығын көрсетеді.

Жеке капиталдың үлесі 63%-дан 65%-ға дейін, ал жылжымайтын мүліктің үлесі 7%-дан 8%-ға дейін ұлғайды. Сонымен қатар облигациялардың үлесі 10%-дан 3%-ға дейін төмендеді. Бұл өтімді құралдардың бір бөлігінің баламалы инвестициялық стратегияларға бағытталғанын көрсетеді. Жеке қарыз портфелінің қалыптастырылуы да маңызды өзгерістердің бірі болды, оның 2025 жылғы үлесі 3%-ды құрады. Сондай-ақ 2025 жылы инфрақұрылымдық портфель қалыптастырылып, алғашқы инвестициялар жүзеге асырылды.

Хедж-қорлардың үлесін 21%-ға дейін ұлғайту портфельді әртараптандыруға және оның өтімділігін сақтауға ықпал етеді. Ал облигациялар үлесінің төмендеуі Корпорацияның инвестициялық жоспарына сәйкес жеке капитал, жылжымайтын мүлік және жеке борыш қорлары бойынша бұрын қабылданған инвестициялық міндеттемелерді кезең-кезеңімен қаржыландыруға байланысты.

АЛТЫН-ВАЛЮТА АКТИВТЕРІНІҢ ПОРТФЕЛІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерінің баламалы құралдар портфелі Корпорацияның инвестициялық қызметіндегі алғашқы әрі неғұрлым қалыптасқан бағыттардың бірі болып табылады. Оның дамуы жылдар бойы жетекші халықаралық басқарушылармен қалыптасқан әріптестікті, жинақталған институционалдық тәжірибені және инвестицияланатын баламалы активтер спектрінің біртіндеп кеңеюін көрсетеді.

2025 жылы АВА портфелінің құрылымында баламалы активтер кластарына капиталды орналастыру үрдісі одан әрі жалғасын тапты. Қазіргі таңда портфельдің негізгі бөлігін жеке капитал құрайды. Сонымен қатар хедж-қорлар мен жылжымайтын мүлік маңызды орын алса, жеке қарыз бағыты дербес активтер класы ретінде қалыптасу кезеңінен өтуде. Портфельдің өтімді бөлігінің қызметін атқаратын облигациялардың үлесі қаражаттың баламалы инвестициялық құралдарға бағытталуына байланысты қысқарды.

2025 жылы Корпорацияның инвестициялық жоспарына сәйкес портфель құрылымының өзгеруі жалғасты: бұрын қабылданған инвестициялық міндеттемелерді қаржыландыру шамасына қарай облигациялардың үлесі азайып, баламалы активтер сыныптарының үлесі артты. Бұл динамика капиталдың жоспарлы түрде игерілуін көрсетеді.

2024 ж. активтер кластары бойынша АВА баламалы құралдар портфелінің құрылымы



2025 ж. активтер кластары бойынша АВА баламалы құралдар портфелінің құрылымы



ҰЛТТЫҚ ҚОР ПОРТФЕЛІ

Ұлттық қордың баламалы құралдар портфелін қалыптастырудағы маңызды кезең 2023 жылдың 27 желтоқсанында басталды. Атап айтқанда, осы күні бұған дейін толықтай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтері портфеліне тиесілі болған арнайы мақсаттағы компаниялардың (SPV) акциялары мен үлестерінің 50%-ын Ұлттық қор портфелінің сатып алу мәмілесі аяқталды. ҚР ҰБ Басқармасының №62 қаулысына сәйкес жүзеге асырылған бұл мәміле екі инвестициялық мандаттың ортақ бір заңды құрылым арқылы бірлесіп инвестициялау моделінің негізін қалады. Мұндай тәсіл басқарушыларды іріктеудегі және активтерді мониторинг жасаудың бірыңғай стандарттарын қолдануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Ұлттық қор активтерін басқару барысында АВА портфелі шеңберінде жинақталған тәжірибе мен сараптаманы тиімді пайдалануға жол ашты.

2025 жылы Ұлттық қордың баламалы құралдар портфелінде де жеке капитал, хедж-қорлар және жылжымайтын мүлік негізгі үлесті иеленді. Сонымен қатар жеке қарыз бағыты дербес активтер класы ретінде қалыптаса бастады. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру барысында облигациялар жеке капитал, жылжымайтын мүлік және жеке борыш қорлары бойынша инвестициялық міндеттемелерді қаржыландыруға пайдаланылғандықтан, олардың портфельдегі үлесі азайды.

Портфельді қалыптастыру жұмыстары әзірге бастапқы даму кезеңінде. Алдағы жылдары оның көлемін ұлғайту және инвестициялық бағдарламаларын одан әрі кеңейту көзделіп отыр.

2024 ж. активтер кластары бойынша Ұлттық қордың баламалы құралдар портфелінің құрылымы



2025 ж. активтер кластары бойынша Ұлттық қордың баламалы құралдар портфелінің құрылымы



БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ АКТИВТЕР ПОРТФЕЛІ

2025 жылы баламалы инвестициялық құралдардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры активтерін орналастыруға рұқсат етілген құралдар тізбесіне енгізілуі Корпорацияның инвестициялық мандатын кеңейту жолындағы маңызды кезең болды.

Есепті күндегі жағдай бойынша бұл бағыт практикалық іске асыруға дайындық сатысында болды. Корпорация мүдделі тараптармен бірлесіп, зейнетақы активтерінің бір бөлігін басқаруға қабылдау үшін қажетті операциялық, құқықтық және инвестициялық инфрақұрылымды қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізді.

Зейнетақы активтерін басқару жоғары жауапкершілікті талап етеді, сондай-ақ тәуекелдерді, өтімділік талаптарын, инвестициялық мерзімді және инвестициялық басқарушыларды іріктеу сапасын жан-жақты бағалауға негізделеді. Осыған байланысты Корпорация аталған мандатты баламалы инвестициялар саласында жинақталған тәжірибе мен құзыреттерді жаңа деңгейде қолдануға мүмкіндік беретін маңызды стратегиялық бағыт ретінде қабылдайды.

Өтімділікті басқару

Өтімділікті тиімді басқару баламалы инвестициялар портфельдерін басқарудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Баламалы активтерге инвестициялау ұзақ мерзімді сипатқа ие болғандықтан, өтімділікті басқару қорлар алдындағы міндеттемелерді кезең-кезеңімен орындау, инвестициялық кірістерді бөлу, капиталды қайтару және уақытша бос қаражатты басқару сияқты процестерді кешенді түрде қамтиды. Корпорацияның міндеті тиімді инвестициялық мүмкіндіктерді іріктеумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар ол қабылданған инвестициялық міндеттемелердің толық әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта портфельдердің өтімді бөлігі болжамды төлемдер кестесін, нарықтық жағдайды және инвестициялық шектеулерді ескере отырып, Корпорация тарапынан дербес басқарылады.

МАНДАТТАРДЫҢ ӨТІМДІ БӨЛІГІН БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Портфельдердің өтімді бөлігі баламалы инвестициялар бойынша ағымдағы және болашақ міндеттемелерді уақтылы орындау үшін пайдаланылады. Ол capital calls рәсімдерін уақытында жүзеге асыруға, уақытша бос қаражатты тиімді орналастыруға және портфельдердің қажетті икемділік деңгейін сақтауға мүмкіндік береді.

Өтімділікті басқару барысында Корпорация жоғары сапалы және өтімділігі жоғары қаржы құралдарын қолданады. Бұл ретте капиталдың сақталуы, оны жедел қолдану мүмкіндігі және белгіленген тәуекел параметрлері шеңберінде оңтайлы кірістілікке қол жеткізу негізгі басымдықтар болып табылады.

Портфельдердің өтімді бөлігін басқарудың негізгі мақсаттары

Мақсат	Мазмұны
capital calls міндеттемелерін орындау	Баламалы активтер қорларына қаражаттың уақтылы жетуін қамтамасыз ету
Уақытша бос қаражатты орналастыру	Баламалы активтерге инвестицияланғанға дейін қаражатты тиімді басқару
Өтімділік қорының жеткілікті деңгейін сақтау	Міндеттемелер туындаған кезде қаражаттың жетіспеушілік тәуекелін төмендету
Түскен қаражатты қайта салу	distributions (капиталды қайтару және инвестициялық кірістер бойынша қайтқан қаражат) қаражатын басқару
Портфель параметрлерін бақылау	Белгіленген лимиттерді, мерзімдерді, валюталық құрылымды және активтердің сапалық көрсеткіштерін қатаң сақтау

Портфельдердің өтімді бөлігін басқару барысында жаңа инвестициялық бағыттарға, оның ішінде цифрлық активтерге ерекше назар аударылады. Бұл бағыттағы жұмыс қажетті өтімді құралдар қорын сақтауға және бекітілген параметрлерге сәйкес цифрлық активтердегі инвестициялық позицияларды біртіндеп қалыптастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық активтер портфелі инвестициялық стратегияға, уәкілетті органдардың шешімдеріне және бекітілген басқару моделіне сәйкес қалыптастырылады. Цифрлық активтер портфелін қалыптастыру инвестициялық стратегияға, уәкілетті органдардың шешімдеріне және белгіленген портфельді басқару моделіне сәйкес арнайы құралдарды пайдалану, сыртқы басқарушыларды тарту және айқындалған көздерден цифрлық активтерді басқаруға қабылдау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

КОРПОРАЦИЯНЫҢ МЕНШІКТІ ПОРТФЕЛІН БАСҚАРУ

Корпорация сенімгерлік басқарудағы портфельдермен қатар өзінің меншікті активтерін де басқарады. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, операциялық қажеттіліктерді қаржыландыру және капиталдың сақталуын қолдау.

Меншікті портфель баламалы инвестициялар портфельдерімен салыстырғанда неғұрлым консервативті тәуекелді бейінін ескере отырып қалыптастырылады. Атап айтқанда, оны басқаруда өтімділікке, қаржы құралдарының сенімділігіне және инвестициялау мерзімдерінің Корпорацияның операциялық қажеттіліктеріне сәйкес болуына маңыз беріледі.

Меншікті портфельді тиімді басқару Корпорацияның ағымдағы қызметінің тұрақтылығын сақтауға және стратегиялық әрі операциялық міндеттерді іске асыру үшін қажетті қаржылық негізді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

NIC NBK



IV

БАЛАМАЛЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Халықаралық тәжірибеде инвестициялық портфельді басқару моделін таңдау мемлекеттік қордың стратегиялық мақсаттары мен мандатына, басқарудағы активтер көлеміне, инвестициялық мерзіміне және ішкі сараптаманың даму деңгейіне байланысты айқындалады. Осыған байланысты халықаралық практикада инвестициялық портфельді басқарудың бірнеше негізгі моделі қалыптасты.

Норвегиялық модель, әдетте, активтерінің көлемі 1 трлн АҚШ долларынан асатын ең ірі мемлекеттік қорларға тән. Бұл тәсілдің басты ерекшелігі – өтімді активтерге, ең алдымен, классикалық «60/40» (акциялар мен облигациялар) арасалмағындағы пассивті инвестициялауға негізделуі. Мұндай портфельдерде баламалы инвестициялардың үлесі өте аз немесе мүлдем болмайды.

Норвегиялық модель жоғары ашықтық деңгейімен, басқару архитектурасының салыстырмалы қарапайымдылығымен және операциялық шығындардың төмендігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, оның кірістілігі негізінен қаржы нарықтарының жалпы динамикасына тәуелді болады. Осыған байланысты активтерді белсенді басқару және инвестициялық мүмкіндіктерді іріктеу арқылы қосымша кірістілікке (альфаға) қол жеткізу әлеуеті салыстырмалы түрде шектеулі.

Норвегиялық тәсілге қарама-қарсы бағыт – **эндаумент-моделі** (Йель моделі ретінде де белгілі). Бұл тәсілге баламалы инвестициялардың, оның ішінде жеке капиталға, хедж-қорларға, жылжымайтын мүлікке және инфрақұрылымға салынатын инвестициялардың елеулі үлесі тән. Бұл активтерді басқаруды сыртқы басқарушылар жүзеге асырады. Модель ұзақ инвестициялық мерзімді көздеген, тәуекелге төзімді және ағымдағы өтімділікке қажеттілігі төмен институционалдық инвесторларға арналған. Өтімділігі төмен активтердің елеулі үлесі инвестордың капиталды ұзақ мерзімге орналастыруға дайын болуын талап етеді, алайда бұл жоғары кірістілік пен әртараптандыру мүмкіндігімен өтеледі. Дегенімен бұл модель барлық инвесторлар үшін бірдей тиімді бола бермейді. Ірі инвесторлар үшін капитал көлемінің ауқымына байланысты инвестициялық мүмкіндіктерді қолдану күрделі болса, салыстырмалы түрде шағын инвесторлар үшін жетекші басқарушыларға қол жеткізудің шектеулілігі мен портфельді басқару шығындарының жоғары болуы негізгі шектеуші факторлар болып табылады. Корпорацияның ұзақ мерзімді инвестициялауға бағдарланғанын, баламалы активтердің жоғары үлесін және нарықтық деңгейден жоғары кірістілікке ұмтылысты ескерсек, оның қолданатын тәсілі мазмұны жағынан осы эндаумент-моделіне (Йель моделіне) барынша жақын.

Канадалық модель көп жағдайда Йель моделіне ұқсас, бірақ басты айырмашылығы – активтерді инвестициялау сыртқы басқарушылар арқылы емес, негізінен институционалдық инвестордың өз күшімен жүзеге асырылады. Бұл тәсіл алғаш рет канадалық зейнетақы қорларының тәжірибесінде кеңінен қолданылып, кейіннен басқа да институционалдық инвесторлар арасында таралды.

Соңғы модель – **міндеттемелерді ескере отырып инвестициялау (LDI)**. Оның шеңберіндегі негізгі мақсат – болашақ міндеттемелерді өтеуге жеткілікті кірістілікті қалыптастыру. Бұл тәсіл АҚШ зейнетақы қорларында кеңінен қолданылады. Әдетте бұл модельдегі портфель міндеттемелерді жабуға және қосымша кірістілікке бағытталған портфельдерден тұрады.

Инвестициялық портфельді басқарудың халықаралық модельдері

Модель	Баламалы инвестициялардың рөлі	Артықшылықтары	Шектеулері
Норвегиялық модель	Өте төмен немесе мүлдем жоқ	Жоғары ашықтық, басқару архитектурасының қарапайымдылығы, операциялық шығындардың төмендігі	Кірістіліктің нарық динамикасына тікелей тәуелділігі, нарықтан тыс артық кіріс алу мүмкіндігінің шектеулігі
Эндаумент-моделі / Йель моделі	Жоғары: жеке капитал, хедж-қорлар, жылжымайтын мүлік, инфрақұрылым	Әртараптандырудың жоғары деңгейі, ұзақ мерзімді кірістілік әлеуеті, тәуекел үшін қосымша сыйақы алу мүмкіндігі	Ұзақ инвестициялау мерзім, тәуекелдің жоғары болуы, үздік басқарушыларға қолжетімділікті қажет етеді
Канадалық модель	Жоғары	Активтерді бақылау мүмкіндігі, ішкі сараптаманың дамуы, комиссиялық шығындардың төмен болуы	Командаға, операциялық инфрақұрылымға және басқару процестеріне қойылатын талаптар жоғары
LDI тәсілі	Инвестордың міндеттемелер құрылымы мен тәуекел-профиліне байланысты	Активтер мен ұзақ мерзімді міндеттемелердің өзара үйлесімділігі, тәуекелдерді қатаң бақылау, нәтиженің болжамдылығы	Қосымша кірісті қамтамасыз етудің шектеулілігі


Институционалдық инвесторлардың инвестициялық стратегиялары мен басқару модельдері әртүрлі болғанымен, баламалы инвестициялардың жаһандық капитал нарығындағы маңызы тұрақты түрде артып келеді. Бүгінде көптеген ірі қорлар мен ұзақ мерзімді инвесторлар портфельдерінің елеулі бөлігін осы активтер класына бағыттауда.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, баламалы инвестицияларды портфель құрамына енгізу әртараптандыру деңгейін арттыруға, тәуекелдерді тиімдірек басқаруға және тәуекел мен кірістілік арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізуге ықпал етеді.

Мұның негізгі себебі – баламалы активтердің дәстүрлі акциялар мен облигациялар нарығымен байланысының салыстырмалы түрде төмен болуы. Нәтижесінде мұндай активтер портфельдің тұрақтылығын арттырып, нарықтық күйзелістердің әсерін жұмсартуға көмектеседі.

Нарықтық күйзеліс кезеңдерінде активтер арасындағы корреляция уақытша өссе де, активтер кластары арасындағы теңгерімді құрылым ұзақ мерзімді кезеңде портфель тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл қабылданған тәуекел бірлігіне шаққандағы кірістілікті жақсартуға ықпал етеді. Баламалы инвестициялардың институционалдық инвесторлар портфельдеріндегі маңызының артуы жетекші халықаралық қорлардың активтер құрылымынан да айқын байқалады.

Жетекші институционалдық инвесторлар портфельдеріндегі БИ үлесі және 10 жылдық кірістілік көрсеткіштері



Дереккөз: CPPIB, OTPP, NZSF, Alaska PFC, CalPERS ресми сайттары

Cliffwater соңғы зерттеулеріне сәйкес, 2000–2025 жылдар аралығында мемлекеттік зейнетақы қорларының жеке капиталға салған инвестициялар жоғары нәтиже көрсетті. Барлық комиссиялар шегерілгеннен кейінгі орташа жылдық кірістілік 10,6%-ды құрап, дәстүрлі акциялар нарығының көрсеткішінен (6.9%) 3,7 пайыздық тармаққа жоғары болды. Табыстылықты есептеудекөр нарығының эталоны ретінде Russell 3000 индексі (68%) және MSCI ACWI ex. US индексі (32%) пайдаланылды.[5]

Соңғы жылдары институционалдық инвесторлар портфельдеріндегі **баламалы инвестициялардың** үлесінің өсуі тек жоғары кірістілікке ұмтылумен ғана түсіндірілмейді. Бұл үрдіске жаһандық капитал нарықтарындағы құрылымдық өзгерістер де ықпал етуде. Біріншіден, қор нарығындағы компаниялар санының қысқаруы дәстүрлі акциялар нарығындағы инвестициялық мүмкіндіктер аясын тарылтты. Екіншіден, капиталдың ірі компаниялардың шектеулі тобына шамадан тыс шоғырлануы олардың бағалануының жоғарылау тәуекелін күшейтіп, болашақтағы нарықтық кірістілікке қысым түсіруі мүмкін. Бұдан бөлек, мұндай нарықтар реттеушілік өзгерістер мен монополияға қарсы саясаттың ықпалына анағұрлым осал келеді. Осы факторлардың жиынтығы инвесторлар үшін баламалы активтер арқылы әртараптандырудың маңызын арта түсуде.

Сонымен қатар баламалы инвестициялар нарығының өзінде де елеулі өзгерістер орын алуда. Burgiss деректеріне сәйкес, соңғы жылдары баламалы активтердің көптеген сегменттерінде кірістілік көрсеткіштерінің біртіндеп төмендеу үрдісі байқалады. Бұл құбылыс әсіресе венчурлық капитал, жеке капитал және жылжымайтын мүлік нарықтарында анық көрінеді. Ал жеке қарыз бен инфрақұрылым сегменттері әзірге салыстырмалы түрде тұрақты нәтижелер көрсетіп келеді.

Венчурлық капитал нарығында жоғары кірістілік әлеуеті сақталғанымен, табыстың басым бөлігі қорлардың шектеулі тобының үлесіне тиесілі. Қалған қорлардың нәтижелері көбіне орташа немесе теріс деңгейде қалыптасуда. Егер 2000-жылдардың басында қорлар санының аз болуы және сапалы жобалар үшін бәсекелестіктің төмендігі жоғары кірістілікті қамтамасыз етсе, кейіннен нарыққа қатысушылар санының күрт артуы бәсекелестікті күшейтіп, жалпы нәтижеліліктің төмендеуіне алып келді.

Ұқсас үрдіс **жеке капитал** нарығының growth equity сегментінде де байқалады. Нарықтың белсенді өсу кезеңдерінде қорлар саны күрт көбейгенімен, кейіннен олардың бір бөлігі нарықтан кетіп, бұл сегмент қайта шоғырлану кезеңіне өтті.

Жеке қарыз нарығында жағдай өзгеше. Қорлар санының өсуіне қарамастан, бұл сегменттің кірістілік көрсеткіштері салыстырмалы түрде тұрақты қалып отыр.

Ал **жылжымайтын мүлік** нарығында жаһандық қаржы дағдарысы кезеңінде қорлар саны айтарлықтай қысқарды. Бұл көрсеткіш дағдарысқа дейінгі деңгейіне тек 2022 жылы қайта жетті. Сонымен қатар осы сегментте қорлар саны мен кірістілік арасындағы байланыс басқа баламалы активтермен салыстырғанда әлдеқайда әлсіз екені байқалады.

Баламалы инвестицияларға сұраныстың артуы және бірқатар сегменттердегі кірістіліктің біртіндеп төмендеуі жетекші басқарушылардың қорларына қол жеткізу үшін институционалдық инвесторлар арасындағы бәсекелестікті күшейтіп отыр. Мұндай жағдайда жоғары квартильдегі басқарушыларға қол жеткізе алмаған инвесторлардың нәтижелері көбіне нарықтың орташа деңгейіне жақын болады. Ал кейбір жағдайларда баламалы инвестицияларды басқаруға байланысты шығындардың жоғары болуы портфель кірістілігінің эталондық көрсеткіштерден де төмен қалыптасуына алып келуі мүмкін.

Корпорация үшін аталған үрдістер ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін орнықты басқару жүйесін одан әрі дамыту қажеттігін айқындайды. Геосаяси тұрақсыздықтың күшеюі, сапалы инвестициялық мүмкіндіктер үшін бәсекенің артуы және баламалы активтердің жекелеген кластарындағы кірістіліктің төмендеуі жағдайында жетекші басқарушыларға қолжетімділік, ішкі сараптаманы дамыту, инвестициялық шешімдер қабылдаудың жүйелі тәсілі және активтерді кластар, стратегиялар мен өңірлер арасында теңгерімді сақтаудың маңызы зор.

[5] *Long-Term Private Equity Performance: 2000 to 2025, December 11, 2025, Cliffwater.*

NIC NBK

V

БАЛАМАЛЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ

Жеке капитал	34
Жеке қарыз	35
Хедж-қорлар	36
Криптоактивтер	37
Жылжымайтын мүлік	38
Инфрақұрылым	40

2025 жылы балама инвестициялар нарықтары әркелкі динамиканы көрсетті. Бірқатар сегменттерде нарықтық белсенділік жанданып, капитал тарту көлемі артса, басқа бағыттарда қаржыландыру құнының жоғары деңгейі, инвестициялардан шығу мерзімдерінің ұзаруы және капитал ағындарының теңгерімсіздігі нарыққа қысым жасауын жалғастырды.

Корпорация үшін баламалы активтердің жекелеген кластары мен сегменттеріндегі өзгерістерді талдау стратегиялық маңызға ие. Мұндай талдау ұзақ мерзімді инвестициялық саясатты қалыптастыруға, инвестициялық мүмкіндіктерді бағалауға, басқарушыларды іріктеуге және тәуекелдерді тиімді басқаруға негіз болып табылады.

БАЛАМАЛЫ АКТИВТЕРДІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

ЖЕКЕ КАПИТАЛ

- 3.8 трлн АҚШ доллары өткізілмеген активтер
- Қайталама нарықтағы мәмілелер (Secondaries) саны рекордтық 226 млрд АҚШ долларына жетті (+41%)
- Негізгі назар – AI жобалары мен орта сегмент мәмілелерінде

ЖЕКЕ ҚАРЫЗ

- Рекордтық AUM 2.3 трлн АҚШ доллары
- Еуропа нарығына қарай құрылымдық өзгеріс (үлесі 23%-дан 46%-ға дейін өсті)
- Кредиттік спредтер тарылды, тікелей кредиттеу басым рөлге ие

ХЕДЖ-ҚОРЛАР

- AUM тарихи максимумы – 5,2 трлн АҚШ доллары
- Азия өңіріндегі басқарушылардың орташа жылдық кірістілігі 20%-дан асты

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

- Жылжымайтын мүлік секторы 155 млрд АҚШ доллары және инфрақұрылым секторы рекордтық 208 млрд АҚШ доллары көлемінде капитал тартты
- Инфрақұрылым саласына тартылған капиталдың жалпы көлемінің шамамен 90%-ы жаңартылатын энергетикаға, таза технологиялық (clean tech) шешімдеріне және цифрлық инфрақұрылымға бағытталды

Жеке капитал

Жеке капитал нарығында соңғы жылдары қалыптасқан негізгі қиындықтардың бірі – өтімділік тапшылығы. Пайыздық мөлшерлемелердің төмен кезеңінде сатып алынған активтердің елеулі бөлігі әлі күнге дейін сатылмай отыр. Соның салдарынан жаңа капитал тарту қарқыны баяулап, басқарушылардың активтерден шығу белсенділігі төмендеуде. Бұл жағдай инвесторларға капиталды қайтару мерзімдерінің ұзаруына және жалпы кірістілікке қысымның күшеюіне әсер етуде. Нарықтағы ахуалға ірі экономикалардағы макроэкономикалық белгісіздік пен сақталып отырған геосаяси жағдайға байланысты тәуекелдер де қосымша ықпал етіп отыр.

2025 жылдың қорытындысы бойынша өткізілмеген активтердің көлемі шамамен 3,8 трлн АҚШ долларына жетті, ал активтерді иеленудің орташа мерзімі жеті жылға ұзарды. Сонымен қатар инвесторларға төленетін қаражат көлемі тарихи деңгейлерден төмен. 2022 жылдың басынан бері қорларға тартылған капитал көлемі инвесторларға қайтарылған қаражаттан 117 млрд АҚШ долларынан астам сомаға асып түсті. Осындай жағдайда өтімділікті қамтамасыз етудің баламалы құралдарына деген сұраныс артып келеді. Соның ішінде қайталама мәмілелер (secondaries) нарығы ерекше өсім көрсетті: оның көлемі бір жыл ішінде 41%-ға артып, рекордтық 226 млрд АҚШ долларына жетті.

Өтімділік тапшылығы капитал тарту нарығына қысым жасауын жалғастыруда. Инвесторларға бөлінетін төлемдер көлемінің шектеулі болуы олардың жаңа қорларға қаражат бөлу мүмкіндіктерін төмендетеді. Соның салдарынан көптеген басқарушылар жаңа қорларды іске қосуды кейінге қалдыруға мәжбүр болып, фандрайзинг белсенділігі тарихи орташа деңгейден төмен қалып отыр. 2025 жылы сатып алу стратегиялары бойынша тартылған капитал көлемі 16%-ға қысқарып, 395 млрд АҚШ долларды құрады, ал капитал жинауды аяқтаған қорлар саны 23%-ға азайды. Мұндай жағдайда инвесторлардың қаражаты, ең алдымен, тұрақты нәтижелер көрсетіп келген және капиталды қайтару қабілетін дәлелдеген басқарушыларға бағытталуда.

Соған қарамастан, нарықта өсу әлеуеті жоғары бағыттар да жоқ емес. 2025 жылы жеке капитал нарығы жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы мен орта нарық сегментінің тартымдылығының артуы есебінен қалпына келудің алғашқы белгілерін көрсетті. Әсіресе Еуропада көлемі 1 млрд еуродан 5 млрд еуроға дейінгі қорларға инвесторлардың қызығушылығы айтарлықтай өсті. Мұндай қорлар ауқымды кеңейту мүмкіндігі мен сараланған инвестициялық мүмкіндіктерге қолжетімділік арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді. Жаһандық қосылу және сатып алу (M&A) нарығында да белсенділік айтарлықтай жанданды. 2025 жылы мәмілелер көлемі 44%-ға өсіп, 5,1 трлн АҚШ долларына жетті. Осы үрдіс аясында саланың ең ірі стратегиясы болып табылатын сатып алу мәмілелері (buyout) сегменті алдыңғы жылмен салыстырғанда 44%-ға өсіп, 904 млрд АҚШ долларына жетті. Нарықтағы ағымдағы жағдайды және инвестициялық мүмкіндіктерді ескере отырып, Корпорация Еуропа мен Солтүстік Американың орта нарық сегментіндегі жеке капиталға, сондай-ақ венчурлық капиталға инвестициялау бағыттарын белсенді түрде дамытуда.

Жеке қарыз

2025 жылы жаһандық жеке қарыз нарығы құбылмалы макроэкономикалық ортаға қарамастан жоғары белсенділігін сақтап қалды. Preqin деректеріне сәйкес, басқарудағы активтердің көлемі рекордтық 2,3 трлн АҚШ долларына жетті. Бұл жеке қарыздың институционалдық инвесторлар портфельдеріндегі маңызының артып келе жатқандығының белгісі.

Жылдың екінші жартысында капитал тарту нарығында біртіндеп қалпына келу белгілері байқалды. IV тоқсанда капитал тартуды аяқтаған қорларға 46 млрд АҚШ доллары көлемінде қаражат келді. Ол III тоқсанмен салыстырғанда 21%-ға жоғары. Жалпы алғанда, 2025 жылғы фандрайзинг көлемі 207 млрд АҚШ доллары болды. Бұл 2024 жылғы деңгейден 6,5%-ға төмен болғанымен, төмендеу қарқынының баяулауы инвесторлар сұранысының тұрақтанып келе жатқанын көрсетеді. Бұл ретте Preqin 2026 жылы фандрайзинг үдерісінің жеделдеп, 2025 жылмен салыстырғанда шамамен 20%-ға өсуін болжауда.

2025 жылғы маңызды үрдістердің бірі капиталдың еуропалық қорларға бағытталуы болды. Егер 2024 жылы олардың үлесі 23%-ды құраса, 2025 жылдың алғашқы үш тоқсанында бұл көрсеткіш 46%-ға жетті. Ал Солтүстік Америка қорларының үлесі 72%-дан 51%-ға дейін төмендеді. Бұл өзгерістерге бірнеше фактор әсер етті. Геосаяси тәуекелдердің күшеюі инвесторларды капиталды өңірлер арасында әртараптандыруға ынталандыруда. Сонымен қатар Еуропада баламалы несиелеу нарығының өсу мүмкіндігі әлі де жоғары. Өңірде банктік емес кредиттеудің үлесі небәрі 12%-ды құрайды, ал АҚШ-та бұл көрсеткіш 75%-ға жетеді. Бұған қоса, банктік реттеудің күшеюі баламалы қаржыландыру көздеріне сұранысты арттыруда. Еуропалық мәмілелер американдық нарықпен салыстырғанда қосымша табыстылық ұсынатындықтан, инвесторлардың қызығушылығы да артып келеді.

Тікелей несиелендіру жеке қарыз нарығының негізгі күші болып қалды. 2025 жылдың алғашқы үш тоқсанында орналастырылған капиталдың 61,5%-ы осы сегментке тиесілі болды. Сонымен бірге қайтарылуы қиын қарыз сегментінде де айтарлықтай өсу байқалып, капиталды тарту көлемі бойынша 2021 жылдан бергі ең үздік нәтижені көрсетті. Мұндай үрдіс нарықтың жетілгенін де, инвесторлардың алдағы несиелік циклге қатысты сақтық танытып отырғанын да аңғартады.

2025 жылы пайыздық мөлшерлемелердің 75 б.т.-ға төмендеуі банктік несиелендіру нарығының жандануына ықпал етті. Нәтижесінде тікелей кредиттеу сегментіндегі бәсекелестік күшейді. АҚШ-та тікелей кредиттеу нарығының көлемі 842 мәміле бойынша 247 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл рекордтық 2024 жылмен салыстырғанда мәмілелер саны жағынан 11%-ға, көлемі жағынан 16%-ға төмен. Сонымен қатар кредиттік спредтердің тарылуы жалғасты. Спреді S+500-ден төмен унитранш-кредиттердің үлесі 17%-дан 31%-ға дейін өсті. Дегенмен бұл көрсеткіштер нарықтың әлсіреуін емес, соңғы жылдардағы ерекше жоғары белсенділіктен кейін қалыпты деңгейге қайта оралғанын көрсетеді. Соған қарамастан, 2025 жыл мәмілелер көлемі бойынша 2017 жылдан бергі екінші ең жоғары нәтиже көрсеткен жыл болды. Компанияларды сатып алуды қаржыландыру сегменті ең жоғары өсім көрсетіп, көлемі 81,4 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл қосылу және сатып алу нарығындағы белсенділіктің қайта жанданғанын білдіреді.

Ал, Еуропада, керісінше, тікелей несиелендіру нарығы оң динамика көрсетті. Оның көлемі 160 мәміле аясында 41 млрд еурға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда тиісінше 8%-ға және 21%-ға артты. Тікелей кредиттеу арқылы сатып алу мәмілелерін қаржыландыру бойынша спредтер 2024 жылғы 563 б.т.-дан 521 б.т.-ға дейін төмендеді. Соған қарамастан, бұл көрсеткіш кең ауқымда синдикатталған несиелер (broadly syndicated loans) нарығының деңгейінен 122 б.т.-ға жоғары болды. Бұл жеке қарыздың жария несие құралдарына қарағандағы сыйлықақысының сақталып отырғанын айғақтайды, десе де оның көлемі 2024 жылғы 142 б.т.-мен салыстырғанда төмендеді.

Портфельдердің бағдарламалық жасақтама мен технологиялар секторында тым жоғары шоғырлануы нарық қатысушыларының арасында белгілі бір деңгейде алаңдаушылық туғызды. Дегенмен несиелік көрсеткіштер тұрақтылығын сақтады. Жария нарықтардағы дефолттар деңгейі шамамен 1,25%-ды құрады, ал бұл тарихи орташа мәннен (2,5%) айтарлықтай төмен.

Тұтастай алғанда, жеке қарыз нарығы 2025 жылы тұрақтылығын және құрылымдық өсу әлеуетін көрсетті. Корпорация жеке қарызға инвестициялау бағдарламасын одан әрі жалғастыра бермекші. Активтердің бұл класы портфельді әртараптандыруға, инфляциялық тәуекелдерді төмендетуге және ақша ағындарының тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Хедж-қорлар

2025 жылы хедж-қорлар нарығы оң динамика көрсетті. Нарықтағы қорлар басқарушыларының жоғары инвестициялық нәтижелері басқарудағы активтер көлемінің өсуіне тікелей әсер етті. HFR мәліметтері бойынша, 2025 жылдың IV тоқсанының соңында хедж-қорлардың басқаруындағы активтер көлемі рекордтық 5,2 трлн АҚШ доллары деңгейіне жетті. 2025 жылдың үшінші тоқсанының соңындағы жағдай бойынша хедж-қорлардың саны шамамен 8 500-ді құрады.

Нарықтағы белгісіздіктің сақталуы, геосаяси тәуекелдер мен макроэкономикалық факторлардың ықпалы, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларының дамуымен байланысты құрылымдық өзгерістер аясында институционалдық инвесторлардың хедж-қорларға деген қызығушылығы арта түсті. Осындай жағдайда инвесторлар портфельді әртараптандырудың және нарықтық құбылмалылықтан қорғанудың тиімді құралдарын белсенді іздей бастады. Нәтижесінде 2025 жылы хедж-қорлар соңғы он жылдағы ең жоғары капитал ағынын тіркеді.

2025 жылғы инвестициялық нәтижелерге тоқталсақ, ең жоғары нәтижелерді акциялар нарығына бағытталған және оқиғалық тәсілдерді қолданатын хедж-қорлар көрсетті – олардың кірістілігі екі таңбалы деңгейге жетті. Салыстырмалы құн мен макростратегияларға негізделген қорлар да оң нәтиже көрсеткенімен, олардың табыстылығы орташа болды. Денсаулық сақтау, энергетика және шикізат секторлары сияқты жекелеген бағыттарда мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған, сондай-ақ жоғары өсу әлеуеті бар компанияларға инвестиция салуға басымдық берген басқарушылар көш бастады. Ал жүйелік модельдерге сүйенетін хедж-қорлардың нәтижелері аралас сипат алып, жыл қорытындысында аздаған шығынмен аяқталды.

Сонымен қатар басқарушылар көрсеткіштерінің арасында айтарлықтай айырмашылық сақталуда. Әр стратегия бойынша үздік хедж-қорлардың нәтижелері, әдетте, тиісті бенчмарк көрсеткіштері мен индустрияның орташа көрсеткіштерінен айтарлықтай асып түседі.

2025 жылы Корпорацияның хедж-қорлар суб-портфелі барлық белгіленген бенчмарктерден жоғары нәтиже көрсетті. Әсіресе, басқарушылардың орташа жылдық кірістілігі 20%-дан асқан Азия өңіріне бағытталған аллокация табысты болды. Сонымен қатар кешенді стратегияларды ұстанатын басқарушылар, оның ішінде акциялар нарығына және оқиғалық инвестициялық стратегияларға маманданған қорлар жоғары нәтижелер көрсетті. Технологиялық компанияларға шоғырланған позициялары бар жекелеген хедж-қорлар мен қосылу және сатып алу мәмілелеріне бағдарланған стратегиялар да портфель кірістілігіне елеулі үлес қосты.

Криптоактивтер

Биткоин нарыққа енгелі криптоактивтер қарқынды дамып, оның жиынтық капитализациясы бірнеше есеге өсті. 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша нарық көлемі шамамен 3 трлн АҚШ долларын құрады, оның ішінде 1,8 трлн АҚШ доллары биткоиннің үлесіне тиесілі болды. 2011–2025 жылдар аралығында биткоинның орташа жылдық кірістілігі жоғары құбылмалылық жағдайында 100%-дан асты. Тарихи тұрғыдан алғанда, криптовалюта кірістілік деңгейі жағынан да, тәуекел тұрғысынан да дәстүрлі қаржы құралдарынан айтарлықтай ерекшеленеді. Сонымен қатар оның тәуекелі жоғары активтермен корреляциясы нарықтық жағдайға байланысты өзгеріп отырды. Соңғы бірнеше жылда биткойннан бөлек криптонарықтың басқа сегменттері де қарқынды дамып келеді. Атап айтқанда, альткойндардың нарықтық капитализациясы едәуір өсті, жаңа токендер пайда болды, орталықтандырылмаған қосымшалар (dApps) мен смарт-келісімшарттарға арналған платформалар дамыды. Бұл инвестициялық мүмкіндіктер аясын кеңейтуге ықпал етеді. Институционалдық инвесторлар криптоактивтерді өз инвестициялық портфельдеріне белсенді түрде қарастырып, енгізуде. Қазіргі уақытта бірқатар елдер мемлекеттік криптовалюта резервтерін құруды жоспарлап отыр немесе мұндай резервтерді құрып үлгерді. Криптоактивтер бұл елдерде әртараптандыруды күшейтудің, инфляциялық тәуекелдерді төмендетудің және цифрлық экономиканың дамуын қолдаудың қосымша құралы ретінде қарастырылады. Әлемде криптоактивтерді басқаруға қатысты әртүрлі тәсілдер қолданылады. Мысалы, Германия мен Ұлыбритания тәркіленген криптоактивтерді бюджетке қосымша түсім әкелетін ресурс ретінде қарап, оларды сатуды жөн көреді. Ал Швейцария мен Сингапурда криптовалютамен есеп айырысу тетіктері мен дамыған криптоинфрақұрылымның қалыптасқанына қарамастан, цифрлық активтер мемлекеттік резервтердің құрамына енгізілмеген. Сонымен бірге Temasek, GIC және Luxembourg Intergenerational Sovereign Fund сияқты ірі институционалдық инвесторлар блокчейн технологиялары мен цифрлық активтер экожүйесіне инвестиция салуда. АҚШ, Пәкістан және Бутан сияқты елдер ұзақ мерзімді стратегиялық крипторезервтерді қалыптастыру бағытын таңдады.

Цифрлық активтерге инвестициялау кезінде институционалдық инвесторлар әртүрлі құралдарды пайдаланады. Олардың қатарында криптовалюталардағы тікелей позициялар, биржалық инвестициялық қорлар (ETF), туынды қаржы құралдары, цифрлық активтермен байланысты компаниялардың бағалы қағаздары, сондай-ақ инвестициялық және белсенді басқарылатын қорлар бар. Институционалдық инвесторлардың пікірінше, цифрлық активтер нарығының одан әрі дамуы көбіне осы саланы мемлекеттік реттеу саясаттың айқындығына байланысты. Сондықтан инвесторларды қорғау, нарықтың ашықтығын арттыру және цифрлық активтерді дәстүрлі қаржы жүйесіне енгізу мәселелері басты назарда. Бүгінде АҚШ, Еуропалық Одақ, БАӘ, Гонконг және Сингапур секілді жетекші қаржы орталықтары осы бағыттағы құқықтық және реттеуші базаны жетілдіру жұмыстарын белсенді жүргізуде.


Президенттің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік стратегиялық крипторезерв қалыптастырылатыны жарияланды. Крипторезерв Корпорация базасында құрылғандықтан, 2025 жылы Корпорация криптоиндустрияға маманданған басқарушылар мен қорларды іріктеу процессін бастады. Сонымен қатар инвестициялық басқарушылармен, институционалдық инвесторлармен және цифрлық активтер нарығындағы жетекші қызмет көрсетушілермен қарым-қатынас орнатылды.


Жылжымайтын мүлік

2025 жылы жаһандық жылжымайтын мүлік нарығы жоғары пайыздық мөлшерлемелердің ұзақ кезеңінен өтіп, активтер құнының қайта бағалануынан және инвестициялық белсенділіктің бәсеңдеуінен кейін біртіндеп тұрақтану кезеңіне өтті. Preqin деректеріне сәйкес, есепті кезеңде капитал тарту нарығында оң серпін байқалды. Жылдың екінші жартысында белсенділік біршама төмендегенімен, тартылған капитал көлемі 2024 жылғы деңгейден асып, 155 млрд АҚШ долларына жетті. Дегенмен бұл көрсеткіш соңғы бес жылдағы орташа деңгейден әлі де төмен, бұл нарықтың толық қалпына келмегенін аңғартады. Инвестициялық белсенділіктің негізгі бөлігі бұрынғысынша Солтүстік Америкаға тиесілі болды. Сонымен қатар Азия-Тынық мұхиты өңірі де жылжымайтын мүлік нарығындағы маңызды бағыттардың бірі ретіндегі позициясын сақтап қалды.

Инвестициялық стратегиялар тұрғысынан алғанда, 2025 жылы инвесторлардың назары тұрақты табыс қалыптастыруға бағытталған стратегияларға ауысты. Атап айтқанда, core, core-plus және real estate debt стратегиялары IV тоқсанда тартылған капиталдың 57%-ын қамтамасыз етті, бұл соңғы жылдардағы орташа деңгейден едәуір жоғары. Мұндай динамика жоғары пайыздық мөлшерлемелердің сақталуы және макроэкономикалық белгісіздіктің күшеюі жағдайында инвесторлардың неғұрлым тұрақты әрі болжамды табыс көздеріне басымдық бере бастағанын көрсетеді.

Географиялар мен инвестициялық стратегиялар бойынша жылжымайтын мүлік нарығына тартылған капиталдың көлемі, 2020–2025 жылдар.





Дереккөз: Real Estate Q4 2025: Preqin Quarterly Update

Сонымен қатар, жылжымайтын мүлік борышы стратегиясына деген қызығушылықтың тұрақты өскенін атап өткен жөн. Бұған, ең алдымен, АҚШ-тағы салыстырмалы түрде жоғары пайыздық мөлшерлемелер ықпал етуде, өйткені мұндай жағдайда қарыз құралдарының табыстылығы инвесторлар үшін анағұрлым тартымды бола түседі. 2025 жылы осы стратегия аясында тартылған капиталдың шамамен 87%-ы Солтүстік Америка нарығына бағытталған қорларға тиесілі болды. Бұл 2020 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш саналады.

Жаһандық жылжымайтын мүлік нарығында біртіндеп қалпына келу үрдісі байқалды. Алайда бұл үрдіс барлық өңірде бірдей қарқынмен байқалған жоқ. Мәмілелердің жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 2%-ға төмендеп, шамамен 167 млрд АҚШ долларын құрады. Бұған негізінен Еуропа мен Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі белсенділіктің бәсеңдеуі әсер етті, ал Солтүстік Америкадағы өсім бұл төмендеуді ішінара өтеді. Сонымен қатар мәмілелер саны шамамен 2%-ға артты. Бұл мәмілелер көлемінің құндық тұрғыдан қысқаруына қарамастан, нарықтағы іскерлік белсенділіктің біртіндеп жанданып келе жатқанын көрсетеді.

Мәмілелер құрылымында да белгілі бір өзгерістер байқалды. Тұрғын үй сегментінің үлесі 25%-дан 28%-ға дейін өсіп, 2025 жылы транзакциялар көлемі бойынша ең ірі сегментке айналды. Сонымен бірге сапалы активтер үшін бәсекелестік күшейе түсті. Мұны негізгі қиындықтардың бірі ретінде бағалаған басқарушылардың үлесі 2023 жылғы 17%-дан 2025 жылы 38%-ға дейін өсті.

Нарықтың өңірлік динамикасы әртүрлі факторлардың ықпалымен қалыптасты. Солтүстік Америкада пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі және нарықтағы өтімділіктің жоғары деңгейі мәмілелер белсенділігінің артуына ықпал етті. Нәтижесінде өңір 2025 жылы жылжымайтын мүлік нарығындағы өсімнің негізгі қозғаушы күшіне айналды. Еуропада, керісінше, 2024 жылдың соңында байқалған қарқынды белсенділіктен кейін нарық біртіндеп қалыпты деңгейге оралды. Ал Азия-Тынық мұхиты өңірінде іскерлік белсенділік әлсіреп, оған макроэкономикалық және валюталық факторлар әсер етті. Дегенмен Жапония мен Оңтүстік Корея сияқты бірқатар елдерде ұлттық валюталардың әлсіреуі алдағы кезеңде инвестициялық белсенділіктің қайта жануына негіз қалыптастыруда.

Баламалы инвестициялар нарығындағы жалпы үрдістерге көз жүгіртсек, жылжымайтын мүлік әлі де қалпына келу кезеңінен өтіп жатқан активтер класының бірі болып отыр. Жаһандық қаржы дағдарысынан кейін бұл сектордағы қорлар саны едәуір қысқарып, дағдарысқа дейінгі деңгейге тек 2022 жылы қайта жетті. Сонымен бірге, басқа баламалы активтермен салыстырғанда, жылжымайтын мүлік нарығындағы кірістілік қорлар санының өзгерісіне соншалықты тәуелді бола бермейді.

Жалпы алғанда, 2025 жыл жылжымайтын мүлік нарығы үшін тұрақтану және тепе-теңдіктің біртіндеп қалпына келу кезеңі болды. Капитал тарту көлемінің өсуі мен табыс әкелетін стратегияларға қызығушылықтың артуы нарықтағы сенімнің біртіндеп қалпына келе бастағанын көрсетті. Атап айтқанда, капиталдың ірі басқарушылар арасында шоғырлануы, қаражат тарту циклдерінің ұзақтығы, сапалы активтер үшін бәсекелестіктің күшеюі және мәмілелер қарқынының әлі де баяу болуы нарықтың ерекшелігі ретінде қалып отыр. Мұндай жағдайда институционалдық инвесторлар үшін активтерді таңдаудағы ұқыптылық, басқарушылардың тәжірибесі мен сапасы, сондай-ақ портфельді өңірлер, секторлар және стратегиялар бойынша теңгерімді қалыптастыру бұрынғыдан да маңызды бола түсуде.


Нарықтағы осы үрдістерді ескере отырып, Корпорация жылжымайтын мүлік портфелін дамытуын жалғастыра бермек. Бұл ретте инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде активтердің сапасына, басқарушылардың кәсіби деңгейіне және ұзақ мерзімді құн қалыптастыру әлеуетіне басымдық беріледі.

Инфрақұрылым

2025 жылы инфрақұрылымдық инвестициялар нарығы күрделі геосаяси ахуалға және мемлекеттік реттеулердің күшеюіне қарамастан жоғары белсенділік көрсетті. Preqin деректеріне сәйкес, жыл қорытындысы бойынша тартылған капитал көлемі рекордтық 208 млрд АҚШ долларына жетіп, 2024 жылғы 131 млрд АҚШ доллары көрсеткішінен едәуір асып түсті. Әсіресе жылдың соңғы тоқсанындағы жоғары белсенділік инфрақұрылымдық активтердің құбылмалы нарық жағдайында да инвесторлар үшін тартымдылығын сақтап отырғанын көрсетті.

Инвестициялардың едәуір бөлігі жаңартылатын энергетикаға, таза технологиялар (clean tech) жобаларына, сондай-ақ деректерді өңдеу орталықтары мен цифрлық инфрақұрылым нысандарына бағытталды. Бұл сегменттерге деген қызығушылықтың артуына бірнеше фактор әсер етті. Олардың қатарында деректерді тұтыну көлемінің тұрақты өсуі, жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы, тұрақты энергия көздеріне сұраныстың күшеюі және қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігі бар. Нәтижесінде аталған бағыттар инфрақұрылым секторына тартылған капиталдың шамамен 90%-ын шоғырландырды.

Өңірлер бойынша инфрақұрылымдық қорларға тартылған капиталдың тарихи және болжамды көлемі



Дереккөз: Preqin 2025 Global Report: Infrastructure

Инвестициялардың өңірлік құрылымында Солтүстік Америка мен Еуропа көш бастады. 2025 жылы Солтүстік Америкаға бағытталған қорлар 110 млрд АҚШ доллары көлемінде капитал тартып, 2024 жылғы деңгейден төрт есе жоғары нәтиже көрсетті. Нәтижесінде Солтүстік Америка жаһандық капитал тартудың негізгі орталығы мәртебесін сақтап қалды және жалпы көлемнің шамамен 52%-ын қамтамасыз етті. Еуропа нарығында да оң серпін сақталып, жаңартылатын энергетика жобаларына деген жоғары сұраныстың арқасында тартылған капитал көлемі өткен жылмен салыстырғанда 50%-дан астам өсті.

Инвестициялық стратегиялар бойынша инвесторлардың назары тұрақты ақша ағындарын қамтамасыз ететін және операциялық тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін бағыттарға ауысты. Core стратегиясы капитал тарту құрылымындағы жетекші позициялардың бірін сақтап қалып, IV тоқсанда жалпы көлемнің шамамен 40%-ын құрады. Дегенмен жыл қорытындысы бойынша бұл стратегияға тартылған капитал көлемі 2024 жылғы деңгейден төмен болды. Сонымен қатар core-plus және value-add стратегияларына деген қызығушылық айтарлықтай күшейді. Әсіресе core-plus сегменті жоғары өсім көрсетіп, тартылған капитал көлемі бес есеге артып, 88 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл core-plus стратегиясының тәуекел мен кірістіліктің теңгерімді арақатынасын іздейтін инвесторлар үшін ең тартымды бағыттардың біріне айналғанын көрсетеді.

Нарықтағы тағы бір маңызды үрдіс – инфрақұрылымдық қарыз құралдары мен қайталама нарық (secondaries) стратегияларына қызығушылықтың артуы болды. 2025 жылы secondaries сегментінде капитал тарту көлемі ұлғайып, инвесторлар тарапынан сұраныстың жоғары екені байқалды. Бұған өтімділікке деген қажеттіліктің артуы, тәуекел мен кірістіліктің оңтайлы арақатынасы, сондай-ақ бастапқы инфрақұрылымдық инвестициялармен салыстырғанда инвестицияларды іске асыру мерзімінің қысқалығы ықпал етті. Сонымен бірге инвесторлар үлестіретін қаражаттың орташа көлемі төмендей түсті, бұл олардың активтерді таңдауға неғұрлым мұқият қарай бастағанын көрсетеді.

2025 жылы мәмілелер белсенділігі біршама бәсеңдеді. Әсіресе бұл үрдіс IV тоқсанда анық байқалып, мәмілелер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 41%-ға қысқарды. Соған қарамастан, Солтүстік Америкадағы ірі мәмілелердің арқасында нарықтағы жалпы инвестициялық көлем салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталды. Инвесторлардың негізгі назары бұрынғыдай жаңартылатын энергетикаға, цифрлық инфрақұрылымға және midstream энергетикасына бағытталды. Әсіресе деректерді өңдеу орталықтары мен күн және жел энергетикасы жобаларына қызығушылық жоғары болды.

Инфрақұрылым нарығының қазіргі жағдайы табыстылықтың жоғары тұрақтылығымен сипатталады. Бұл активтер класы ұзақ мерзімді келісімшарттардың болуы, реттелетін тарифтер және маңызды инфрақұрылымға деген мемлекеттің назары арқасында нарықтық құбылмалылықтан сақтайды. Оған қоса 2025 жылы қосымша оң фактор ретінде дамыған экономикалардағы инфляцияның баяулауы болды. Бұл операциялық көрсеткіштердің болжамдылығын арттырып, ұзақ мерзімді инвестициялар үшін белгісіздік деңгейін төмендетті.

Жалпы алғанда, 2025 жыл инфрақұрылым нарығы үшін орнықты өсім мен институционалдық инвесторлар рөлінің күшею кезеңі болды. Капитал тарту көлемінің рекордтық деңгейге жетуі сапалы активтер үшін бәсекелестікті күшейтіп, басқарушылардың кәсіби тәжірибесі мен операциялық құзыреттерінің маңызын арттырды. Сонымен қатар инвесторлар капиталды орналастыру кезінде бұрынғыдан да іріктемелі және талапшыл тәсілді ұстана бастады. Ұзақ мерзімді институционалдық инвесторлар үшін инфрақұрылым тұрақты ақша ағындарын қалыптастыру мүмкіндігін, инфляциядан қорғаныс әлеуетін және энергетикалық трансформация, цифрландыру мен маңызды инфрақұрылымды жаңғырту сияқты ұзақ мерзімді жаһандық үрдістерге қатысу мүмкіндігін қатар ұсынатын маңызды активтер класы болып қала бермекші.

Нарықтағы осы үрдістерді ескере отырып, Корпорация инфрақұрылымдық портфельді одан әрі дамытуда және саланың жетекші ойыншыларымен әріптестікті кеңейту жұмыстарын жалғастыруда.

NIC NBK



VI

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі 44
Жалғыз акционер 45
Директорлар кеңесі 45
2025 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы 46
Директорлар кеңесінің 2025 жылғы қызметі 50
Директорлар кеңесінің комитеттері 51
Атқарушы орган – Басқарма 53
Сыйақы саясаты 56
Корпоративтік хатшы 57
Комплаенс-бақылау 57
Іскерлік әдеп, мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат 58
Ішкі аудит 59

Корпорация өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны[6], Корпоративтік басқару кодексін, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесі мен Басқарманың шешімдерін, сондай-ақ өзге де ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Есепті жылы Корпорация Жалғыз акционердің 2025 жылғы 18 шілдедегі шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексінің жаңартылған редакциясын ескере отырып, корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жұмыстарын жалғастырды. Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Өкілеттіктерді айқындау

Өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты белгілеу

Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау

Акционердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету

Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару

Теңгерімді және нәтижеге бағдарланған басқаруды қамтамасыз ету

Тұрақты даму

Тұрақты даму қағидаттарын интеграциялау

Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит

Тәуекелдерді анықтау мен бақылаудың жүйелі тәсілі

Корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу

Даулы жағдайлардың алдын алу және оларды тиімді реттеу

Ақпараттың ашықтығы мен объективтілігі

Ақпараттың ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету

Директорлар кеңесі 2025 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті бекітті. Бұл Корпорацияның корпоративтік басқару сапасын тұрақты негізде бағалауға және Кодекс талаптарының іс жүзінде орындалуын жүйелі түрде бақылауға ерекше мән беретінін көрсетеді. Аталған тәжірибе Корпорация қызметінің ашықтығын арттыруға, Жалғыз акционер алдындағы есептілікті күшейтуге және ақпараттың толық әрі уақтылы ашылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

[6] *Корпорация Жалғыз акционерінің 2021 жылғы 11 мамырдағы №73 шешімімен бекітілген.*

Корпоративтік басқару жүйесі

Жарғыға сәйкес Корпорацияның корпоративтік басқару органдары:

Жоғары орган

АКЦИОНЕР

Корпорацияның жоғары басқару органы

Басқару органы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Корпорация қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады

Атқарушы орган

БАСҚАРМА

Ағымдағы қызметке басшылық етеді

Бақылау органы

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелеріне бағалау жүргізеді

Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Корпорацияның Жарғысына сәйкес айқындалады.

Жалғыз акционер

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Корпорацияның жоғары органының функцияларын жүзеге асыратын Корпорацияның Жалғыз акционері болып табылады. Жалғыз акционердің құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасына, Корпорацияның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының бұйрығына сәйкес Акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Ақылжан Мәлікұлы Баймағамбетовке берілген.

Корпорацияның корпоративтік басқару жүйесінде Жалғыз акционер заңнамада және Жарғыда белгіленген өкілеттіктер шеңберінде басқару функцияларын жүзеге асырады. Бұл ретте Директорлар кеңесі мен Басқарманың өз құзыреті шегіндегі дербестігі толық көлемде сақталады. Аталған тәсіл Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарына сәйкес келеді. Оған сәйкес Ұлттық Банк мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Жалғыз акционер ретіндегі өкілеттіктерін мемлекеттік функцияларды орындауға байланысты өкілеттіктерден ажыратып жүзеге асырады.

2025 жылы Жалғыз акционер өзінің айрықша құзыретіне жататын бірқатар маңызды шешімдер қабылдады. Атап айтқанда, Корпорацияның 2024 жылғы аудиттелген қаржылық есептілігі мен таза кірісті бөлу тәртібі бекітілді, Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды, Корпоративтік басқару кодексі бекітілді, сондай-ақ 2025 жылғы қаржылық есептілікке аудит жүргізетін аудиторлық ұйым айқындалды.

Директорлар кеңесі

Корпорация Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Корпорацияның стратегиялық даму бағыттарын айқындайды, оның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Басқарма жұмысына бақылау жүргізеді. Сонымен қатар Директорлар кеңесі негізгі инвестициялық мәселелерді қарап, өз құзыреті шеңберінде ішкі құжаттарды бекітеді. Сондай-ақ ішкі бақылау, ішкі аудит, комплаенс және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін қадағалайды.

Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы құрамы



Молдабекова Әлия Мейірбекқызы

Директорлар кеңесінің Төрайымы, Жалғыз акционердің өкілі

Білімі

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті – математика магистрі, қолданбалы математика (1999)

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті – математик, қолданбалы математика (1997)

Қосымша білімі және біліктілігі

Физика-математика ғылымдарының кандидаты

Кәсіби тәжірибесі

2020 жылдан бастап – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ, Директорлар кеңесінің Төрайымы;

2019 жылдан бастап – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Төрағаның орынбасары;

2015–2019 жж. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Монетарлық операциялар департаментінің директоры;

2001–2012 жж. – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Монетарлық операциялар департаментінің Талдау және тәуекелдер, дилингтік операциялар басқармасында басшылық қызметтерін атқарды;

1999 ж. – Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, ЭЕМ математикалық жасақтама және математикалық кибернетика кафедрасының көмекшісі.



Тұрсынханов Нұржан Асқарұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Жалғыз акционердің өкілі

Білімі

University of Nottingham – экономика, 2003 жыл

Nazarbayev University – басшыларға арналған «Іскерлік әкімшілендіру» бағдарламасы / Executive MBA, 2020 жыл

Кәсіби тәжірибесі

2019-16.01.2026 – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар департаментінің директоры;

2015–2019 жж. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар департаментіндегі басшылық лауазымдар;

2015 ж. – «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК» АҚ Төрағасының орынбасары;

2012–2015 жж. – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;

2004–2012 жж. – Ұлттық Банктің Монетарлық операциялар департаменті дилингтік операциялар басқармасының бас дилері, басқарма бастығының орынбасары;

2003–2004 жж. – «HSBC Банк Қазақстан» ЕБ» АҚ Қазынашылық департаментінің трейдері.



Рысбеков Серікжан Данасұлтанұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Басқарма Төрағасы

Білімі

King's College London, Ұлыбритания – MSc Strategic Entrepreneurship and Innovation (2022)

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті – MBA (2007)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – экономика бакалавры (2005)

Қосымша білімі және біліктілігі

CFA Charterholder

Кәсіби тәжірибесі

2024 жылғы 15 сәуірден бастап – «ҚҰБ ҰИК» АҚ, Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі;

2023–2024 жж. – «АХҚО Әкімшілігі» АҚ, Платформалар бойынша басқарушы директор / Chief Platform Officer;

2022–2023 жж. – «BCC Invest» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары;

2016–2022 жж. – «ҚҰБ ҰИК» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары;

2012–2016 жж. – «ҚҰБ ҰИК» АҚ, басшылық лауазымдар;

2007–2012 жж. – ҚРҰБ Монетарлық операциялар департаменті, Талдау және тәуекелдер басқармасының бас талдаушысы.

Марапаттары

«Теңгеге 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған



Жорж Сударскис

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Білімі

Ecole Supérieure de Commerce de Paris – бакалавр (1972)

McGill University – MBA (1974)

Кәсіби тәжірибесі

2018 жылдан бастап – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;

Sudarskis & Partners – негізін қалаушы және басқарушы серіктесі;

1998-2009 жж. – Abu Dhabi Investment Authority, бас инвестициялық директор;

1975-1995 жж. – Arthur Andersen & Co., Morgan Guaranty Trust Co. of NY, FIDAL, INF Bank France, Clinvest / Crédit Lyonnais, әртүрлі лауазымдар.



Петер Йоханнес Мария Тилс

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Білімі

Бонн университеті – саяси экономика (1974)

Кельн университеті – іскери әкімшілік (1976)

Мичиган Университеті (University of Michigan Ann Arbor) (1996), MBA

Кәсіби тәжірибесі

2021 жылдың маусым айынан бастап – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;

2005–2018 жж. – Deutsche Bank AG, Орталық және Шығыс Еуропа бойынша бас директоры (CEO);

Бұған дейін – Deutsche Bank, Мексика, Колумбия және Геттингенде, сондай-ақ қаржы институттарымен жұмыс істеу, халықаралық банктік, корпоративтік және инвестициялық банк бөлімшелеріндегі басшылық лауазымдар; Deutsche Bank Polska S.A., «Deutsche Bank DBU», «Deutsche Bank DBU» ЖАҚ, Deutsche Bank A.S., «Дойче Банк» ЖШС байқау кеңестерінің төрағасы; Osteuropaverein der Deutschen Wirtschaft e.V. Президенттік кеңесінің мүшесі, Герман-Қазақ іскерлік кеңесінің тең төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшесі.



Хё Джун Ан

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Білімі

Пусан ұлттық университеті, Корея (1988)

Аустралия жоғары менеджмент мектебі – MBA (1999)

Кәсіби тәжірибесі

2022 жылғы 26 қазаннан бастап – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;

2018–2022 жж. – Кореяның Ұлттық зейнетақы қызметі / NPS Korea, қордың атқарушы директоры және инвестициялар жөніндегі директоры / Chief Investment Officer;

2013–2018 жж. – BNK Financial Group, BANK Securities Co., Ltd. және Kyobo AXA Investment Managers Co., Ltd., бас атқарушы директор;

2011–2013 жж. – NPS Investment Management, Domestic Equity және Global Investments бөлімшелерінің басшысы;

1992-2010 жж. – BEA Union Investment Management, Daewoo Securities Co., Ltd., Daiwa Securities Group Inc., ANZ Funds Management, Seoul Securities Co., Ltd., әртүрлі лауазымдар.

Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі 50%-ды құрайды, бұл Жарғыда белгіленген кемінде 30% деңгейіндегі талаптан жоғары. Мұндай құрам Жалғыз акционер өкілдерінің, атқарушы органның және инвестициялар, қаржы нарықтары, активтерді басқару мен корпоративтік басқару салаларында халықаралық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлардың қатысуы арасындағы қажетті теңгерімді қамтамасыз етеді.

Өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Жалғыз акционердің шешімімен 2025 жылғы 28 мамырдан бастап Директорлар кеңесінің 6 мүшеден тұратын бұрынғы құрамы қайта сайланды. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі 2 жыл болып белгіленді. Корпорация мен Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлар арасындағы қатынастар тәуелсіз директордың өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шарттар негізінде реттеледі. Аталған шарттарда Корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы мен өтемақы төлеу қағидаларына сәйкес төлемдердің мөлшері мен шарттары айқындалған.

Директорлар кеңесінің 2025 жылғы қызметі

2025 жылы Директорлар кеңесі өзіне жүктелген міндеттер мен өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында 18 отырыс өткізді. Оның ішінде 4 отырыс бетпе-бет форматта, ал 14 отырыс сырттай дауыс беру арқылы ұйымдастырылды. Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің қарауына барлығы 81 мәселе шығарылды.

2025 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚАТАРЫНДА:

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ

- Негізгі қызметке қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау, оның ішінде жеке нарық қорлары мен хедж-қорларға инвестициялау мәселелері
- Әртүрлі стратегиялар бойынша инвестициялардың ең жоғарғы шекті көлемдерін бекіту
- Корпорацияның даму жоспарын және оның іске асырылуы туралы есепті бекіту
- Жылдық қаржылық есептілікті алдын ала мақұлдау

ІШКІ ҚҰЖАТТАР ЖӘНЕ РЕТТЕУ

- Басқарушыларды іріктеу тәртібін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту
- Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге де ішкі құжаттарды бекіту
- Директорлар кеңесінің келесі жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту
- Комплаенс-бақылаушының келесі жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту

БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

- Ішкі аудит қызметі жүргізген аудиттердің нәтижелерін қарау
- ІАҚ-тың жылдық есебін бекіту
- ІАҚ-тың орта мерзімді және жылдық аудит жоспарларын бекіту

КАДРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ОРГАНДАР

- Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің ТНК (тиімділіктің негізгі көрсеткіштері) бекіту және оның орындалуын қарастыру
- Жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау
- Директорлар кеңесі комитетінің құрамын бекіту
- ІАҚ ішкі аудиторының, комплаенс-бақылаушының және корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімдерін айқындау
- Жыл қорытындысы бойынша сыйақы төлеуге қатысты мәселелерді қарау

Директорлар кеңесі отырыстарына қатысу көрсеткіші

Директорлар кеңесінің мүшесі	2025 жылғы қатысу көрсеткіші
Молдабекова Ә.М.	100%
Тұрсынханов Н.А.	100%
Сударскис Ж.	100%
Тилс П.	100%
Ан Д.	100%
Рысбеков С.Д.	94%*

*Рысбеков С.Д. жыл сайынғы еңбек демалысында болуына байланысты бір сырттай дауыс беруге қатысқан жоқ.

Директорлар кеңесінің есепті жылдағы қызметі стратегиялық, инвестициялық, бақылау, кадрлық және ұйымдастырушылық мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдауға бағытталды. Жалғыз акционер өкілдерінің, атқарушы орган мен тәуелсіз директорлардың кәсіби тәжірибесі мен сараптамасының үйлесуі Корпорацияның ұзақ мерзімді даму басымдықтарын, баламалы инвестицияларды басқару ерекшеліктерін және корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибелерін ескеруге мүмкіндік берді.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау, оларды жан-жақты талдау және тиісті ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылады. Комитеттердің қызметі басқарушылық шешімдерді дайындау сапасын арттыруға, стратегиялық, инвестициялық, кадрлық және бақылау мәселелерін тереңірек пысықтауға, сондай-ақ корпоративтік басқару жүйесіндегі тәуелсіз директорлардың рөлін күшейтуге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Корпорацияның Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережеге сәйкес комитеттердің құрамына Директорлар кеңесінің мүшелерімен қатар Корпорация қызметкерлері және тиісті салада қажетті білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар енгізіледі. Бұл ретте Стратегиялық жоспарлау комитетінің, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің, сондай-ақ Ішкі аудит комитетінің төрағалары тәуелсіз директорлар қатарынан сайланады.

Ішкі аудит комитетіне қойылатын талаптар ерекше сипатқа ие. Оның құрамына тек тәуелсіз директорлар ғана кіреді. Бұл комитеттің объективтілігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мүдделер қақтығысы тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Комитет мүшелері бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау салаларында жеткілікті білім мен практикалық тәжірибеге ие.

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша Корпорацияда Директорлар кеңесінің үш комитеті жұмыс істеді: Стратегиялық жоспарлау комитеті, Ішкі аудит комитеті және Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет. Олардың құрамы Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 9 маусымдағы №215 сырттай шешімімен бекітілді.

2025 жылғы Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы мен жұмысы

Комитет	Есепті жылдың соңындағы құрамы	2025 жылғы жұмысы
Стратегиялық жоспарлау комитеті	Ж. Сударскис – төраға П. Тилс Д. Ан Н.А. Тұрсынханов С.Д. Рысбеков	4 бетпе-бет отырыс өткізілді, 19 мәселе қаралды
Ішкі аудит комитеті	П. Тилс – төраға Ж. Сударскис Д. Ан	6 отырыс өткізілді, оның ішінде 4 бетпе-бет отырыс және 2 сырттай дауыс беру; 10 мәселе қаралды
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет	Д. Ан – төраға Ж. Сударскис П. Тилс Н.А. Тұрсынханов С.Д. Рысбеков	3 бетпе-бет отырыс өткізілді, 4 мәселе қаралды

Комитет отырыстары, әдетте, Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарының алдында өткізіледі. Бұл комитет мүшелеріне қаралатын мәселелерді жан-жақты талқылауға, қабылданатын шешімдердің ықтимал тәуекелдері мен салдарын бағалауға және Директорлар кеңесіне негізделген ұсынымдар беруге мүмкіндік береді.

Стратегиялық жоспарлау комитеті даму мәселелерін, стратегиялық бастамаларды, инвестициялық бағыттарды, даму жоспарларын және инвестициялық қызметтің негізгі параметрлерін алдын ала қарайды. Есепті жылы комитет инвестициялық мандатты дамытуға, инвестициялық жоспарларға және стратегиялық басымдықтарды іске асыру тетіктеріне қатысты мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар ұсынды.

Ішкі аудит комитеті ішкі аудит, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, қаржылық есептілік және сыртқы аудитормен өзара іс-қимыл мәселелерін қарайды. Есепті жылы Комитет Ішкі аудит қызметі жүргізген аудиттердің нәтижелерін, ІАҚ-тың жылдық есебін, орта мерзімді және жылдық аудит жоспарларын, сондай-ақ Корпорацияның бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған өзге де мәселелерді талқылады.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет кадр саясатына, қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы беру жүйесіне, қызмет нәтижелерін бағалауға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын лауазымдар бойынша сабақтастықты жоспарлау мәселелеріне жетекшілік етеді. Есепті жылы Комитет Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің негізгі көрсеткіштерін, олардың орындалу нәтижелерін бағалау және сыйақы төлеу мәселелерін алдын ала қарастырды.

Атқарушы орган – Басқарма

Корпорацияның ағымдағы қызметіне Басқарма басшылық етеді. Басқарма Корпорацияның алқалы атқарушы органы ретінде оның күнделікті қызметін тиімді ұйымдастыруға, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ стратегиялық бастамаларды іске асыруға жауап береді.

Басқарма туралы ережеге сәйкес Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне есеп береді. Өз қызметінде ол Корпорация мен Жалғыз акционердің мүдделерін басшылыққа алып, кәсібилік, адалдық, парасаттылық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын ұстанады. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына, Корпорацияның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес басқа басқару органдарының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарманың сандық құрамын анықтау, оның мүшелерінің өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорация Басқармасының құрамында 4 мүше болды.

БАСҚАРМАНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚҰРАМЫ

БАСҚАРМАНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ



Рысбеков Серікжан Данасұлтанұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Басқарма Төрағасы

Білімі

King's College London, Ұлыбритания – MSc Strategic Entrepreneurship and Innovation (2022)

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті – MBA (2007)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – экономика бакалавры (2005)

Қосымша білімі және біліктілігі

CFA Charterholder

Кәсіби тәжірибесі

2024 жылғы 15 сәуірден бастап – «ҚҰБ ҰИК» АҚ, Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі;

2023–2024 жж. – «АХҚО Әкімшілігі» АҚ, Платформалар бойынша басқарушы директор / Chief Platform Officer;

2022–2023 жж. – «BCC Invest» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары;

2016–2022 жж. – «ҚҰБ ҰИК» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары;

2012–2016 жж. – «ҚҰБ ҰИК» АҚ, басшылық лауазымдар;

2007–2012 жж. – ҚРҰБ Монетарлық операциялар департаменті, Талдау және тәуекелдер басқармасының бас талдаушысы.

Марапаттары

«Теңгеге 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған.



Орман Мұхтар Әуезханұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Білімі

КИМЭП Университеті – іскерлік әкімшілік және бухгалтерлік есеп бакалавры (2011)

Кәсіби тәжірибесі

2022 жылғы қарашадан бастап – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;

2011–2022 жж. – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінде әртүрлі лауазымдарда, соның ішінде басқарма бастығы лауазымында қызмет атқарды.



Омаров Тимур Мұратұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Білімі

КИМЭП Университеті (2004)

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университет – MBA (2006)

Кәсіби тәжірибесі

2024 жылғы 18 шілдеден бастап – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;

2021–2024 жж. – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар департаментінің Талдау және тәуекел-менеджмент басқармасының бастығы;

2016–2021 жж. – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Талдау және есептілік басқармасының бастығы;

2011–2016 жж. – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде басшылық лауазымдарды атқарды;

2006–2011 жж – Қазақстан Республикасының Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінде басшылық лауазымдарды атқарды.

Марапаттары

«Теңгеге 20 жыл» және «Теңгеге 30 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталған.



Құмарбеков Әмір Ағыбайұлы

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Білімі

КИМЭП Университеті – іскерлік әкімшілік жүргізу және бухгалтерлік есеп бакалавры (2013)

Кәсіби тәжірибесі

2019 жылдан бастап – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі;

2016–2019 жж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да әртүрлі лауазымдарда қызмет атқар;

2014–2016 жж. – EY Kazakhstan, аға аудитор;

2013 ж. – Asian Development Bank in Kazakhstan, консультант.

Есепті жылы Басқарма Корпорацияның операциялық қызметін, инвестициялық бағдарламаларын және стратегиялық бастамаларын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізді. Осы мақсатта жыл ішінде Басқарманың 35 отырысы өткізіліп, Корпорация қызметінің негізгі бағыттарына қатысты 103 мәселе қаралды. Жоспарлы және жоспардан тыс отырыстар тұрақты негізде өткізіліп отырды.

2025 ЖЫЛЫ БАСҚАРМА ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

- Бюджетті бекіту
- Бюджеттің орындалуын бақылау

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

- Инвестициялық жобаларды іске асыру
- Операциялық жобаларды іске асыру

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі бақылауды қамтамасыз ету

ҰЙЫМДЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КАДР САЯСАТЫ

- Ұйымдық құрылымды жетілдіру
- Кадр саясатының тиімділігін арттыру

Басқарманың барлық шешімдері Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпорация Жарғысының, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылданды.

Басқарма қызметі ашықтық, жауапкершілік және алқалылық қағидаттарына негізделіп, есепті жылы қойылған міндеттердің орындалуын және Корпорацияның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Сыйақы саясаты

Корпорацияның сыйақы жүйесі білікті мамандарды тартуға, олардың кәсіби әлеуетін сақтауға және ынталандыруға, сондай-ақ басшылықтың стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге деген жауапкершілігін күшейтуге бағытталған. Сыйақы беру жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Корпорацияның ішкі құжаттарына, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес қалыптастырылады.

Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерге қатысты кадр саясаты, ынталандыру жүйесі, қызмет нәтижелерін бағалау және сыйақы төлеу мәселелерін Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет алдын ала қарайды. Ал Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қатысты осындай мәселелер Ішкі аудит комитетінің қарауына жатады. Қарау нәтижелері бойынша комитеттер Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар жолдайды.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібі Корпорацияның тәуелсіз директоры өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шарттарымен реттеледі. Аталған шарттарда Жалғыз акционер бекіткен Корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу қағидаларына сәйкес төлемдердің мөлшері мен шарттары белгіленген.

Корпорацияның қаржылық есептілігінде байланысты тараптармен жасалатын операциялар шеңберінде негізгі басқарушы персонал мүшелеріне төленген сыйақылар туралы жиынтық ақпарат жеке ашып көрсетіледі. Бұл көрсеткіш Корпорация қызметін жоспарлау, басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын тұлғаларға төленген барлық сыйақыларды қамтиды.

2025 жылы персонал шығыстарының құрамына енгізілген атқарушы орган мүшелеріне төленген сыйақының жалпы мөлшері 294,7 млн теңгені құрады, оның ішінде:

Көрсеткіш	2025 жыл, млн теңге	2024 жыл, млн теңге
Еңбекақы және өзге де төлемдер	262,4	239,3
Еңбекақыдан ұсталатын салықтар	32,3	24,5
Персоналды есепке алмағанда, атқарушы орган мүшелеріне төленген сыйақының жалпы мөлшері	294,7	263,8

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы Корпорацияның корпоративтік басқару жүйесіндегі маңызды институттардың бірі болып табылады. Ол Директорлар кеңесінің де, Басқарманың да құрамына кірмейді, Директорлар кеңесі тарапынан тағайындалады және өз қызметі бойынша оған есеп береді. Корпоративтік хатшының мәртебесі, міндеттері, функциялары, өкілеттіктері мен жауапкершілігі Корпоративтік хатшы туралы ережемен айқындалады.

Корпоративтік хатшы корпоративтік басқарудыжетілдіруге, Корпорация органдары арасындағы тиімді өзара жұмысты қамтамасыз етуге, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын дайындауға және өткізуге, Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды әзірлеуге, сондай-ақ заңнама, Жарғы және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес Корпорация туралы ақпаратты ашуға жәрдемдеседі.

Өз құзыреті шегінде Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді, Корпорация органдары мен мүдделі тараптар арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз етіп, Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлерін жинайды. Сонымен қатар Корпоративтік хатшы дауыс беру нәтижелерін қорытындылайды және комитеттердің ұсыныстарын Директорлар кеңесінде қаралатын материалдарға тіркейді. Сонымен қатар корпоративтік басқаруға қатысты шешімдердің, хаттамалардың, дауыс беру бюллетеньдерінің және өзге де құжаттардың сақталуына жауап береді.

Корпоративтік хатшының дербес функциясын құру корпоративтік процестердің сенімділігін арттырып, басқарудың сабақтастығын қамтамасыз етеді. Бұл кеңейіп келе жатқан инвестициялық мандат пен басқарушылық шешімдердің күрделенуі жағдайында Корпорация үшін аса маңызды.

Комплаенс-бақылау

Корпорациядағы комплаенс-бақылау жүйесі ішкі бақылау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және комплаенс-тәуекелдерді басқаруға, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпорацияның ішкі құжаттарының, сондай-ақ халықаралық қаржы нарықтарында қолданылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Комплаенс-бақылаушы тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз қызметі бойынша оған есеп береді. Оның негізгі міндеті – комплаенс-тәуекелдерді уақтылы анықтау, бағалау және басқару. Комплаенс-тәуекел деп Корпорация мен оның қызметкерлерінің заңнама талаптарын, нормативтік құқықтық актілерді, Ұлттық Банк пен Корпорацияның ішкі құжаттарын, сондай-ақ қолданылатын шетелдік заңнаманы сақтамауы салдарынан қаржылық немесе өзге де шығындардың туындау ықтималдығы ретінде айқындалады.

2025 жылы комплаенс-функция Корпорацияның негізгі бизнес-процестерін сүйемелдеуге белсенді қатысты. Атап айтқанда, 30 басқарушы қорға тексеру жүргізіліп, дербес инвестициялау шеңберінде 12 жеке капитал қорына жазылу бойынша комплаенс-сараптама жүзеге асырылды. Қазынашылық контрагенттерімен жұмыс барысында AML және KYC рәсімдерінің сақталуына тұрақты бақылау жүргізілді.

Есепті кезеңде басқарушы қорлардың негізгі командаларына, Корпорацияның сатып алу қызметіне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы заңнама өзгерістеріне мониторинг жасалды. Сонымен қатар инсайдерлер тізімі уақтылы жаңартылып отырды, ал басшылық пен қызметкерлерге салық декларацияларын тапсыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына сәйкес ақпаратты жариялау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Осылайша, 2025 жылы комплаенс-функция бақылау тетігі ретінде ғана емес, инвестициялық қызметті сүйемелдеудің маңызды элементі ретінде де әрекет етіп, құқықтық, санкциялық, беделдік және операциялық тәуекелдерді төмендетуге ықпал етті.

Іскерлік әдеп, мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Корпорацияда қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың тәртіп стандарттарын айқындайтын іскерлік әдеп жүйесі қалыптасқан. Бұл жүйе мүдделер қақтығысының алдын алуға, құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге және контрагенттермен ашық әрі адал өзара қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған.

2025 жылы ішкі нормативтік құжаттарды жаңарту шеңберінде Комплаенс-бақылаушы Іскерлік әдеп кодексінің және Шектеулі қолжетімділіктегі ақпаратты қорғау саясатының жаңа редакцияларын әзірледі. Кейіннен бұл құжаттар Директорлар кеңесімен бекітілді. Іскерлік әдеп кодексі Корпорациядағы іскерлік тәртіп стандарттарын, корпоративтік құндылықтарды, мүдделер қақтығысын басқару тәртібін, инвестициялық шектеулерді, сыртқы тараптармен жұмыс қағидаларын, сондай-ақ Корпорацияның құпия ақпараты мен мүлкін қорғау талаптарын белгілейді.

Корпорацияның іскерлік әдеп саласындағы негізгі ұстанымдары:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- әділдік;
- ашықтық;
- жауапкершілік.

Аталған ұстанымдарды іске асыруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет және мүдделер қақтығысын басқару бағыттарына ерекше назар аударылады. Корпорацияда осы салаларды реттейтін жеке саясаттар қолданылады. Есепті жылдың басында қызметкерлер үшін мүдделер қақтығысын басқару мәселелеріне арналған оқыту семинары өткізілді.


Корпоративтік басқару кодексінде іскерлік әдеп қағидаларын сақтау мен әлеуметтік-еңбек дауларын тиімді реттеу мақсатында Омбудсмен институтын енгізу мүмкіндігі де көзделген. Омбудсмен қызметкерлерге кеңес беріп, еңбек даулары мен жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі, сондай-ақ жүйелі сипаттағы мәселелер бойынша Корпорацияның тиісті органдарына ұсынымдар енгізеді.

Ішкі аудит

Корпорацияда Директорлар кеңесіне есеп беретін және Ішкі аудит комитетінің жетекшілігімен жұмыс істейтін тәуелсіз Ішкі аудит қызметі құрылған. Оның негізгі мақсаты – Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу және басқару жүйелерінің тиімділігін арттыру. Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес Қызмет ішкі аудит әдіснамасын әзірлеп оны жетілдіреді, аудит бағыттарын айқындап, аудиторлық тексерулерді жоспарлап оны іске асырады, олардың нәтижелерін Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесінің қарауына ұсынады, сондай-ақ қабылданған ұсыныстардың орындалуына бақылау жүргізеді.

Ішкі аудит тәуекелге бағдарланған әдіс негізінде және халықаралық кәсіби стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Аудиторлық қызмет орта мерзімді және жылдық жоспарлар шеңберінде жүргізіледі, ал аталған жоспарларды Директорлар кеңесі бекітеді. Есепті жылы 2026–2028 жылдарға арналған тәуекелге бағдарланған аудиторлық тексерулердің орта мерзімді жоспары бекітілді.

2025 жылы Ішкі аудит қызметі жылдық жоспарды толық орындап, 7 аудиторлық тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралды. Сонымен қатар комитет жұмысына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Ішкі аудит департаментінің өкілдері де қатысты. Аудиторлық тексерулер қорытындысы бойынша әзірленген түзету іс-шараларының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізілді. Олардың орындалубарысы жөнінде ақпарат тоқсан сайын Ішкі аудит комитетінің қарауына ұсынылып отырды.



NIC NBK

VII

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Адам ресурстарын басқару 61
Тәуекелдерді басқару жүйесі 63
Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект 66
ESG қағидаттары және тұрақты даму 67

Корпорацияның ұзақ мерзімді орнықтылығы мен инвестициялық қызметінің тиімділігі ішкі процестердің сапасына, кадрлық әлеуеттің деңгейіне, тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігіне, цифрлық инфрақұрылымның даму дәрежесіне және ESG қағидаларының күнделікті қызметке тиімді енгізілуіне тікелей байланысты. Баламалы инвестициялар саласындағы мамандандырылған институт ретінде бұл факторлар Корпорация үшін стратегиялық маңызға ие. Соңғы жылдары инвестициялық мандаттардың кеңеюі, инвестициялық шешімдер қабылдаудағы дербестіктің артуы және жетекші халықаралық басқарушы компаниялармен серіктестіктің тереңдеуі Корпорацияның операциялық моделіне жаңа талаптар қойды. Осыған байланысты Корпорация кәсіби команданы дамытуға, басқару процестерін жетілдіруге және орнықты институционалдық негізді нығайтуға жүйелі түрде инвестиция салып келеді.


Адам ресурстарын басқару

Корпорация қызметінің ауқымы кеңейген сайын адами капиталдың рөлі де арта түсуде. Инвестициялық шешімдер қабылдаудағы дербестіктің ұлғаюы, халықаралық басқарушылармен өзара қарым-қатынастың күшеюі және инвестициялық стратегиялардың күрделене түсуі жоғары білікті әрі уәжделген мамандар командасын қалыптастыруды талап етеді. Осыған байланысты 2025 жылы Корпорация корпоративтік мәдениетті дамытуға, қызметкерлердің кәсіби және жеке даму жоспарларын жүйелеуге, оқыту мен кәсіби тәжірибе бағдарламаларын кеңейтуге, халықаралық серіктестермен кәсіби өзара байланысты нығайтуға, сондай-ақ еңбекақы төлеу мен ынталандыру жүйесін жетілдіруге басымдық берді.


Бүгінде Корпорацияда қызметкерлердің кәсіби әлеуетін ашуға және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ұжымды басқарудың тұтас жүйесі қалыптасқан. Баламалы инвестициялар саласында адами капитал негізгі бәсекелестік артықшылықтардың бірі болғандықтан, кадрлық, инвестициялық және талдамалық әлеуетті нығайту ұйым дамуының маңызды бағыты болып қала береді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның штат саны 51 бірлікті құрады. Персонал құрамында гендерлік теңгерім сақталған: әйелдер үлесі – 45%, ерлер үлесі – 55%. Қызметкерлердің орташа жасы 33 жасты құрады.

Қызметкерлердің гендерлік құрамы



Қызметкерлердің жас құрылымы



2025 жылы кадрлық құрамның тұрақтылығы сақталды. Есепті кезеңде Корпорацияға 7 жаңа қызметкер қабылданды. Олардың үшеуі шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері, ал бір қызметкер Назарбаев Университетін тәмамдаған. Сонымен қатар жыл барысында 4 қызметкер өз бастамасымен жұмыстан шықты. Нәтижесінде кадрлар тұрақсыздығының деңгейі 7,8%-ды құрап, ұжымды басқару жүйесінің тиімділігін және кадрлық құрамның тұрақтылығын растады.

Корпорацияда халықаралық деңгейде мойындалған кәсіби біліктіліктерге ие мамандар шоғыры қалыптасқан. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлердің 35%-ында CFA, FRM, CAIA, CIPM және өзге де халықаралық кәсіби сертификаттары бар. Алдағы кезеңде бұл көрсеткішті 50%-ға дейін жеткізу жоспарлануда.

Қызметкерлердің кәсіби біліктіліктері инвестициялық менеджмент, портфельдік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржылық талдау, аудит және корпоративтік қаржы салаларын қамтиды.

Инвестициялық портфельді басқарудың халықаралық модельдері

Бағыты	Қызметкерлер саны
Инвестициялық және портфельдік біліктіліктер	
CFA (holder)	11
CFA Level II	3
CFA Level I	4
CAIA	3
CIPM	1
Тәуекелдерді басқару	
FRM (holder)	1
FRM Part I	1
Қаржылық есептілік және корпоративтік қаржы	
DipIFR	3
FMVA	1
Ішкі аудит	
CIA Part I	1

Сонымен қатар қызметкерлердің едәуір бөлігі халықаралық кәсіби сертификаттарды алу бағытында оқуын жалғастыруда. Бұл ұжымның үздіксіз кәсіби даму мен білімін жетілдіруге деген жоғары ұмтылысын көрсетеді.

Қызметкерлердің жұмысқа деген ынтасы мен тиімділігін арттыру мақсатында Корпорация материалдық және материалдық емес ынталандыру тетіктерін жүйелі түрде қолданады. Кәсіби даму бағыты бойынша стратегиялық серіктестермен және жетекші басқарушы компаниялармен тәжірибе алмасу үшін шетелдік іссапарлар, оқыту бағдарламалары мен ұзақ мерзімді кәсіби тәжірибе ұйымдастырылады. Сонымен қатар Корпорация қызметкерлердің CFA, FRM, CAIA, CIPM, ACCA, CIA және басқа да халықаралық кәсіби біліктіліктерді растауға арналған сертификаттарды алу шығындарын өтейді.

Корпорация қызметкерлердің қызметтік дамуына да ерекше көңіл бөледі. Ұйым ішінде жаңа құзыреттерді меңгеруге, кәсіби өсуді жалғастыруға және жауапкершілік деңгейін кеңейтуге қолайлы орта қалыптастырылған. Әлеуметтік қолдау жүйесі аясында қызметкерлерді сақтандыру, маңызды өмірлік жағдайларда материалдық көмек

көрсету және балалардың мектепке дейінгі білім алу шығындарын ішінара өтеу сияқты шаралар қарастырылған.

Корпоративтік мәдениетті нығайту және қызметкерлердің белсенділігін арттыру да Корпорацияның тұрақты назарында. Ұйымда корпоративтік іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп, қызметкерлердің зияткерлік және спорттық белсенділіктерге қатысуы ынталандырылады. Қызметкерлердің жетістіктерін насихаттау жүйесі олардың нәтижелерін көпшілік алдында атап өтуді, жыл қорытындысы бойынша алғыс хаттар табыстауды және жоғары нәтижелер мен ерекше бастамалары үшін ынталандыру шараларын қолдануды қамтиды.

Осылайша, Корпорациядағы адами ресурстарды басқару жүйесі ауқымы кеңейіп келе жатқан инвестициялық мандатты тиімді іске асыруға, ішкі сараптаманы тереңдетуге және операциялық тиімділікті арттыруға қабілетті кәсіби, тұрақты әрі уәжделген команда қалыптастыруға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді реттеудің жалпы тәртібін, негізгі мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ оларды басқару қағидаттары мен құралдарын айқындайды. Құжат талаптары Корпорация қызметінің барлық бағыттарына қолданылады және барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесі қызмет нәтижелеріне ықпал етуі мүмкін тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға, бақылауға және басқаруға бағытталған өзара байланысты процестер мен құралдар кешенін қамтиды. Бұл жүйе тәуекелдерді талдауды, оларды төмендету немесе қабылдау жөніндегі шараларды әзірлеуді және қабылданған шешімдердің тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізуді көздейді.

Инвестициялық немесе операциялық тәуекелдер Корпорация қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін жағдайларда тәуекел-менеджмент бөлімшесі олардың себептері мен ықтимал салдарын талдап, тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлейді. Тиісті қорытынды Инвестициялық комитеттің және/немесе Басқарманың қарауына шығарылады. Бұл органдар тәуекелге байланысты шаралар бойынша шешім қабылдап, қажет болған жағдайда, оны төмендетуге немесе салдарын жоюға бағытталған іс-шараларды бекітеді.

Тиісті қорытындылар Инвестициялық комитеттің және/немесе Басқарманың қарастыруына ұсынылады. Олар орын алған тәуекел бойынша шешім қабылдайды және қажет болған жағдайда оның деңгейін төмендету немесе салдарын болдырмау жөніндегі шараларды бекітеді.

Корпорацияның инвестициялық қызметінің ерекшелігін ескересек, оның басқаруындағы инвестициялық портфельдер үшін негізгі тәуекел нарықтық тәуекел болып табылады. Нарықтық тәуекелмен қатар, Корпорация баламалы инвестицияларды басқаратын институционалдық инвестор қызметіне тән басқа да тәуекел түрлерін ескереді. Олардың қатарына өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел, операциялық тәуекел, құқықтық және комплаенс тәуекелі, санкциялық тәуекел, валюталық тәуекел, геосаяси тәуекел, кибертәуекел және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі жатады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Корпорацияда инвестициялық тәуекелдерді басқару лимиттер жүйесіне және бақылау өкілеттіктерін бөлу қағидатына негізделген. Лимиттер жүйесі тәуекелдердің шамадан тыс қабылдануын шектеуге бағытталған және үш деңгейден тұрады.

- Бірінші деңгейдегі лимиттер инвестициялық стратегиялармен айқындалады және Корпорация клиенттерімен бекітіледі. Оларға тәуекелдің рұқсат етілген деңгейі, бір басқарушыға және бір қорға белгіленетін лимиттер жатады.
- Екінші деңгейдегі лимиттерді Директорлар кеңесі бекітеді. Бұл деңгей белсенді тәуекелдің (tracking error), активтердің жекелеген сыныптарына арналған лимиттердің және контрагенттер бойынша кредиттік тәуекелдің шекті деңгейлерін қамтиды.
- Үшінші деңгейдегі лимиттер Корпорацияның ішкі құжаттарымен реттеледі және тәуекел-менеджмент бөлімшесінің ұсыныстары негізінде Инвестициялық комитетпен бекітіледі.

Лимиттер жүйесімен қатар Корпорацияда көпдеңгейлі бақылау тетігі қолданылады. Бірінші деңгейдегі бақылауды құрылымдық бөлімшелердің басшылары жүзеге асырады. Екінші деңгей тәуекел-менеджмент бөлімшесіне жүктелген. Үшінші деңгейде бақылау функцияларын Басқарма мен Инвестициялық комитет орындайды, ал Директорлар кеңесі тәуекелдерді қадағалаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Әрбір деңгейде қабылданған шешімдер төменгі деңгейлер үшін міндетті болып табылады.

Сыртқы қорлар мен стратегиялық серіктестерге инвестициялық дью-дилидженс жүргізу шеңберінде инвестициялық тәуекелдерге, басқарушының тәуекелдерді басқару процесіне, сондай-ақ экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) факторларына қатысты ішкі құжаттарға (болған жағдайда) талдау жүргізіледі. Талдау нәтижелері бойынша қорытындылар Инвестициялық комитетке және/немесе Басқармаға ұсынылады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша алтын-валюта активтерінің баламалы құралдар портфелінің тәуекел көрсеткіші жылдық мәнде соңғы бес жылдық кезеңде 6,43%-ды, ал референстік портфель негізінде бағалау енгізілген 2018 жылғы 1 шілдеден бергі кезеңде 7,86%-ды құрады.

Ұлттық қордың баламалы құралдар портфелі 2023 жылдың соңында қалыптастырылғандықтан, оның тарихи деректер қатары әзірге шектеулі. Сондықтан портфельді басқару тиімділігінің алғашқы бес жылдық бағасы 2028 жылдың қорытындысы бойынша жүргізіледі.

АВА-ның баламалы құралдар портфелін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияға және ҚРҰҚ-ның инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережелеріне сәйкес активтер кластары бойынша орналастыруға арналған лимиттер белгіленген. Аталған лимиттер алтын-валюта активтерінің де, Ұлттық қордың да баламалы құралдар портфельдерін басқару барысында тұрақты түрде сақталады.

Баламалы инвестициялар үшін өтімділік тәуекелі де ерекше маңызға ие. Себебі жеке нарықтарға салынатын инвестициялар ұзақ мерзімділігімен және активтерді жедел өткізудің шектеулі мүмкіндігімен сипатталады. Осы тәуекелді төмендету мақсатында Корпорация портфельдердің теңгерімді құрылымын сақтап, олардың құрамына өтімділігі жоғары құралдарды, соның ішінде хедж-қорлар мен облигацияларды енгізеді.

Портфельдердің орнықтылығын қамтамасыз етудің тағы бір маңызды құралы – географиялық әртараптандыру. Корпорацияның инвестициялық портфелі Солтүстік Америка, Еуропа және Азия-Тынық мұхиты өңірлері арасында теңгерімді бөлінген. Мұндай тәсіл жекелеген өңірлердегі күйзелістердің ықпалын азайтып, геосаяси тәуекелдердің әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.

СТРЕСС-ТЕСТІЛЕУ

2025 жылы Корпорация жеке капитал, жылжымайтын мүлік және жеке қарыз құралдарын қамтитын жеке активтер портфеліне кешенді стресс-тестілеу жүргізді. Талдау Bloomberg платформасының құралдарын пайдалану арқылы Goldman Sachs Asset Management әдіснамасы негізінде жүзеге асырылды. 2026 жылға арналған стресс-тестілеу үш сценарий бойынша жүргізілді:

- Worst сценарийі АҚШ Федералдық резерв жүйесінің базалық мөлшерлемесі 100 базалық тармаққа көтерілген жағдайда S&P 500 индексінің 30%-ға төмендеуін қарастырады;
- Middle сценарийі пайыздық мөлшерлемелер динамикасының өзге траекториясы кезінде нарықтың 20%-ға төмендеуіне негізделген;
- Low сценарийі пайыздық ортаның салыстырмалы түрде қалыпты өзгеруі жағдайында нарықтың 10%-ға төмендеуін көздейді.

Стресс-тестілеу нәтижелері инвестициялық портфельдердің әртүрлі нарықтық жағдайларға төзімділігін бағалауға, ықтимал тәуекелдердің деңгейін анықтауға және тәуекелдерді басқару жөніндегі шешімдердің негізділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Операциялық тәуекелдер іске асқан тәуекелдер мен ықтимал оқиғалар (инциденттер) дерекқорын талдау, олардың бизнес-процестерге тигізуі мүмкін салдарын (залал, айыппұлдар, санкциялар және өзге де шығындар) бағалау, нарықта орын алған сценарийлерді, орталық банктердің халықаралық тәжірибесін, бизнес-процестер иелерінің сараптамалық бағаларын және уәкілетті құрылымдық бөлімшенің тәуелсіз бағалау нәтижелерін талдау негізінде бағаланады.

Тәуекелдердің рұқсат деңгейін сақтау мақсатында Корпорацияда тәуекелдер картасы қолданылады. Ол тәуекелдердің туындау ықтималдығы мен ықтимал салдарының деңгейіне қарай қалыптастырылады және бақылауды қажет ететін негізгі тәуекел аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тәуекелдер картасы ресурстарды басым бағыттарға шоғырландыруға және бақылау рәсімдерінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Бизнес-процестерді талдау және ішкі бақылау жүйесі алдын ала, ағымдағы және кейінгі бақылау кезеңдерін қамтиды. Корпорацияда халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын «үш қорғаныс желісі» қағидаты енгізілген. Бірінші деңгейде бақылауды бизнес-процестерді тікелей жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер жүргізеді. Екінші деңгей тәуекел-менеджмент функциясына жүктелген. Үшінші деңгейде тәуелсіз бағалауды Ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелілігі тұрақты есептілік арқылы қолдау табады. Тәуекелдер жөніндегі ақпарат белгіленген мерзімділікпен Инвестициялық комитеттің, Басқарманың және қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Корпорация қызметінде материалдық шығындарға алып келген елеулі инвестициялық немесе операциялық тәуекелдер тіркелген жоқ. Шығынсыз болған тәуекелдерді жою жөніндегі шаралар бизнес-процестер иелері тарапынан қабылданды.

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ішкі аудит департаменті Корпорация қызметіне аудит жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша Корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесі «жеткілікті түрде тиімді» деп танылды.

Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект

Цифрлық технологияларды дамыту Корпорацияның операциялық трансформациясының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Инвестициялық мандаттың кеңеюі, активтер кластарының көбеюі, сыртқы басқарушылармен іскерлік қарым-қатынастың күрделене түсуі және белсендірек басқару моделіне көшу заманауи цифрлық инфрақұрылымды, деректерді өңдеудің сенімді жүйелерін және инвестициялық циклді автоматтандыруды талап етеді.

Осыған байланысты Корпорация инвестицияларды басқару жүйесін кезең-кезеңімен жақсарту жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұл жұмыс IT-инфрақұрылымды дамыту, цифрлық шешімдерді енгізу, инвестициялық циклды автоматтандыру және киберқауіпсіздік деңгейін арттыру бағыттарын қамтиды. Сонымен қатар бюджеттеу процестерін жетілдіруге, операциялық бақылау сапасын арттыруға және деректерге негізделген басқару мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Цифрлық трансформация шеңберінде Корпорация бизнес-процестерді автоматтандыруға, деректерді басқарудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыруға және институционалдық білім мен тәжірибені жинақтайтын орта құруға мән беруде. Сонымен қатар халықаралық тәжірибе тұрақты түрде зерделеніп, талдау платформалар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану мүмкіндіктері бағалануда. Осы жұмыстармен қатар киберқауіпсіздік жүйелері жетілдіріліп, IT-инфрақұрылым жаңартылып, қызметкерлердің цифрлық құзыреттерін дамытуға арналған шаралар іске асырылуда. Мұның барлығы Корпорацияның ұзақ мерзімді технологиялық дамуына берік негіз қалыптастырады.

Инвестициялық циклды автоматтандыру баламалы инвестициялар үшін ерекше маңызға ие. Жеке капитал, жеке қарыз, жылжымайтын мүлік, инфрақұрылым қорлары және хедж-қорлар бойынша жұмыс үлкен көлемдегі деректерді, құжаттарды, басқарушылардың есептілігін, capital calls және distribution операцияларын, активтерді бағалау нәтижелері мен талдамалық материалдарды өңдеуді талап етеді. Осы процестерді цифрландыру ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттырып қана қоймай, операциялық тәуекелдерді төмендетуге және инвестициялық шешімдердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Корпорация жасанды интеллектіні тек технологиялық жаңалық ретінде емес, инвестициялық талдаудың мүмкіндіктерін кеңейтетін стратегиялық құрал ретінде қарастырады. Оның әлеуеті нарықтық ақпараттың ауқымды массивтерін өңдеуде, басқарушылардың есептілігін талдауда, салалық трендтерді мониторингтеуде, инвестициялық стратегияларды бағалауда, талдамалық материалдар әзірлеуде және ішкі процестердің тиімділігін арттыруда айқын көрінеді.

Соңғы жылдары жасанды интеллектінің инвестициялық индустриядағы маңызы айтарлықтай өсті. 2025 жылы бұл технологиялар цифрлық инфрақұрылымның, деректерді өңдеу орталықтарының, технологиялық платформалардың және болашақ экономиканың негізін құрайтын компаниялардың дамуына ықпал ететін негізгі драйверлердің біріне айналды. Осы үрдісті ескере отырып, Корпорация жасанды интеллектіге байланысты мүмкіндіктерді инвестициялық талдау барысында, бірлескен инвестицияларды дамыту кезінде және перспективалы технологиялық активтерді іріктеу процесінде жүйелі түрде қарастырып келеді.

ESG қағидаттары және тұрақты даму

Корпорация тұрақты дамуды активтер мен корпоративтік басқарудың ұзақ мерзімді тәсілдің бір бөлігі ретінде қарастырады. Корпорация қызметінің ерекшелігін ескере отырып, ESG тәсілінің негізгі бағыты тікелей жұмыста емес, инвестициялық процесте, сыртқы басқарушыларды бағалау кезінде және ықтимал тәуекелдерді бақылауда экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын ескеруге бағытталған.

Корпорация қызметі негізінен кеңселік форматта жүзеге асырылатындықтан, оның қоршаған ортаға тікелей әсері шектеулі сипатқа ие. Есепті кезеңде экологиялық заңнама талаптарының бұзылуы тіркелген жоқ. Есепті кезеңде экологиялық заңнаманы бұзу, әкімшілік ықпал ету шаралары және экологиялық саладағы айыппұл санкциялары анықталған жоқ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ESG ФАКТОРЛАРЫ

Корпорация қорлардың басқарушыларына инвестициялық due diligence жүргізу барысында ESG факторларын жүйелі түрде ескереді. Бағалау шеңберінде басқарушылардың экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару салаларындағы ішкі құжаттары, саясаты мен қалыптасқан тәжірибесі талданады. Атап айтқанда, ESG факторларын ескеретін инвестициялық саясаттардың, жауапты инвестициялау қағидаттарының, ESG тәуекелдерін бағалау рәсімдерінің, тұрақты даму жөніндегі есептіліктің, сондай-ақ активтерді алдын ала ESG скринингінен өткізу және портфельдік компаниялардың ESG көрсеткіштерін бақылау тәжірибесінің болуы қарастырылады.

ESG факторларын бағалау тәртібі басқарушыларды, қорларды және стратегиялық серіктестерді іріктеу процесін реттейтін Корпорацияның ішкі құжаттарында бекітілген. Корпорация ішкі инвестициялық рәсімдеріне сәйкес ядролық, химиялық және биологиялық қаруды, оқ-дәрілер мен темекі өнімдерін өндіруге, таратуға немесе өткізуге тікелей не жанама түрде қатысы бар компанияларға, сондай-ақ көмір, мұнай және газ өндіру саласындағы компанияларға инвестиция жасамайтыннемесе айтарлықтай шектейтін қорларға инвестициялайды.

Сыртқы басқарушылар мен стратегиялық серіктестердің ESG тәсілдерін талдау нәтижелері тәуекелдер жөніндегі қорытындылардың құрамына енгізіліп, Инвестициялық комитеттің және/немесе Басқарманың қарауына ұсынылады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОБАЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Корпорацияда климаттық жобаларға арналған жеке инвестициялық портфель немесе «жасыл» активтерге арналған арнайы инвестициялық бағдарлама қарастырылмаған. Алайда жеке нарықтар портфельдерінің құрамында тұрақты даму жобаларына, оның ішінде декарбонизация бастамаларына бағытталған инвестициялар бар.

САНТЬЯГО ҚАҒИДАТТАРЫНА (SANTIAGO PRINCIPLES) БЕЙІЛДІЛІК

2014 жылы Корпорация Халықаралық суверенді қорлар форумының (International Forum of Sovereign Wealth Funds, IFSWF) мүшесі болды. Форумға мүшелік Корпорацияның мемлекеттік активтерді басқару және тұрақты инвестициялау саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерге бейілділігін айғақтайды. Аталған кәсіби қауымдастық шеңберінде суверенді қорлардың қызметінде ашықтықты, талапқа сай басқаруды, есеп берушілікті және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған Сантьяго қағидаттарына ерекше мән беріледі.

Корпорация үшін бұл қағидаттарды ұстану инвестициялық қызметті кәсібилік, ашықтық, тәуекелдерді тиімді бақылау, фидуциарлық жауапкершілік және Жалғыз акционердің ұзақ мерзімді мүдделерін ескеру негізінде дамыту дегенді білдіреді.

NIC NBK

VIII

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қаржылық нәтижелерді талдау 69
Меншікті капитал және дивидендтер 71

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ-ның 2025 жылғы қаржылық нәтижелері Корпорацияның қаржылық жағдайының тұрақтылығын, активтері мен капиталының жеткілікті деңгейін, сондай-ақ салықтық реттеудегі өзгерістердің таза пайдаға ықпалын көрсетеді.

Қаржылық нәтижелерді талдау кезінде Корпорация қызметінің ерекшелігін ескерген жөн. Сенімгерлік және инвестициялық басқарудағы активтер Корпорацияның меншікті активтері болып табылмайды және оның қаржылық жағдай туралы есебінде көрсетілмейді. Осыған байланысты қаржылық есептілік басқарушы компания ретіндегі Корпорацияның меншікті активтерін, міндеттемелерін, капиталын, кірістері мен шығыстарын ғана қамтиды.

Қаржылық нәтижелерді талдау

2025 жылғы 31 желтоқсанда Корпорацияның жиынтық активтері 42,3 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 0,01%-ға жоғары.

Корпорация активтерінің негізгі бөлігін амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар құрайды. Олардың көлемі 2025 жылдың соңында 36,1 млрд теңге болып, жиынтық активтердің шамамен 85%-ын құрады. Аталған портфель теңгемен деноминацияланған, несиелік рейтингі «BBB-» деңгейінен төмен емес және өтеу мерзімі 2034 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік құнды қағаздарынан тұрады.

Ақша қаражаты және олардың баламалары 5,6 млрд теңгені құрады. Олардың негізгі бөлігі жоғары өтімділігімен, қысқа мерзімділігімен және құн өзгеру тәуекелінің төмен деңгейімен ерекшеленетін кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешекке орналастырылған.

2025 жылы Корпорацияның пайыздық және комиссиялық қызметтен алған кірістері 4,7%-ға өсіп, 3,5 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде пайыздық кіріс 3,2 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш негізінен амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардан түскен кірістердің, сондай-ақ кері РЕПО операциялары, мерзімді депозиттер және қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар бойынша кірістердің есебінен қалыптасты. Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс те 2024 жылғы 282,6 млн теңгеден 305,3 млн теңгеге дейін ұлғайды.

Сонымен қатар операциялық шығындар 5,8%-ға артып, 2,7 млрд теңгені құрады. Шығындар құрылымында бұрынғысынша қызметкерлерге еңбекақы төлеу және соған байланысты салықтар басым үлеске ие болды. Бұдан бөлек, байланыс және ақпараттық қызметтерге, қысқа мерзімді жалдауға, кәсіби қызметтерге, табыс салығынан өзге салықтарға және іссапарларға жұмсалған шығыстар елеулі орын алды.

Кірістер мен шығыстар динамикасының нәтижесінде салық салынғанға дейінгі пайда 1,1%-ға өсіп, 749,6 млн теңгеге жетті. Алайда есепті жылдағы таза пайда 2024 жылғы 759,8 млн теңгеден 406,6 млн теңгеге дейін төмендеді. Бұл өзгеріс, ең алдымен, салық жүктемесінің ұлғаюымен байланысты болды.

2025 жылы табыс салығының тиімді мөлшерлемесі 45,76%-ды құрады, ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 2,50% деңгейінде болған. Мұндай айырмашылық салық салынатын базаның құрылымындағы өзгерістермен түсіндіріледі. Атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынатын табыстың және РЕПО операцияларынан алынған кірістердің пайда болуы салық жүктемесінің артуына әсер етті. Бұған қоса, салық сомасын есептеуге 2025 жылы қолданылған Салық кодексінің өтпелі ережелері де ықпал етті. Нәтижесінде 2025 жылы табыс салығы бойынша шығыс 343,0 млн теңгені құрады. Ал 2024 жылы, керісінше, 18,5 млн теңге көлемінде табыс салығы бойынша үнемдеу танылған болатын.

Салық жүктемесінің айтарлықтай өсуі таза пайда көлеміне тікелей әсер етті. Дегенмен таза пайданың төмендеуі Корпорация қызметі тиімділігінің нашарлағанын білдірмейді. Салық салуға дейінгі пайда оң серпінін сақтап, операциялық қызмет нәтижелерінің тұрақтылығын көрсетті. Осылайша, қорытынды қаржылық нәтижедегі өзгерістердің негізгі себебі қаржы құралдарынан алынатын кірістерге қатысты салықтық реттеудегі өзгерістер болды.

Корпорацияның негізгі қаржылық көрсеткіштері, мың теңге

Көрсеткіш	2025 ж.	2024 ж.
Жиынтық активтер	42 319 127	42 314 719
Жиынтық міндеттемелер	887 182	530 675
Меншікті капитал	41 431 945	41 784 044
Пайыздық және комиссиялық кірістер	3 458 736	3 303 765
Операциялық шығыстар	(2 701 030)	(2 553 010)
Салық салынғанға дейінгі пайда	749 582	741 239
Есепті жылдағы таза пайда	406 596	759 753

Меншікті капитал және дивидендтер

Корпорация капитал көлемін операциялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, стратегиялық міндеттерді іске асыруға және қаржылық орнықтылықты сақтауға жеткілікті деңгейде ұстап тұрады. Капиталды басқару Корпорацияның кірістеріне, пайдасына, міндеттемелеріне, ұзақ мерзімді даму жоспарлары мен қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның меншікті капиталы 41,4 млрд теңгені құрады. Жарғылық капитал толық көлемде төленген және 40,0 млрд теңге деңгейінде сақталды. Шығарылған капитал әрқайсысының номиналды құны 10 000 теңге болатын 4 000 000 жай акциядан тұрады.

2024 жылмен салыстырғанда меншікті капитал 0,8%-ға төмендеді. Бұл есепті жылы оң қаржылық нәтиже сақталғанына қарамастан, Жалғыз акционерге дивидендтердің төленуімен байланысты болды. 2025 жылдың соңында бөлінбеген пайда көлемі 1,4 млрд теңгені құрады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлінуге жататын қаражат көлемі ХҚЕС талаптарына сәйкес дайындалған қаржылық есептілікте көрсетілген бөлінбеген пайда мөлшерімен шектеледі. Сонымен қатар, егер мұндай бөлудің нәтижесінде Корпорацияның меншікті капиталы теріс мәнге ие болса немесе оның төлем қабілеттілігіне не қаржылық орнықтылығына қауіп төнсе, бөлу жүзеге асырылмайды.

2025 жылы Корпорация Жалғыз акционер – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 759,8 млн теңге көлемінде дивиденд жариялап, төледі. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 189,94 теңгені құрады. Салыстыру үшін, 2024 жылы дивидендтік төлемдердің жалпы көлемі 867,4 млн теңге болса, бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 216,85 теңгені құраған.

Дивидендтік төлемдер

Кезең	Дивидендтер сомасы, мың теңге	Бір акцияға, теңге
2024 ж. үшін 2025 ж. төленді	759 750	189,94
2023 ж. үшін 2024 ж. төленді	867 400	216,85

NIC NBK



IX

ҚОСЫМШАЛАР

Есеп туралы 73

Тәуелсіз аудитордың (PwC) аудиторлық қорытындысы 74

ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есептілік және ескертпелер 82

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп 100

Глоссарий 101

Байланыс ақпараты 103

Есеп туралы

Осы жылдық есеп «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ-ның 2025 жылғы қызметінің нәтижелерін қорытындылайды. Құжатта Корпорацияның стратегиялық даму бағыттары, инвестициялық қызметінің негізгі нәтижелері, корпоративтік басқару жүйесі, операциялық тиімділікті арттыру, тұрақты даму және қаржылық нәтижелер жөнінде ақпарат қамтылған.

Есепте келтірілген қаржылық ақпарат 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін аудиттен өткен қаржылық есептілік негізінде дайындалды. Егер басқалай көрсетілмесе, ақшалай көрсеткіштер бастапқы дереккөздерге сәйкес теңгемен, АҚШ долларымен немесе өзге валюталармен берілген.

Есепке сондай-ақ Корпорацияның ішкі материалдары мен халықаралық дереккөздер негізінде әзірленген баламалы инвестициялар нарығына қатысты талдамалық материалдар енгізілді. Мұндай ақпарат Корпорация қызметін жүзеге асыруға ықпал ететін нарықтық ортаны, негізгі үрдістерді және инвестициялық қызметтің сыртқы факторларын сипаттау үшін пайдаланылады.

Есептің жарияланған күні: 2026 жылғы «5» маусым.

Есеп бойынша байланыс ақпараты: office@nicnbk.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ (PWC) АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне:

Біздің пікіріміз

Біздің пікірімізше, көрсетілген қаржылық есептілік «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық маңызды қарым-қатынастардағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Компанияның келесілерді қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп;
- көрсетілген күнде аяқталған жылдық пайда немесе залалдар және басқа жиынтық кіріс туралы есеп;
- көрсетілген күнде аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;
- көрсетілген күнде аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сай жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай осы біздің есептің «Аудитордың қаржылық есептілікнің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты негіз деп санаймыз.

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты Аудит қызметі туралы заңның этикалық талаптарына сәйкес және Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің қоғамдық мүдделі субъектілердің қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есепті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы құруға және қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар, басшылық салғырт әрекеттер және қателіктер салдарынан бос қаржылық есепті дайындауға қажет ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржы есебін дайындау барысында, басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті ақпаратты жария етуге, қаржылық есептілік - жұмысты үздіксіз жалғастыру қабілеті негізіндегі қағидатты қолданумен дайындауға, басшылық Компанияны тарату, оның қызметін тоқтату, қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа балама жоқ кездерден басқасына жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржы есептілігін дайындау үрдісін қадағалауға жауапты болып табылады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік салғырт әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қателіктер салдарынан бой көтеретін небір елеулі бұрмаланулардың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік, сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ХАС-ға сай жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануды анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп орынды түрде күтілсе, маңызды деп есептеледі.

ХАС-ға сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби тұжырымдама қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- салғырт әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және бағалаймыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Салғырт әрекеттер салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың тәуекелі, қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалануларға қарағанда жоғары, себебі салғырт әрекеттер келісім, жалғандық, әдейі қалдырып кету немесе ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерінен тұруы мүмкін;
- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;
- қолданыстағы есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық

- басшылықпен үздіксіздік принципін қолдану заңдылығын қорытындылаймыз, ал жиналған аудиторлық дәлелдер негізінде – айтарлықтай күмәнді оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі пайда болу мүмкіндігін тұжырымдаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз қаржы есептілігінде тиісті ақпаратты ашып, біздің есепте назар аударуымыз керек, немесе осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, біздің пікіріміз өзгертіледі. Біздің нәтижелер аудиторлық есепті шығару күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның үздіксіз жұмыс жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпаратты ашылуын, және қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару жауапкершілігіне жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара қарым-қатынастарды жүзеге асырамыз, яғни басқалармен қатар, жоспарланған аудит мерзімдері мен көлемі туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы ақпараттарды, оның ішінде аудит процессі барысында біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктерін олардың назарына жеткіземіз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

Бекітілді:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Айгүл Ахметова
Аудиторлық қызметтердің серіктесі
Аудитор-орындаушы
(2012 жылғы 27 тамыздағы № 0000083
Аудитордың біліктілік куәлігі)

2026 жылғы 27 ақпан
Алматы, Қазақстан

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" АҚ
Қаржылық жағдай туралы есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	5	5,639,846	5,362,658
Инвестициялық бағалы қағаздар	6	36,064,263	36,363,102
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар		150,734	192,336
Негізгі құралдар		22,398	27,546
Материалдық емес активтер		4,123	6,241
Кейінге қалдырылған салық активтері	13	122,598	125,722
Өзге қаржы активтері	7	158,035	79,600
Өзге активтер	7	157,130	157,514
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		**42,319,127**	**42,314,719**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер	8	442,849	459,482
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	13	340,125	-
Өзге міндеттемелер	8	104,208	71,193
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ		**887,182**	**530,675**
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	9		
Акционерлік капитал		40,000,000	40,000,000
Қосымша төленген капитал		78,195	77,139
Бөлінбеген пайда		1,353,750	1,706,905
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		**41,431,945**	**41,784,044**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		**42,319,127**	**42,314,719**

2026 жылғы 27 ақпанда Компания басшылығының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

С. Д. Рысбеков
Басқарма Төрағасы

Д. К. Смаилов
Бас бухгалтер

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" АҚ

Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2025 жыл	2024 жыл
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс	10	3,153,393	3,021,126
Операциялық шығындар	11	(2,701,030)	(2,553,010)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	12	305,343	282,639
Өзге шығындар		(8,124)	(9,516)
Салық салуға дейінгі пайда		**749,582**	**741,239**
Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу	13	(342,986)	18,515
БІР ЖЫЛДАҒЫ ТАЗА ПАЙДА		**406,596**	**759,753**
Өзге жиынтық кіріс			
Жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс		-	-
Бір жылдағы жалпы таза пайда және жиынтық кіріс		**406,596**	**759,753**

2026 жылғы 27 ақпанда Компания басшылығының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

С. Д. Рысбеков
Басқарма Төрағасы

Д. К. Смаилов
Бас бухгалтер

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2025 жыл	2024 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Алынған пайыздық кірістер		3,379,181	3,101,850
Сенімгерлік басқарудан алынған комиссиялық кірістер		229,371	206,669
Төленген басқа да жалпы шаруашылық және әкімшілік шығындар		(1,097,848)	(936,931)
Қызметкерлерге төленген шығындар		(1,607,577)	(1,547,011)
Операциялық активтердің/міндеттемелердің азаюы/(ұлғаюы)			
Өзге активтер		(10,204)	(21,354)
Өзге міндеттемелер		32,402	37,784
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза шамасы		**925,325**	**841,007**
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	5	(4,242,324)	(19,376,660)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер	5	4,290,250	19,563,190
Қызметкерлер өтеген ұзақ мерзімді қарыздар		66,727	33,892
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(3,040)	(2,289)
Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражатының таза шамасы		**111,613**	**218,133**
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Дивидендтер төлеу	9	(759,750)	(867,400)
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза шамасы		**(759,750)**	**(867,400)**
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза өсуі		**277,188**	**191,740**
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары		5,362,658	5,170,918
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары	5	**5,639,846**	**5,362,658**

2026 жылғы 27 ақпанда Компания басшылығының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

С. Д. Рысбеков
Басқарма Төрағасы

Д. К. Смаилов
Бас бухгалтер

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" АҚ
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2024 жылғы 1 қаңтар		40,000,000	76,084	1,814,551	41,890,635
Бір жылғы пайда және жалпы жиынтық кіріс		-	-	759,754	759,754
Бас компаниядан тегін алынған қызметтер мен мүлік	18	-	1,055	-	1,055
Төленген дивидендтер	9	-	-	(867,400)	(867,400)
2024 жылғы 31 желтоқсан		**40,000,000**	**77,139**	**1,706,905**	**41,784,044**
2025 жылғы 1 қаңтар		40,000,000	77,139	1,706,905	41,784,044
Бір жылғы пайда және жалпы жиынтық кіріс		-	-	406,595	406,595
Бас компаниядан тегін алынған қызметтер мен мүлік	18	-	1,056	-	1,056
Төленген дивидендтер	9	-	-	(759,750)	(759,750)
2025 жылғы 31 желтоқсан		**40,000,000**	**78,195**	**1,353,750**	**41,431,945**

2026 жылғы 27 ақпанда Компания басшылығының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

С. Д. Рысбеков
Басқарма Төрағасы

Д. К. Смаилов
Бас бухгалтер

ХҚЕС БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

1 Есеп беретін кәсіпорын

Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы № 798-1910-06-АҚ куәлігі 2012 жылғы 25 маусымда берілген (2017 жылғы 31 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).

Компанияның негізгі қызмет түрлері – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, Қазақстан Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - «ҚРҰБ») алтын-валюталық активтерін, зейнеткерлік активтерді және өзге активтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сенімді басқару бойынша қызметті жүзеге асыру.

Компания бағалы қағаздар нарығындағы қызметін ҚРҰБ инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысуға 2012 жылы 20 желтоқсанда берген № 4.1.4.110 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. «Бағалы қағаздар нарығы туралы заңына» енгізілген өзгертулерге байланысты Компания 2015 жылдың 15 мамырынан бастап мемлекеттік лицензиясыз жұмыс істейді.

Компания Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 57А мекенжайы бойынша тіркелген.

Компанияның жалғыз акционері - ҚРҰБ (бұдан әрі - «Бас компания») болып табылады. Қаражаттың барлық бөлігі Бас компаниядан тартылған. Осыған қосымша, Компанияның қызметі Бас компанияның талаптарымен тығыз байланысты болады. Байланысты тараптармен операциялар толығырақ 18-ескертпеде көрсетілген.

ҚРҰБ алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сенімгерлік инвестициялық басқару туралы және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің бір бөлігін инвестициялық басқару туралы Компания мен ҚРҰБ арасында 2013 жылғы 29 наурызда және 2023 жылғы 26 желтоқсанда жасалған шарттардың талаптарына сәйкес, баламалы инвестициялар бойынша инвестициялық бағдарламаны іске асыру мақсатында ҚРҰБ мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры екі арнайы мақсаттағы компанияларын сәйкесінше 2015 және 2023 жылдары (бұдан әрі – «Қорлар») құрды. Компания әр Қорда құны 100 АҚШ долларын (тиісінше 19 мың теңге және 46 мың теңге) құрайтын басқарушы акцияларға иелік етеді және Қорлардың активтерін басқаруды жүзеге асырады. Акциялардың құны мәміле жасалған күнгі валюта бағамы бойынша теңгеге қайта есептелген. Қаржылық жағдай туралы есепте бұл инвестициялар өзге активтер құрамында есепке алынады.

Компания Қорлардың активтерін басқарғанына қарамастан, Қорлар кірістілігінің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды, себебі Қорлар жүзеге асыратын инвестициялардан алынатын барлық экономикалық пайдалар тікелей ҚРҰБ мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына тиесілі. 17-ескертпені қараңыз.

Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Ағымдағы саяси жағдайдың ұзақ мерзімді салдарын және оның экономикалық жағдайға ықпалын болжау қиын, сондықтан басшылықтың қазіргі болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

2025 жыл бойы инфляция салыстырмалы түрде тұрақты болып, 2025 жылғы желтоқсанда 12,3%-ды құрады, бұл 2024 жылғы желтоқсандағы 8,6%-бен салыстырғанда өзгерісті көрсетеді. Экономикалық өсім 2025 жылы 6,4%-ға дейін артты, ал 2024 жылы ол 3,8% деңгейінде болған. Осы есептің күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 2025 жылғы 31 желтоқсанда 1 АҚШ доллары үшін 502.57 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 501.75 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда – 1 АҚШ доллары үшін 523.54 теңге).

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарыққа тән сипаттамаларды сақтап отыр. Бұл сипаттамаларға және олармен шектелмей, ел аумағынан тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы, сондай-ақ борыштық және үлестік бағалы қағаздар нарықтарындағы өтімділіктің төмен деңгейі жатады.

Экономикалық орта компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық компанияның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, ал басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ компанияның бақылауынан тыс құқықтық және саяси өзгерістерге байланысты.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік бастапқы құны бойынша есепке алу қағидалары негізінде 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттарына сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясаты туралы елеулі ақпарат тиісті Ескертпелерде берілген.

Бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттары бойынша қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауды қолдануды талап етеді. Сонымен қатар, басшылық компанияның есеп саясатын қолдану кезінде өз пікірлеріне сүйенуі керек. Бағалаудың немесе күрделіліктің неғұрлым жоғары дәрежесін болжайтын бухгалтерлік есеп салалары, сондай-ақ болжамдар мен бағалаулар қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 4-ескертпеде көрсетілген.

Осы қаржылық есептіліктегі 2024 жылғы бірқатар ашылулар презентацияны жақсарту мақсатында 2025 жылғы ашылуларға сәйкес келтірілді.

Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Компанияның функционалдық валютасы қазақстандық теңге болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, компания жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін соған байланысты мән-жайларды жақсы көрсетеді.

Қазақстандық теңге осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер, егер өзгеше көрсетілмесе, мыңға дейін дөңгелектенеді.

Қызметтің үздіксіздігі принципі

Басшылық осы қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде дайындады.

Өтімділік тәртібімен қаржылық жағдай туралы есептің баптарын ұсыну

Компанияда нақты анықталған операциялық цикл жоқ, сондықтан Компания қаржылық жағдай туралы есепте қысқа және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді бөлек ұсынбайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер 14-ескертпеде күтілетін өтеу мерзімдері бойынша ұсынылады.

Төмендегі кестеде есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай өткенге дейін немесе одан кейін өтеуге немесе өтеуге күтілетін сомалар туралы ақпарат берілген.

	2025 жылғы 31 желтоқсан			2024 жылғы 31 желтоқсан		
	Өтелуі/қайтарылуы күтілетін сомалар			Өтелуі/қайтарылуы күтілетін сомалар		
Қазақстандық мың теңгемен	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін	Жиыны	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін	Жиыны
АКТИВТЕР						
Негізгі құралдар	-	22,398	22,398	-	27,546	27,546
Материалдық емес активтер	-	4,123	4,123	-	6,240	6,240
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	122,598	122,598	-	125,722	125,722
Өзге активтер	69,435	87,695	157,130	52,977	104,537	157,514
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер	442,849	-	442,849	459,482	-	459,482
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	340,125	-	340,125	-	-	-
Өзге міндеттемелер	104,208	-	104,208	71,193	-	71,193

3 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу

Келесі жаңа стандарттар мен түзетулер 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді:

- 21 ХҚЕС (IAS) «Айырбастаудың шектеулі мүмкіндігі» түзетулері (2023 жылдың 15 тамызында шығарылды және 2025 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енгізілді)

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын және Компания әлі мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен түсініктемелер жарияланды.

- Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау талаптарына түзетулер - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2024 жылдың 30 мамырында шығарылды және 2026 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- 18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу» (2024 жылдың 9 сәуірі шығарылды және 2027 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- 19 ХҚЕС (IFRS) «Жария емес еншілес компаниялар: ақпаратты ашу» (2024 жылдың 9 мамырында шығарылды 2025 жылдың 21 тамызында өзгертілді және 2027 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- 14 ХҚЕС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоттары» (2014 жылғы 30 қаңтарда шығарылды және 2026 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- 10 ХҚЕС (IFRS)және 28 ХҚЕС (IAS) түзетулері – «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна салу» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және ХҚЕС кеңесі айқындайтын күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- ХҚЕС Бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру (2024 жылғы шілдеде шығарылып және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді).

Егер жоғарыда өзгеше талқыланбаса, жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтілмейді.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары

Сенімгерлік басқару

Компания ҚРҰБ активтерін және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді, атап айтқанда, берілген нұсқауларға сәйкес активтерді басқарады не алынған қаражатты түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Сенімгерлік басқаруға алынған активтер компанияның активтері болып табылмайды және оның қаржылық жағдайы туралы есебінде көрсетілмейді. Бұл бағалау үшін компания келесі факторларды ескерді:

- Қорлар қызметінен жалғыз пайда алушылар ҚРҰБ және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры болып табылады. Компанияның сенімгерлік инвестициялық басқару туралы шарттарда белгіленген сома шегінде ғана сыйақы алуға құқығы бар. Компания сонымен қатар өзгермелі кірістерге байланысты тәуекелдерге ұшырамайды.
- Компания әр Қордағы басқарушы акцияларға иелік етеді, бұл оған Қорлар қабылдаған шешімдерге әсер ету құқығын береді. Алайда, Компания инвестицияларды бақыламайды, тек оған берілген ҚРҰБ активтерін сенімгерлік басқару қызметтері туралы шарт шеңберінде шешім қабылдау құқығын жүзеге асырады. Бас компания ретінде ҚРҰБ компания қабылдаған шешімдерге ықпал етуге құқылы.
- Компания сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру кезінде кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде 10 ХҚЕС (IFRS) "Шоғырландырылған қаржылық есептілік" талаптарына сәйкес Қорлар компания үшін шоғырландыру объектілері болып табылмайды. 17-ескертпені қараңыз.

5 Ақша қаражаты және оның баламалары

Қазақстандық мың теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Ағымдағы шот	-	5
Инвестициялық шот	34,390	20,614
Орналастыру мерзімі 90 күннен кем ЕДБ-дегі мерзімді депозиттер	72,897	38,260
Қазақстан қор биржасында жасалған «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	5,532,559	5,303,779
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиыны	**5,639,846**	**5,362,658**

Ақша қаражаты мен оның баламалары - бұл қолма-қол ақшаның белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құнының шамалы өзгеруіне ұшырайтын баптар. Ұсыну сәтінде үш айдан астам мерзімге пайдалануға қатысты шектеулер бар қаражат қаржы жағдайы туралы есепте де, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте де ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларының құрамынан шығарылады. Ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені: (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек негізгі қарыз бен пайыз есебінен төлемдер болып табылады және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмайды.

Компания кері РЕПО операцияларын ақша қаражаты және олардың баламалары ретінде жіктейді, өйткені: (i) олар өтімділігі жоғары, бұл олардың ақша қаражатына тез айналуына ықпал етеді, (ii) операциялар құнның өзгеру қаупіне ие емес және (iii) операциялар өтелгенге дейінгі бастапқы мерзім үш айдан аз.

2023 жылғы 12 шілдедегі №NDLA970 брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау жөніндегі шартқа сәйкес Компания бағалы қағаздармен операциялар және мәмілелер жасау бойынша брокерлік қызметтер көрсету үшін өзінің активтерін (бағалы қағаздар және ақша қаражатының бір бөлігі) «BCC Invest» АҚ номиналды ұстауына («Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ шотына) және Компанияның тапсырмасы бойынша бағалы қағаздар нарығындағы өзге қаржы құралдарымен қамтамасыз етіледі. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ шотындағы «BCC Invest» АҚ номиналды ұстауындағы ақша қаражатының сомасы 5,566,949 мың теңгені құрайды (2024 жылы: 5,324,393 мың теңге). "Moody's" халықаралық рейтингтік агенттігінің деректеріне сәйкес "BCC Invest" АҚ рейтингі "Ba2"деңгейінде (2024 жыл: “BB-“).

«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек 5,532,559 мың теңгені құрайды және бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны: 5,435,108 мың теңге). Қаржылық есептілік шығарылған күнгі жағдай бойынша «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек толығымен өтелді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ағымдағы шотындағы және мерзімді салымындағы ақша қаражатының сомасы 72,897 мың теңгені құрайды (2024 жылы: 38,265 мың теңге). Bloomberg деректеріне сәйкес «Standard & Poor's» халықаралық рейтингтік агенттігінің шкаласы бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ рейтингі «BBB–» деңгейінде.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларына қатысты күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтер елеусіз болып табылады (2024 жылғы 31 желтоқсан: елеусіз).

2025 жыл ішінде Компания 4,242,324 мың теңге сомасына қысқа мерзімді инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алды (2024 жылы: 19,376,660 мың теңге) және оларды айналым мерзімінің соңында 4,290,250 мың теңге сомасында (2024 жылы: 19,563,190 мың теңге) өтеді.

Барлық ақша қаражаты мен олардың баламалары кредиттік тәуекелдің 1-сатысына жатады.

6 Инвестициялық бағалы қағаздар

Қазақстандық мың теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	36,064,263	36,363,102
Инвестициялық бағалы қағаздардың жиыны	**36,064,263**	**36,363,102**

6 Инвестициялық бағалы қағаздар (жалғасы)

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы сомасы «BBB-» кредиттік рейтингі және 2034 жылы өтеу мерзімі бар теңгемен номиналданған Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарымен ұсынылған.

Кредиттік рейтингтер «Standard&Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына сәйкес немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарымен ұсынылған.

Инвестициялық саясатқа сәйкес Компания осы бағалы қағаздарды бизнес-модель шеңберінде ұстайды, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарға қатысты күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтер елеусіз (2024 жылғы 31 желтоқсан: елеусіз).

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық инвестициялық бағалы қағаздар кредиттік тәуекелдің 1-сатысына жатқызылған.

7 Өзге қаржы активтері және өзге активтері

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	**2024 жылғы 31 желтоқсан**
Өзге қаржы активтері		
Сенімгерлік басқаруға төленетін комиссиялар бойынша дебиторлық қарыз	158,035	79,600
Өзге активтер		
Төлем көзінде ұсталатын салықтар	87,630	104,472
Өзгелері	69,500	53,042
Өзге активтердің жиыны	**315,165**	**237,114**

8 Өзге міндеттемелер және еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	**2024 жылғы 31 желтоқсан**
Жеткізушілерге берешек	4,746	2,475
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	**4,746**	**2,475**
Еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер	442,849	459,482
Өзге қаржылық емес міндеттемелер	99,462	68,718
Өзге қаржылық емес міндеттемелердің жиыны	**542,311**	**528,200**
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**547,057**	**530,675**

9 Акционерлік капитал және резервтер

Шығарылған капитал

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тіркелген, шығарылған және орналастырылған акционерлік капитал 4,000,000 жай акциялардан тұрады. Әр акцияның номиналды құны - 10,000 теңге.

Жай акциялардың иелері жарияланған кезде дивидендтер алуға құқылы, сонымен қатар Компания акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында бір акцияға бір дауыс беруге құқылы.

9 Акционерлік капитал және резервтер (жалғасы)

Қосымша төленген капитал

Қосымша төленген капитал табыс салығын шегергенде Компания акционерінен өтеусіз негізде алынған өзге де қызметтерді ұсынады.

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Компанияның резервтерін бөлу үшін қол жетімді мөлшер бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттарына сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайда мөлшерімен шектеледі. Егер Компанияның меншікті капиталы бөлу нәтижесінде теріс болса немесе мұндай бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе төлем қабілетсіздігіне әкеп соқтырса, бөлу жүрзілмейді.

2025 жылы Компания 759,750 мың теңге, жай акцияға 189.94 теңге (2024 жылы: 867,400 мың теңге, жай акцияға 216.85 теңге) сомасында дивидендтер жариялады және төледі.

10 Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістер:		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2,260,314	2,416,785
Ақша қаражаты және оның баламалары:		
«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	842,103	569,809
Мерзімді депозиттер	17,811	12,200
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	33,165	22,332
Пайыздық кірістердің жиыны	**3,153,393**	**3,021,126**

Барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық кірістер мен шығыстарға шарттың тараптары төлеген және алған және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен төлемдерді, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ барлық басқа сыйлықақыларды немесе жеңілдіктерді қамтиды.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссияларға қаржылық активті қалыптастыруға немесе сатып алуға немесе қаржылық міндеттемені шығаруға байланысты ұйым алған немесе төленген комиссиялар жатады.

11 Операциялық шығындар

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және тиісті салықтар	1,591,557	1,594,070
Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер	451,376	301,778
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығындар	193,305	107,065
Кәсіби қызметтер	143,565	244,653
Табыс салығынан басқа салықтар	118,497	93,226
Іссапар шығындары	106,254	120,250
Қызметкерлерді оқыту	48,672	25,760
Көлік шығындары	15,644	11,863
Тозу және амортизация	10,306	33,232
Сақтандыру	8,661	9,725
Кеңсе керек-жарақтары және өзге де материалдар	3,220	3,434
Басқалары	9,973	7,954
Операциялық шығындардың жиыны	**2,701,030**	**2,553,010**

11 Операциялық шығындар (жалғасы)

Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және тиісті салықтар

Еңбекақыға, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналарға, жыл сайынғы ақылы демалыстарға және сырқаттық ақыларға арналған шығындар Компания қызметкерлерінің тиісті қызметтер көрсетуіне қарай есептеледі. Компанияның белгіленген жарналары бар мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа, зейнетақы немесе осыған ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қалыптасқан іскерлік тәжірибеден туындайтын қандай да бір құқықтық немесе туындайтын міндеттемелері жоқ.

Кәсіби қызметтердің құрамына 38,280 мың теңге (2024 жыл: 35,840 мың теңге) шамасында аудиторлық қызметтер енгізілген. Компанияның аудиторы көрсеткен қосымша аудиторлық емес қызметтер 2025 және 2024 жылдары ұсынылмады.

12 Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс

Қызмет көрсетуден түскен кірістің барлық сомасы тиісінше ҚРҰБ-мен 2013 жылы және 2023 жылы жасалған алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сенімгерлік басқару туралы және ҚР Ұлттық қоры активтерінің бір бөлігін инвестициялық басқару туралы шарттарға сәйкес алынған басқару комиссиясына жатады. 2025 және 2024 жылдары алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша жыл сайынғы комиссия есепті жылдың соңғы жұмыс күнінің соңында қолданыста болған ҚРҰБ-ның ресми бағамы бойынша теңгемен аударылған 8,000 АҚШ долларының тіркелген сомасы ретінде есептелді. 2025 жылы ҚР Ұлттық қоры активтерінің бір бөлігін инвестициялық басқару туралы шарт бойынша басқарудың тоқсан сайынғы комиссиясы портфельдің баламалы құралдар портфелі активтерінің орташа арифметикалық құнының жылдық 0.06% құрады.

Комиссиялық кірістер қызмет көрсету фактісі бойынша біркелкі есептен шығару әдісін пайдалана отырып кезең ішінде көрсетіледі.

13 Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар	(340,126)	-
Кейінге қалдырылған салық салу	(2,860)	18,515
Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу жиыны	**(342,986)**	**18,515**

Ағымдағы салық салық салынатын пайдаға немесе ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі залалдарға қатысты салық органдарына төлеуге немесе салық органдарының өтеуіне күтілетін табыс салығының сомалары негізінде есептеледі. 2025 жылы ағымдағы табыс салығы бойынша мөлшерлеме 10% және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20% құрайды (2024 жыл: 20%).

Кейінге қалдырылған табыс салығы болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалына қатысты міндеттемелерді және активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың қаржылық есептіліктегі баланстық құны арасында туындайтын уақытша айырмашылықтарды есептеудің баланстық әдісімен есептеледі.

2025 жылы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне жаңа салық заңнамасын кезең-кезеңімен енгізуге бағытталған бірқатар өтпелі ережелерді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар күшіне енді. 2026 жылы салық базасын қалыптастыру, шегерімдер мен түзетулерді қолдану тәртібіне, салықтық әкімшілендірудің жекелеген аспектілеріне өзгерістер енгізетін Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілді. Есепті күнге Компания Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінің ережелеріне жан-жақты талдау жүргізіп, оның қаржылық есептілігіне ықтимал әсерін бағалауда.

13 Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу (жалғасы)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтық шығындар сомасын қолданылатын салық мөлшерлемесіне көбейтілген пайда немесе залал сомасымен салыстыру

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Табыс салығына дейінгі пайда	749,582	741,239
Заңнамалық белгіленген мөлшерлеме бойынша теориялық салық аударымдары (2025 жылы: 20%; 2024 жылы: 20%)	(149,916)	(148,248)
Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын табыс	-	171,514
Мемлекеттік бағалы қағаздар және РЕПО операциялары бойынша сыйақыны 2025 жылы 10% баға ұсынысы бойынша түзету (2024 жылы.: 0%)	(188,527)	-
Шегерілмейтін шығындар	(4,543)	(4,751)
Табыс салығы бойынша (шығынның)/үнемдеудің жиыны	**(342,986)**	**18,515**

2025 жылы табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлеме 45,76% (2024 жылы: 2.50%) құрады. Елеулі өсім мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынатын табыстың және РЕПО операцияларынан түсетін табыстың пайда болуын қоса алғанда, салық салынатын база құрылымының өзгеруіне байланысты. Сонымен қатар, 2025 жылға қолданылатын салық кодексінің өтпелі ережелері салықты есептеуді өзгертуде маңызды рөл атқарды, бұл жиынтық мөлшерлемеге айтарлықтай әсер етті.

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері

Бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттары мен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар қаржылық есептілікті жасау мақсатында және табыс салығын есептеу мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеледі. Төменде осы уақытша айырмашылықтар қозғалысының салық әсерлері толықтай көрсетілген. 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдегі уақытша айырмашылықтар шамасының өзгеруі келесідей:

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық**	**Пайда немесе залал құрамында көрсетілген**	**Меншікті капиталдың құрамында көрсетілген**	**2025 жылғы 31 желт-дағы жағдай бойынша қалдық**
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	-	2,008	-	2,008
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	17,417	(5,025)	-	12,392
Өзге міндеттемелер	108,305	157	(264)	108,198
Кейінге қалдырылған таза салық активі	**125,722**	**(2,860)**	**(264)**	**122,598**

2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдегі уақытша айырмашылықтар шамасының өзгеруі келесідей:

Қазақстандық мың теңгемен	**2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық**	**Пайда немесе залал құрамында көрсетілген**	**Меншікті капиталдың құрамында көрсетілген**	**2024 жылғы 31 желт-дағы жағдай бойынша қалдық**
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(877)	877	-	-
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	20,161	(2,744)	-	17,417
Өзге міндеттемелер	88,207	20,382	(284)	108,305
Кейінге қалдырылған таза салық активі	**107,491**	**18,515**	**(284)**	**125,722**

13 Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығын) (жалғасы)

Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес ауыстырылған салық залалдарын пайдалану мерзімі шектелмеген.

Компания басшылығы кейінге қалдырылған салықтық активтердің өтелу ықтималдығын бағалап, шегерілетін уақытша айырмашылықтарды ескере отырып, күтілетін салық салынатын табыстардың болуына байланысты салықтық активтерді тану негізді деген қорытындыға келді.

Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген табыс салығы

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Компания акционерінен өтеусіз алынған қызметтер мен негізгі құралдар	264	284

14 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері

Тәуекелдерді басқару компания қызметінің негізінде жатыр және компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі компанияның өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдері болып табылады.

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекел лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекел деңгейін және оның белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің өзгеруін және пайда болған үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты.

Компания Басқармасы тәуекелдерді мониторингтеу және оны төмендету шараларының енгізілуіне жауапты, сондай-ақ Компанияның қызметті белгіленген тәуекел шегінде жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекел-менеджердің міндетіне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жасау, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтау, бағалау, басқару және олар бойынша есеп жасаудың жалпы қағидалары мен әдістерінің қолданылуына бақылау жасау кіреді. Тәуекелдің сыртқы және де ішкі факторлары Компанияның ұйымдастырушылық құрылымы аясында айқындалып, басқарылады.

Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі - бұл нарық бағасының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағымының өзгеру тәуекелі. Нарық тәуекелі валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ өзге баға тәуекелдерінен тұрады. Нарық тәуекелі нарықтағы жалпы және өзіндік өзгерістердің және нарық бағалары мен валюталардың айырбас бағамының ауытқу деңгейінің өзгеруі әсеріне ұшырайтын пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық жайғасымдар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың мақсаты — қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыра отырып, нарықтық тәуекелге ұшырау деңгейінің қолайлы шектерден аспауын басқару және бақылау болып табылады

Тәуекел менеджменті департаменті нарық тәуекелін басқару үшін жауапкершілік алады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі - нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан қаржылық құралдың әділ құнының немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру тәуекелі. Компания өз қаржылық жағдайы мен ақша ағындарына әсер ететін басым нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің ауытқуларына ұшырайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін арттыруы мүмкін, алайда оны төмендетуі немесе пайыздық мөлшерлемелердің күтпеген өзгеруі жағдайында залалдардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

14 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі сыйақы мөлшерлемелері арасындағы алшақтықты мониторингтеу арқылы бақыланады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

Қазақстандық мың теңгемен	3 айға дейін	3-6 ай	6-12 ай	1 жыл-5 жыл	5 жылдан астам	Пайызсыз	Баланстық құн
2025 жылғы 31 желтоқсан							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,639,846	-	-	-	-	-	5,639,846
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	1,807	1,785	3,540	39,907	103,695	-	150,734
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	34,473,820	-	36,064,263
Өзге қаржылық активтер	-	-	-	-	-	158,035	158,035
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**5,641,653**	**1,592,228**	**3,540**	**39,907**	**34,577,515**	**158,035**	**42,012,878**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	4,746	4,746
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**4,746**	**4,746**
ТАЗА ЖАЙҒАСЫМ	**5,641,653**	**1,592,228**	**3,540**	**39,907**	**34,577,515**	**153,289**	**42,008,132**
2024 жылғы 31 желтоқсан							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,342,039	-	-	-	-	20,619	5,362,658
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	2,110	2,078	4,108	47,480	136,560	-	192,336
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	34,772,659	-	36,363,102
Өзге қаржылық активтер	-	-	-	-	-	79,600	79,600
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**5,344,149**	**1,592,521**	**4,108**	**47,480**	**34,909,219**	**100,219**	**41,997,696**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	2,475	2,475
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**2,475**	**2,475**
ТАЗА ЖАЙҒАСЫМ	**5,344,149**	**1,592,521**	**4,108**	**47,480**	**34,909,219**	**97,744**	**41,995,221**

14 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі

Келесі кесте 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді:

	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %	
Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Ақша қаражаты және оның баламалары:		
Банктердегі қысқа мерзімді депозиттер	15.15	13.17
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	10.24	10.34
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	6.36	6.36

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімталдықты талдау

Пайда немесе залалдың және капиталдың (салықтарды шегергеннен кейін) пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдық талдауы (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау тәуекелі), пайыздық мөлшерлемелердің өсуі немесе төмендеуі бағытында кірістілік қисықтарын 100 базистік пунктке параллель ығыстырудың жеңілдетілген сценарийі негізінде, сондай-ақ 2025 жылғы 31 желтоқсан және 2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайындағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша қайта қаралған позицияларды ескере отырып, төмендегідей ұсынылуы мүмкін:

	МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	
Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Мөлшерлемелердің төмендеуіне қарай 100 базистік пунктке параллель ығыстыру	59,966	59,299
Мөлшерлемелердің өсуіне қарай 100 базистік пунктке параллель ығыстыру	(59,966)	(59,299)

Валюталық тәуекел

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның активтері мен міндеттемелері теңгемен көрсетілді.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл қарыз алушының немесе Компания контрагентінің міндеттемелерді орындамауынан туындайтын қаржылық шығындар қаупі. Компания бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) басқарады.

Компанияның кредиттік тәуекелінің максималды деңгейі қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық активтердің баланстық құнында көрсетіледі. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда мерзімі өткен немесе құнсызданған қаржылық активтер болған жоқ.

Есепті күнгі жағдай бойынша қаржылық активтерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	**2024 жылғы 31 желтоқсан**
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,639,846	5,362,658
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	150,734	192,336
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	36,064,263	36,363,102
Өзге қаржылық активтер	158,035	79,600
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің жиыны	**42,012,878**	**41,997,696**

14 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу

Төмендегі кестелерде көрсетілген ақпаратты ашып көрсету қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер туралы ақпаратты қамтиды, олар:

- Компанияның қаржылық жағдайы туралы есебінде өзара есепке алынады, немесе
- қаржылық жағдай туралы есебінде өзара есепке алынып/алынбайтынына тәуелсіз ұқсас қаржы құралдарына таралатын өзара есеп немесе ұқсас келісімдер туралы заңдық күші бар бас келісімнің нысаны болып табылады.

Ұқсас келісімдерге туынды құралдардың клирингі туралы келісімдері, «РЕПО» мәмілелері үшін ғаламдық бас келісімдері және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы ғаламдық бас келісімдері кіреді.

Компания келесі мәмілелерге қатысты нарықта айналымда болатын ақша қаражаты мен бағалы қағаздар түріндегі қамсыздандыруды алады және қабылдайды:

- «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Бұл қамсыздандыру ретінде алынған/кепілге берілген аталған бағалы қағаздар мәміленің қызмет мерзімі ішінде кепілге берілуі немесе сатылуы мүмкін екенін білдіреді, алайда, олар мәмілені өтеу мерзіміне дейін қайтарылуға тиіс. Мәміле талаптары әрбір контрагентке қамсыздандыруды ұсынуға қабілетсіз болуы нәтижесінде сәйкес мәмілені тоқтату құқығын береді.

Кестеде өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және осыған ұқсас келісімдердің нысанасы болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер көрсетілген, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұқсас операциялар жоқ.

Қазақстандық мың теңгемен	**Танылған қаржылық активтердің толық сомалары**	**Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есептелген танылған қаржылық активтердің толық сомасы**	**Қаржылық жағдай туралы есептегі қаржылық активтердің таза сомасы**	**Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есептелмеген сомалар қаржы құралдары**
Қаржылық актив түрлері				
«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	5,532,559	-	5,532,559	5,532,559
Қаржылық активтер жиыны	**5,532,559**	**-**	**5,532,559**	**5,532,559**

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Компанияның есептесуі ақша қаражатын беру арқылы жүргізілетін қаржы міндеттемелерін орындау бойынша қиындықтарының туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша сәйкес келмеген жағдайда туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері және пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкес келу және/немесе бақыланбайтын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқарудағы негізгі жағдай болып табылады. Өткізілетін операциялардың және олармен байланысты белгісіздіктің әр алуандығы салдарынан активтер мен міндеттемелер мерзімдері бойынша толықтай сәйкестік қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, бұл операцияның кірісін арттыруға мүмкіндік беретін алайда залалдың туындау тәуекелін жоғарылатады.

Компания өтеу мерзімінің туындауына байланысты барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында қажетті өтімділік деңгейін сақтайды. Өтімділікті басқару саясатын Басқарма қарастырады және бекітеді.

14 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдарының өтелу мерзімдері бойынша талдау көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Сұраныс бойынша және 1 айдан аз	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,639,846	-	-	-	-	5,639,846
Инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	34,473,820	36,064,263
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	1,807	1,785	3,540	39,907	103,694	150,734
Өзге қаржылық активтер	-	158,035	-	-	-	158,035
Жиыны	**5,641,653**	**1,750,263**	**3,540**	**39,907**	**34,577,514**	**42,012,878**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	4,746	-	-	-	4,746
Қаржылық міндеттемелер бойынша әлеуетті болашақ төлемдер жиыны	**-**	**4,746**	**-**	**-**	**-**	**4,746**
Қаржы құралдары бойынша өтімділік алшақтығы	**5,641,653**	**1,745,518**	**3,540**	**39,907**	**34,577,515**	**42,008,132**

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдарының өтелу мерзімдері бойынша талдау көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Сұраныс бойынша және 1 айдан аз	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,362,658	-	-	-	-	5,362,658
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	2,110	2,078	4,108	47,480	136,560	192,336
Инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	34,772,659	36,363,102
Өзге қаржылық активтер	-	79,600	-	-	-	79,600
Жиыны	**5,364,768**	**1,672,121**	**4,108**	**47,480**	**34,909,219**	**41,997,696**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	2,475	-	-	-	2,475
Қаржылық міндеттемелер бойынша әлеуетті болашақ төлемдер жиыны	**-**	**2,475**	**-**	**-**	**-**	**2,475**
Қаржы құралдары бойынша өтімділік алшақтығы	**5,364,768**	**1,669,646**	**4,108**	**47,480**	**34,909,219**	**41,995,221**

15 Капиталды басқару

Компанияда капиталды басқару жөнінде ресми саясат жоқ, алайда басшылық Компанияның операциялық және стратегиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ нарық қатысушыларының сенімін сақтауға жеткілікті деңгейде капиталды қолдап отыру үшін тиісті шаралар қабылдайды. Бұл Компанияның ақша қаражатын тиімді басқару, кірістер мен пайданы тұрақты түрде бақылау, сондай-ақ негізінен Компанияның операциялық қызметінен түсетін ақша ағындары есебінен қаржыландырылатын ұзақ мерзімді инвестициялық жоспарларды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі. Осы шараларды жүзеге асыра отырып, Компания пайданың тұрақты өсуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

16 Шартты міндеттемелер

Қазақстандағы шартты салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасындағы салық шарттары өзгеруге және дәйексіз қолдануға және түсіндіруге бейім. Атап айтқанда, жер қойнауын пайдалануға арналған ағымдағы келісімшарттардың 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық тұрақтылығы болмайды және салық міндеттемелері жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен есептеледі, бұл жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық позицияларының, оның ішінде Компанияның позициясының қолайсыз өзгеруіне әкелуі мүмкін. Компания мен қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдар мен ережелерді түсіндіруіндегі сәйкессіздіктер қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкелуі мүмкін.

Қазақстан заңнамасы мен салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында, сондықтан әртүрлі түсіндірулерге және кері күшке ие болуы мүмкін жиі өзгерістерге ұшырайды. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

Компания басшылығы қолданылатын қазақстандық салық заңнамасын, нормативтік талаптар мен сот шешімдерін түсінуіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық көлемде көрсетілген деп есептейді. Алайда, әр түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі басшылықтың пікірінен өзгеше болуы мүмкін екенін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеу шараларын қолданған жағдайда олардың осы қаржылық есептілікке әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

17 Сенімгерлік басқару

Компания Бас компанияның активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді, атап айтқанда, активтерді басқарады немесе алынған қаражатты клиенттің нұсқауларына сәйкес әртүрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Компания осы қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы алады. Сенімгерлік басқаруға алынған активтер Компанияның активтері болып табылмайды және сәйкесінше оның қаржылық жағдайы туралы есебінде көрсетілмейді. Компания көрсетілген инвестицияларды жүзеге асыру кезінде кредиттік тәуекелге ұшырамайды, өйткені ол көрсетілген инвестицияларға кепілдік бермейді. Компания агент ретінде әрекет етеді, өйткені өкілеттіктер мен кірістер арасындағы байланыс элементі жоқ. Осыған сәйкес, 10 ХҚЕС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» талаптарына сәйкес Қор компания үшін шоғырландыру объектісі болып табылмайды.

18 Байланысты тараптармен операциялар

Бақылау қатынастары

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компания толығымен ҚРҰБ-ға тиесілі. Бас компания ашық қол жетімді қаржылық есептілікті ұсынады.

18 Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Негізгі басқару қызметкерлерінің мүшелерімен операциялар

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қызметкерлер шығындарының құрамына кіретін сыйақылардың жалпы мөлшері келесідей ұсынылуы мүмкін:

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Еңбекақы және өзге төлемдер	262,382	239,275
Еңбекақы бойынша салықтар	32,289	24,525
Жиыны	**294,671**	**263,800**

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқару қызметкерлерінің мүшелерімен операциялар бойынша шоттардағы қалдықтар келесідей ұсынылған:

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Қаржылық жағдай туралы есеп		
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	52,358	54,939

Басқа байланысты тараптармен операциялар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттардағы қалдықтар, сондай-ақ басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал төмендегіні құрады:

Қазақстандық мың теңгемен	**Бас компания**	**Бас компанияның басқа еншілес кәсіпорындары**	**Мемлекеттік кәсіпорындар**	**Жиыны**
Қаржылық жағдай туралы есеп				
АКТИВТЕР				
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	36,064,263	36,064,263
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	122,598	122,598
Өзге активтер	158,035	-	87,630	245,665
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	-	-	(340,125)	(340,125)
Өзге міндеттемелер	-	(1,594)	-	(1,594)
Пайда немесе залал				
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс	47,926	-	2,212,387	2,260,313
Операциялық шығындар	(1,319)	(42,254)	(292,729)	(336,302)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	305,343	-	-	305,343
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	-	(342,986)	(342,986)

18 Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттардағы қалдықтар, сондай-ақ басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал төмендегіні құрады:

Қазақстандық мың теңгемен	Бас компания	Бас компанияның басқа еншілес кәсіпорындары	Мемлекеттік кәсіпорындар	Жиыны
Қаржылық жағдай туралы есеп				
АКТИВТЕР				
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	36,363,102	36,363,102
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	125,722	125,722
Өзге активтер	79,600	-	104,472	184,072
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Өзге міндеттемелер				
Пайда немесе залал	-	(48)	-	(48)
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс	186,530	-	2,230,255	2,416,785
Операциялық шығындар	(1,319)	(46,004)	(238,962)	(286,285)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	282,639	-	-	282,639
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	-	18,515	18,515

2025 жылы Бас компания Компанияның ақпараттық жүйелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша 1,056 мың теңгеге қызмет көрсетті (2024 жылы: 1,055 мың теңге). Бұл қызметтер компанияға табыс салығын шегергенде өтеусіз негізде берілді.

18 Қаржылық активтер мен міндеттемелер: әділ құн және есептік жіктелуі

Бухгалтерлік есептің жіктелуі және әділ құны

Әділ құнды бағалау бағалау күні нарық қатысушылары арасындағы қалыпты мәміле жағдайында активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны айқындауға бағытталған. Алайда белгісіздік факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдаулардың субъективтілігін ескере отырып, әділ құн активтер жедел түрде іске асырылатын немесе міндеттемелер дереу өтелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Белсенді нарықта айналымда болатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеуге немесе дилер бағасына негізделеді. Компания Компанияның өзге де барлық қаржылық құралдарының әділ құнын бағалаудың басқа әдістерін қолдану арқылы айқындайды. Алайда белгісіздік факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдаулардың субъективтілігін ескере отырып, әділ құн активтер жедел түрде іске асырылатын немесе міндеттемелер дереу өтелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

19 Қаржылық активтер және міндеттемелер: әділ құн және есептік жіктелуі (жалғасы)

Әділ құнды бағалау иерархиясы

Компания әділ құнды келесі аталған бағаларды қалыптастыруда қолданылатын әділ құнды бағалау иерархиясын пайдалана отырып бағалайды:

- 1-деңгей: Сәйкес қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеу (түзетілмеген);
- 2-деңгей: 1-деңгейге қатысты баға белгілеуден өзгеше, тікелей (яғни, баға белгілеу) немесе салдарлы (яғни, баға белгілеуден туынды деректер) арқылы қолжетімді болатын мәліметтер. Аталмыш санатқа ұқсас құралдары үшін белсенді нарықта нарықтық баға белгілеуді, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтардағы ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеуді немесе басқа да бағалауларды пайдаланып бағаланатын құралдар жатқызылады, олардағы барлық пайдаланылатын мәліметтер тікелей немесе жанама түрде бақыланатын бастапқы мәліметтерге негізделеді.
- 3-деңгей: қолжетімді болып табылмайтын мәліметтер. Аталмыш санатқа бақыланатын бастапқы мәліметтерге негізделмеген ақпаратты пайдаланып бағаланатын құралдар жатқызылады, бұл жағдайда аталмыш бақыланбайтын мәліметтер құралды бағалауға біршама ықпал етеді. Аталмыш санатқа құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін талқыла немесе бақыланбайтын баға белгілеу талап етілетін ұқсас құралдар негізінде бағаланатындар жатады.

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарына талдау келтірілген:

Қазақстандық мың теңгемен	**2-деңгей**	**3-деңгей**	**Әділ құнның жиыны**	**Баланстық құнның жиыны**
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,639,846	-	5,639,846	5,639,846
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	-	150,734	150,734	150,734
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	22,226,904	-	22,226,904	36,064,263
Өзге қаржылық активтер	-	158,035	158,035	158,035

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарына талдау келтірілген:

Қазақстандық мың теңгемен	**2-деңгей**	**3-деңгей**	**Әділ құнның жиыны**	**Баланстық құнның жиыны**
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,362,658	-	5,362,658	5,362,658
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	-	192,336	192,336	192,336
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	26,774,189	-	26,774,189	36,363,102
Өзге қаржылық активтер	-	79,600	79,600	79,600

19 Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті кезең аяқталғаннан кейін маңызды оқиғалар болған жоқ.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің 2025 жылғы 18 шілдедегі №99 шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, корпоративтік хатшы жыл сайын Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды.

Кодекс Қоғамдағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге, басқару процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге, басқару органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік басқарудың жалпыға бірдей танылған стандарттары мен үздік халықаралық тәжірибелерге бейілділігін растауға бағытталған.

Кодекс корпоративтік басқарудың мынадай негізгі қағидаттарына негізделеді:

- өкілеттіктерді айқындап бөлу;
- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Қоғамды Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді басқаруы;
- тұрақты даму;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
- корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі.

Кодекстің 2025 жылы Жалғыз акционермен бекітілгенін ескере отырып, оның жекелеген ережелері есепті кезеңде кезең-кезеңімен енгізілу сатысында болды.

Есепте Қоғам қызметінде Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталу деңгейіне баға беріледі, сондай-ақ есепті кезеңде қолданылмаған немесе енгізілу сатысында болған Кодекс ережелері туралы ақпарат қамтылады.

2025 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есептің толық нұсқасымен Корпорацияның ресми сайтында танысуға болады: **www.nicnbk.kz**.

Глоссарий

Термин/қысқарту	Анықтамасы
«ҚҰБ ҰИК» АҚ / Корпорация	«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» акционерлік қоғамы
БИ / баламалы инвестициялар	Дәстүрлі жария акциялар мен облигациялардан өзге активтерге салынатын инвестициялар. Осы есепте олардың қатарына жеке капитал, хедж-қорлар, жылжымайтын мүлік, инфрақұрылым, жеке қарыз, цифрлық активтер және басқа да баламалы құралдар жатады.
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.
Басқарудағы активтер	Корпорацияға сенімгерлік немесе инвестициялық басқаруға берілген активтер. Бұл активтер Корпорацияның меншікті активтері болып табылмайды және оның меншікті балансында көрсетілмейді.
Бенчмарк	Инвестициялық портфельдің немесе жекелеген стратегияның тиімділігін бағалау үшін пайдаланылатын эталондық көрсеткіш немесе индекс.
Жаһандық басқарушылар	Баламалы активтердің әртүрлі кластары бойынша қорлар мен стратегияларды басқаратын халықаралық инвестициялық басқарушылар.
Сенімгерлік басқару / СБ	Корпорацияның белгіленген инвестициялық мандат пен бекітілген шектеулер шеңберінде сенім білдірушінің мүддесі үшін активтерді басқару тәсілі.
АВА	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтері.
Инвестициялық мандат	Инвестициялық портфельді басқару жүзеге асырылатын мақсаттардың, шектеулердің, активтер кластарының, рұқсат етілген құралдардың және тәуекел параметрлерінің жиынтығы.
Инвестициялық басқарушы	Белгіленген инвестициялық мандатқа, стратегияға және шектеулерге сәйкес инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйым.
Capital calls / капитал жарналары	Қорлардың инвесторларға бұрын қабылданған инвестициялық міндеттемелердің бір бөлігін енгізу туралы талаптары.
Distributions / капиталды қайтару	Қордың инвесторларға жасалатын төлемдері, оның ішінде капиталды қайтару және инвестициялық кіріс бойынша төлемдер.
Криптоактивтер / цифрлық активтер	Бөлінген тізілім технологияларына негізделген цифрлық құралдар, оның ішінде криптовалюталар және олармен байланысты инвестициялық өнімдер.
Ұлттық қор / ҚР ҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
БЖЗҚ	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
Сантьяго қағидаттары	Ашықтықты, есептілікті, тиімді басқаруды, тәуекелдерді бақылауды және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қорларды басқарудың халықаралық қағидаттары.
Core-Satellite стратегиясы	Негізгі портфель тұрақты базалық стратегиялардан қалыптасып, толықтырушы бөлігі мамандандырылған қорларды, қайталама инвестициялар мен бірлескен инвестицияларды қамтитын инвестициялық тәсіл.

Термин/қысқарту	Анықтамасы
Мемлекеттік активтер	Алтын-валюта активтерін, Ұлттық қор активтерін және өзге де ұзақ мерзімді мемлекеттік активтерді қамтитын мемлекеттің және мемлекеттік институттардың активтері.
Хедж-қорлар	Кірістілікті арттыру және портфельді әртараптандыру мақсатында, оның ішінде нарықтық құбылмалылық жағдайында да стратегиялар мен құралдардың кең ауқымын пайдаланатын инвестициялық қорлар.
Жеке қарыз / private debt	Тікелей несиелендіруді, проблемалық қарыздарды және жеке кредиттеудің өзге де стратегияларын қамтитын, жария капитал нарықтарынан тыс ұсынылатын қарыздық қаржыландыру.
Жеке капитал / private equity	Жария емес компанияларға инвестициялар, оның ішінде buyout стратегиялары, growth equity, венчурлік капитал, қайталама мәмілелер және бірлескен инвестициялар.
AUM / Assets under management	Басқарудағы активтер.
CAIA / Chartered Alternative Investment Analyst	Баламалы инвестициялар саласындағы халықаралық кәсіби біліктілік.
CFA / Chartered Financial Analyst	Инвестициялық талдау және активтерді басқару саласындағы халықаралық кәсіби біліктілік.
CIPM / Certificate in Investment Performance Measurement	Инвестициялық тиімділікті бағалау саласындағы халықаралық кәсіби біліктілік.
CIA / Certified Internal Auditor	Ішкі аудит саласындағы халықаралық кәсіби біліктілік.
DipIFR / Diploma in International Financial Reporting	Халықаралық қаржылық есептілік саласындағы халықаралық кәсіби біліктілік.
ESG	Инвестицияларды талдау, басқарушыларды бағалау және тәуекелдерді басқару кезінде ескерілетін экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторлар.
FRM / Financial Risk Manager	Қаржылық тәуекелдерді басқару саласындағы халықаралық кәсіби біліктілік.
IFSWF / International Forum of Sovereign Wealth Funds	Мемлекеттік активтерді басқарудың озық практикаларын ұстанатын суверенді қорлар мен ұйымдарды біріктіретін халықаралық форум.
KYC / Know Your Customer	Контрагенттерді сәйкестендіру және тексеру рәсімі.
AML / Anti-Money Laundering	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шаралары.
REPO / кері РЕПО	Құнды қағаздарды кейіннен кері сату немесе сатып алу міндеттемесімен жүзеге асырылатын мәміле. Мұндай мәмілелер өтімділікті басқару құралдарының бірі ретінде де қолданылады.
SMA / Separately Managed Account	Инвестордың сұранысы бойынша ашылатын, жеке инвестициялық мандатқа негізделген және басқару параметрлерінің икемділігін қамтамасыз ететін жеке басқарылатын шот.

Байланыс ақпараты

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ

Мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, Z05T8F6, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А.

Телефоны:
+7 (7172) 55 71 00

E-mail:
office@nicnbk.kz

Интернет-көзі:
www.nicnbk.kz

NIC NBK

2025
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП